ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. М. УТЕМИСОВА

ХАБАРШЫ

Жылына 4 рет шығады

№2(46) - 2012

ВЕСТНИК

Выходит 4 раза в год

Орал-Уральск

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ

Выпуск 2 (46) шығарылым
Сәуір – мамыр – маусым / Апрель – май - июнь
Тарих, педагогика, филология
История, педагогика, филология

ВЕСТНИК ЗКГУ

Бас редактор – Главный редактор:
ИМАНҒАЛИЕВ А.С.
педагогика ғылымдарының докторы, профессор/
доктор педагогических наук, профессор

Редакция алқасы – Редакционная коллегия:

Рысбеков Т.З.	тарих ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор исторических наук, профессор, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Аманжолова Д.А.	тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мәскеу туризм және сервис мемлекеттік университеті	доктор исторических наук, профессор, Московский государственный университет туризма и сервиса
Мұқтар Ә.Қ.	тарих ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор исторических наук, профессор, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Тасмағамбетов Ә.С.	тарих ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор исторических наук, профессор, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Коган Е.Я.	физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Білім беруді дамыту федералдық институтының Приволжье филиалы;	доктор физико-математических наук, профессор, Приволжский филиал Федерального института развития образования;
Тайманов И.А.	физика-математика ғылымдарының докторы, РФ Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Новосібір мемлекеттік университеті;	доктор физико-математических наук, член-кор. Академии наук РФ, Новосибирский государственный университет;
Мұханбетжанова Ә.М.	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор педагогических наук, профессор, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Сарсенбаева Б.И.	педагогика ғылымдарының докторы, доцент, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор педагогических наук, доцент, ЗКГУ им.М.Утемисова;
Қыдыршаев А.С.	педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ;	доктор педагогических наук, профессор , ЗКГУ им.М.Утемисова;
Мұсаев А.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті;	доктор филологических наук, Актюбинский государственный университет им. К Жубанова;
Сабыр М.Б.	филология ғылымдарының докторы, профессор, БҚГА.	доктор филологических наук, доцент, ЗКГА.

2000 жылдан бастап шығарылады. Жылына 4 рет шығады.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 07.12.1999ж. тіркеліп, №971 – Ж куәлігі берілген.

Жинақ ҚР Қоғамдық келісім және ақпарат, мәдениет министрлігінің келісімімен 09.08.2000ж. қайта тіркеліп, №1432 – Ж куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11389-Ж куәлігі берілген.

Жинақ филология, тарих және педагогика ғылымдары бойынша диссертациясының негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласындағы Бақылау комитеті бекіткен ғылыми басылым Тізіміне енді.

Издается с 2000 года. Выходит 4 раза в год.

Свидетельство о регистрации издания № 971-Ж от 07.12.1999г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о перерегистрации №1432-Ж от 09.08.2000г. выдано Министерством культуры, информации и общественного согласия РК.

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания и (или) информационного агентства №11389-Ж от 26.01.2011г. выдано Комитетом информации и архивов Министерства связи и информации РК.

Журнал включен в Перечень научных изданий Комитета по контролю в сфере образования и науки Республики Казахстан, рекомендованных для публикации основных результатов диссертаций по филологическим, историческим и педагогическим наукам.

ISSN 1680-0761

© М.Өтемісов атындағы БҚМУ, 2012.
ТІРКЕУ НӨМІРІ 1432-Ж

ТАРИХ
ИСТОРИЯ

ӘОЖ 94(574)

Есмағамбетов К. *– т.ғ.д., профессор, Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ.),*
Ахмет А. *– т.ғ.д., доцент*

СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫ МӘСЕЛЕСІ ӘЛІ ДЕ ҚОҒАМ НАЗАРЫНДА

Бізде көптеген оқиғаларға, тіпті адам тағдырына да өз мақсат-мүддеміз емес, өзгелердің көзімен, қоғамдық құбылыстардың барлығын еш реңсіз «ақ» пен «қараға» бөле саралайтын идеология тұрғысынан қараушылық ызғары әлі де сезіледі. Бұл жағдай, әсіресе, екінші дүниежүзілік соғыс барысында тұтқынға түскен жерлестерімізге көзқарастан айқын байқалады.

1941 жылғы шілде айының орта кезінде Қызыл Армия бір миллионнан астам солдаттары мен офицерлерінен айырылды, олардың 724 мыңы тұтқынға түсті. Сол жылдың қараша айына қарай неміс лагерлеріндегі қызыләскерлік тұтқындар саны, 3,6 миллионға жетеді.

Олардың барлығы дерлік қара жұмыстарға, «легиондар» аталған түрлі әскери құрамалар қатарына тартылады. Ешкімнің де тектен–тек өлгісі келмеді. «Шығыс легиондары» құрамының саны шетел әдебиетінде әр түрлі көрсетіледі. Соғыс жылдары «Түркістан Ұлттық Комитетінің» әскери бөлімін басқарған Баймырза Хаит «Түркістан XX ғасырда» деген еңбегінде: «Германия жағында 181402 түркістандық соғысты» десе, неміс тарихшысы Иоахим Гофман «Шығыс легиондары» атты кітабында «неміс формасын киген кеңес түріктері саны 250 мыңдай болды» дейді. 1985 жылы Лондонда жарық көрген «Кеңес ұлттары стратегиялық болашақта» деген жинақта да осы мәлімет шындыққа баланады, бірақ легиондардағы қазақтардың жалпы саны көрсетілмейді.

Бұлар ашаршылық пен аурудан аман қалып, бір күнге болса да өмірін ұзартуға тырысқан, «алға қарай бір реті болар» деп болашаққа үміт артқандар еді.

Неміс лагерьлерінде тұтқындар ашық аспан астында ұсталды, тамақтары үсіген қырыққабат пен қабығы аршылмаған картоптан тұрды. Кеңес өкіметінің тұтқынға түскен өз азаматтарынан біржолата бас тартып, әскери тұтқындардың құқықтарын анықтаған халықаралық Гаага (1889, 1907) және Женева (1929) конвенцияларын мойындамауы олардың жағдайын қиындата түсті. «Свастика мен Қызыл жұлдыз арасында» деген кітап авторы Патрик фон цур Мюлен соғыстың алғашқы қысында түркістандық тұтқындардың үштен екісі, ал Г.Гервардт «Гитлер мен Сталиннің арасында» (1982) деген кітабында олардың 80 пайызға жуығының ашаршылық пен аурудан өлгенін жазады. 1941 жылдың желтоқсан айында Польшаның түркітілдес халықтардың өкілдері шоғырланған Ченстохан концлагерінде 30 мың адамнан 2 мыңы ғана тірі қалады.

Тамұқтан жеткен дауыстар

Неміс лагерьлеріндегі түркістандықтарға жалғыз ғана Мұстафа Шоқай (1890-1941) көмекке келеді. Ол тұтқындарды өз мақсат-мүдделеріне орай пайдалануды көздеген неміс командованиесінің тапсырмасымен қажетті мағлұматтарды (ұлты, мамандығы, білімі, жасы, т.б) жинау үшін Польша жеріндегі концлагерьлерді аралайды. 1941 жылдың тамыз-қараша айларында Просткен, Сувалки, Пагеген, Дебиса, Деба, Ярослау, Лемберг, Эбенорд, т.б. лагерьлерде болып, түркістандық (ортаазиялық) тұтқындардың жағдайымен танысады. Осы кезде кеңес әскери құрылымдары басшыларының өрімдей қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, тәжік жастарын ажал аузына айдап салғанын өз көзімен көріп, естіп біледі. Олардың қандай жағдайда тұтқынға түскені жөнінде М.Шоқайдың Франциянының Шығыс тілдері мен өркениеттері ұлттық институтының кітапханасындағы жеке мұрағаттық қорында сан алуан құжаттар сақталған. Солардың бірі - түркістандық тұтқындардан алған мағлұматтары негізінде жазылған «1941 жылғы Мұстафа Шоқайдың Германиядағы қызметі: әскери тұтқындармен - Түркістан тұрғындарымен байланыстары » деген құжат.

Соғыс жарияланған, кейін жалпы мобилизация бойынша майданға алынған түркістандықтардың оннан тоғызы (яғни 90 пайызы) винтовканы қалай ұстауды да білмейді. Көпшілігі орыс тілін меңгермеген, яғни команда тілінен мақрұм. М.Шоқайдың 1941 жылдың қазан айында Вели Каюмханға жолдаған хатында басқа да сұмдықтар жөнінде жазады. Дебиса лагеріне келген кезде ондағы 40 мың түркістандықтардан ауру мен аштықтан 25 мыңның ғана қалғанын анықтайды. Олардың біразы тұтқынға жол азабынан, тамақтың жетіспеушілігінен арып-ашыған күйде түскен. Кеңес казармаларында, әскери мобилизация бойынша армияға алынып, майданға жіберілгенге дейін, түркістандықтарға тамақ берілмейді. Мұның себебі, түркістандықтар нағыз «қызыл әскер» ретінде есептелмейді.

Ен далада мал бағып өскен ауыл балаларына «направо», «налево» деген сөздерді үйретудің өзі қиынға соғады.

Мобилизация бойынша армияға алынғандар қатарында бастауыш және орта білім оқу орындарының оқушылары жиі ұшырасады. Армияға мектептен балаларды түгел сыныптарымен алып кетеді.

Қазақ, өзбек, қырғыз, т.б. түрік-мұсылман халықтарының өкілдері мылтықпен, оқ-дәрімен жұрттың ең соңында жабдықталды, көп жағдайда оларға аңшы мылтығы да жетпей жатты.

№ 106 Ақмола атты әскер дивизиясының көпшілігі қазақ болған. Соғыс өнеріне үйретілмеген жөні түзу қару-жарақ та берілмеген бұлар Харьков түбіндегі қоршауда түгелге жуық қырғынға ұшырайды. Бұл дивизиядағы 3200 жауынгерге 3100 (неміс танктеріне қарсы!) қылыш беріліпті.

Орыс және басқа да славян халықтарынан шыққан офицерлер құрамында шовинистік пиғылдағы командирлер қазақ, өзбек, қырғыз жауынгерлерін ауыр да қиын операцияларға арнайы аттандырып отырады. Оның өлімге жұмсау екені алдын-ала белгілі еді. Мұнымен тынбай қылмыскерлерден құралған айып батальондары құрамына қазақ жастарының да қосып жіберілгендігі туралы фактілер ұшырасады. Бауыржан Момышұлының мұндай заңсыздықтарға қарсы тұруы осы жағдайларға байланысты еді («Жас қазақ». 2011, 24 маусым).

Майдан даласында жараланған қазақ жігіттеріне көмек көрсетілмеді. Ұрыс даласынан әкелінсе де, емдеу пунктіне қабылданбады, не болмаса басқаларынан кейін, ең соңында қабылданды («Егемен Қазақстан». 2010, 8 мамыр). Мұндай жағдайға назар аударған қазақ командирлері (көпшілігі кіші шендегі)

«ұлтшыл» атанып, аяғы трибунаға да жететін.

Қатты жараланып ұрыс даласында қалған жауынгерлердің тұтқынға түспейтін ешбір мүмкіндігі болмады. Мысалы, Атырау (Гурьев) тұрғыны Ғайпен Бейісов 1941 жылы Украинаның Лоховица деген қаласының солтүстігінде өткен қырғын соғыста жараланып, 15-18 қыркүйекте ес-түссіз ұрыс болған жерде қалған, есін жиғаннан соң сол маңда қашып-пысып жүргенде немістерге тұтқынға түседі.

Мұндай жағдайлардан ар-ожданын бәрінен жоғары қоятын қазақ жауынгерлерінің тұтқынға қалай түскені жөнінде хабар алуға болады. Орыс генералдарының стратегиялық қателіктері, Кеңес Одағының соғысқа дайын еместігі, соғыс алдында елде кең көлемде орын алған саяси қуғын-сүргіндер - бұлардың барлығының 1941-1942 жылдары үлкен апатқа, зор адам шығынына әкелгені бөлек әңгіме.

Мұстафа Шоқай мұрағатындағы құжаттарға қарағанда, қазақтардың 99 пайызы тұтқынға өз еріктерімен емес, мәжбүрлік жағдайда түскен, оларда немістерге өтейін деген ешбір идеологиялық мақсат болмаған. Қазақ тұтқындарының қолдарына түскен бір жапырақ қағазға, газет қиындысына өз қолдарымен араб, латын, орыс қаріптерінде М.Шоқайға жазып берген өтініштеріне құлақ асып көрелік:

- **Бегімұлы Атығай, Әлжаппарұлы Мәжит:** «Не жұмыс болса да қолымыздан келеді, 4 класты жәдидше оқығанбыз. Ең болмаса, тамағымызды асырайтын жерге жіберіңіз».

- **Әміржанов Молдаш** (Семей облысының Шұбартау ауданында 1919 ж. туған): «Байдың баласысың» деп оқуға алынбадым, жасырынып жүріп 8 жыл оқыдым.

Сонымен бірге бұл кісі әкесінің 1928 жылы «бай - кулак» ретінде кәмпескеленіп, сотталғанын, кезінде «Құнанбайұлы Абаймен жолдас болғанын» жазыпты.

- **Әбішұлы Бекбауыл** (Алматы, облысының Жаркент ауданында мұғалім болған.): «Менің сізден сұрайтыным, маған бір жұмыс жағын қарастырыңыз».

- **Бердіұлы Жақсылық:** «Қандай жұмыс болса да, мамандығым шофер 11.IX.41».

- **Ақбалаұлы Қамен.** Сувалки лагері. 13.IX.41: «Мүмкін болғанынша тез жұмысқа орналастырыңыз».

- **Баймағанбетов Қайырден:** «Мен өзім орысша, арабша, латынша жаза, оқи білемін. Ұлтым – қазақ. Орта мектепті бітіріп, мұғалім болып істедім. Жасым 23-те. Қандай жұмыс болса да істеуге дайынмын».

- **Ахметұлы Елеусін** (Орал о б л ы с ы н ы ң Жәнібек ауданынан): «1916 жылы туғанмын. Арабша, латынша және орысша сауаттымын 13.IX.41».

- **Сұлтанұлы, Нұрбайұлы, Аңшыбайұлы:** «Біздер, яғни өзіңіздің бауырлас қазақ балалары, жалынышты сөздерімізді айтып, өтініш етеміз. Осы қазақ арасынан жұмысқа адам алсаңыздар, бізді есіңізге аларсыз. 4-группаданбыз. 14.IX.41».

- **Бекарыстан баласы Әзберген:** «Туысқаным, ағай, Мұсеке! Көке, мені алып кет».

- **Қараев Сәрсенбай.** Сувалки. 15.IX.41: «1916 жылы туғанмын, ұлтым-қазақ. Келес ауданынанмын. Армияға 1939 жылы алынғанмын. Мамандығым - темір ұстасы».

- **Ихсанов Қабден, Төралиев Бияш:** «Комбайншымыз, мал бағамыз, қара жұмыстың қандайы да қолымыздан келеді».

- **Симанов Барат** (1917 ж. Әулиеатада туған): «1940 жылдың қазан айынан 173-атқыштар полкінде әскерде болдым. Бабам Исмаил қажы Түркістан шаһарында тұрады. Өзімінің мекенім: Город Джамбул, ул. Буденого, 2-й тупик, дом 15».

- **Жанабеков Әмірбек (22 жаста): «**Шымкент облысының Сайрам ауданынанмын. Бір қызмет іздестіремін».

- **Есмұрзаев Сейіт** (Қызылордадан): «Іниізге көз қырын салыңыз».

Тамұқтан жеткен осы секілді өтініштер жаныңды тебірентіп, оларға деген бүгінгі ұрпақтың қатігездігіне іштей күйінесің. Қайтадан сол адамдардың мұңзарына құлақ салайық.

1917 жылы Петропавл қаласында туған Қасенов Қажығали өз өтінішінде Кеңес өкіметіне қарсы болғандығы, екі рет сотталғандығы, «Құлымбетов, Есқараевтардың жағында екендігі» туралы жазып, бір қызмет ұсынуды сұрайды.

М.Шоқаймен туыстас болып шыққан **Әбсадықов** есімді азамат: «Мен сіз туралы «Азамат соғысының тарихы» деген кітаптан оқығанмын. Мен Есқараев Сүлеймен мен Жүргенов Темірбектің жақын туысқанымын. Сол себепті, мүмкіндігіңіз болса, менімен жеке сөйлесуіңізді сұраймын. Мен сізді Қызылордада, яғни Сұлутөбеде туып-өскен деп естігенмін. Мен өзім Қармақшыданмын, көп уақыт Қызылордада тұрып, сонда оқыдым... Сіз-ұлы есімдісіз және сізбен кездесуді үлкен бақыт деп есептеймін», - дейді.

Қызылорда облысы, Қазалы ауданының тұрғыны **Ақшаұлы Деменбай** (жасы 25–те): «Әкем бай болған, 29-жылы сотталған. Кәмпеске болып, содан қайда кеткені белгісіз. Өзім - мал маманымын. «Әкең бай болды» деп, 38 жылы 10 ай түрмеде ұстады. Армия қатарына 1940 жылы алындым», - деген мағлұматтар беріпті.

Арабұлы Макеш, «тұлдай жетім», әкесі 1928 жылы «кулак» ретінде сотталған, «туған-туыстары 1930 жылғы көтеріліс кезінде қырылып қалған»

«Соғысқа өз еркіммен аттандым, бірақ енді елге оралғым келмейді, мені өзіңізге бір қызметкер қылып алыңыз», - дегенді айтады.

Алматы облысының тұрғындары **Жақсыбайұлы Мадияр, Тұрғамбайұлы Қалқа, Қожахметұлы Нұрмамбет, Сұлтанқұлы Әбдәлім, Созақбайұлы Зарылхан** (бесеуі де бір ауданнан) 1941 ж. 13 қыркүйекте М.Шоқаймен кездесу кезінде әкелерінің бірінің бай, бірінің болыс болып қуғын-сүргінге ұшырағандығы туралы айтып, «мына қиыншылықтан құтқаруды» сұрайды.

1941 ж. 13 тамызда Сувалки лагерінде жетімдігін айтып, жылап тұрып өтініш білдірген **Әбділдаұлы Айнабай** ешбір әскери дайындықсыз майданға аттандырылған. 1928 жылы әкесі тәркіленіп, айдалып кетеннен бері кісі есігінде өскен. Айнабай «жоқ» деген сөзді жиі қолданады: «Әке-шеше» тәрбиесінде болғаным жоқ. Өкімет тәрбиесінде болған жоқ. Не коммунист, не комсомол тәрбиесінде болғаным жоқ. Не совет школында болғаным жоқ. Армияға биыл соғыс үстінде әкелді. Жасым 21-де. Күнім аға, жақсылығыңызды ұмытпаймын, өзіңізге адам керек болса, қолыңызға алыңыз. Жәрдеміңізді сұраймын».

Семей уезінде 1911 жылы туған Мұғаметжаноғлы Мұғаметмағзұмның «хаты» да араб қарпімен жазылыпты, себебі, жастайынан арабша оқыпты. Кейін «латынша», «орысша» оқып, мал технигі мамандығын алған. «Жат тап» ретінде қуғындалып, 1941 жылы наурыз айында шекара бекіту жұмысына алынғанын, содан тұтқынға түскенін мәлімдейді. Хат мәтініне қарағанда, онда айтылған жағдайлардың шынайлығына сенуге болады. «Менің үлкен әкем - Құдайберген қажы. Оның баласы Мұхамеджан бай болған, 1927 жылы өкімет кәмпескелеп, әкемнің 250 қойын, 175 жылқысын, 83 сиыр, 34 түйесін алып кетті, өзін он

жылға түрмеге кесті. Бірақ қолға түспей, Аягөз деген жерде қашып жүріп өлді».

Қойын дәптердің парағына араб қарпімен жазылған мына бір құжат аумалы–төкпелі заманда ғұмыр кешен, бірақ қиындықтарға қарамастан алға ұмтылған қайсар қазақ жастарының өмірінен белгі береді.

Өлім алдында тұрса да рухын жоғалтпаған бұл жасты да тыңдап көрелік: «Сәлем бердік. Нашарға жағдай туғызу мақсатында алыс жерден келген туысқан мұсылман баласы. Сізге жүрегімнің терең түкпірінен шыққан махабатқа толы сырымды ұсынып, төмендегі жағдайымды еске алуыңызды өтінемін.

Мен Гурьев (Үйшік) облысынанмын, Қаңбақтыны жайлаушы Қосымбай болыстың туған немересі Жалғасұлы Сембай боламын. Орта білімім бар. Мамандығым оқытушы, Гурьевтегі оқытушылар курсын бітірдім (мұғалім болар. - *авторлар*). Бірақ жасымнан газет-журнал жұмысына араласудамын. Бұл іс-өмірлік алға қойған мақсатым. Мұның бұлағы (тіл бұлбұлы) - ақын-жазушылық жұмысы. 30-жылдан жазушылық талаппен қазақтың көркем әдебиетімен таныстым, 31-жылдан өз бетіммен қолыма қалам алып, түрлі жағдайға арнап өлең, әңгіме жаза бастадым. Бірақ Қосымбай болыстың («бөрінің») тұқымы деп... менің шығармаларым керексіз пұлға айналып отырады.

Мектеп бітіргеннен кейін облыстық газетке жұмысқа кіріп, қазақтың көне фольклорын жинау жөніндегі комиссияға іліндім. Сонымен «Алаш заманындағы ақын-жазушылардың сойылын соғушы» деп облыстық газет алқасынан шығарды. Көп адамдармен бірге мені де қуды.

Сіздің есіміңіз біздің елде өшпес орын алды. Францияда дегенді естіп, елде жүргенде армандаушы едім. Сол тілегім орындалып, сізбен бүгін жолыққалы отырмын.

Мен бір түпсіз тұңғиыққа батқан қара тастай қайғылы ауыр халде тұрмын. Болашақ жас талантты өлім халінен алып қалуыңызды сұрймын. Сізді «дұрыс жазушы адам» деп ұғындырушы еді Қызылорда қазақтары. «Жазушы - адам жанының инженері» деуші еді ғой.

4 – жұмысшы тобы, 2 – барақ.

Жалғасұлы Сембай. 19.X.41».

(L'Archives de Moustapa Chokay Bey // INALKO (Paris) Bigliotheque. Carton 2. Dossier 1)

М.Шоқайдың жеке мұрағаттық қорындағы соғыс тұтқындарының «өтініш» қағаздары мұнымен шектелмейді. Олардың бәрін бірдей бұл жерде тізе беру мүмкін де емес, қажеті де бола қоймас. Бірақ олардың бәріне тән бір нәрсе бар: түркістандық тұтқындардың бірде бірі «мені Қызыл Армияға қарсы майданға жіберіңізші» деп сұранбаған, бәрі де бейбіт өмірге оралуды, жұмысқа орналасуды ойлаған.

Дегенмен, тұтқындардың барлығы да бір сарында сөйледі, «Кеңес өкіметімен шексіз сүйді» деп жазсақ, шындыққа қиянат болар еді.М.Шоқайға тапсырған өтініштерінде олардың өмірінде де әсер еткен күшпен ұжымдастыру, саяси қуғын-сүргін, әкелерін, не ағайын-туыстарын тәркілеу, т.б. сойқанды оқиғаларға байланысты іштерінде жатқан реніш табы сезіледі. Симанов Барат «халық колхозға қалай разы болсын» деп ашығын айтады. Байбосынов Көптілеу, қаражаты жетіспегендіктен, университетті тастап кеткен. Әбуев Хасен соғыстың қарсаңында «түрмеге отырғызуға сот үкімі шығып» қашып шыққан, оның әкесі де «халық жауы» ретінде сотталған. Тіпті, Кеңес өкіметінен онша жақсылық көре қоймаған бұлардың өздері де қару ұстап оған қарсы шығайын деген ниет білдірмейді. Оларды алдарына қандай да бір саяси, идеологиялық мақсат қойып немістер жағына шықты деп кінәлау - алды-артына қарамайтын шолақ

белсенділер мен «урапатриоттардың» ісі. Ең қатты кеткен, «өкпесі-қара қазандай» дегендердің өздерінің мақсаты отбасы, ошақ қасынан аса қоймайды. Жаңағы М.Мұхаметжаноғлының «арманы» мынау: «Ендігі менің уайымым: 1) колхоз ажыраса, малының қалдығын алатын кісім жоқ; 2) ел ішінде 4-5 коммунист - белсенді адам бар еді, солардың басына міне алмадым; 3) 63 жаста кәрі шешем, 14 жаста қарындасым ешбір көмексіз қалды. 1915 жылғы туған інім бар еді. Оны да фронтқа әкетті деп естідім. Осы жағдайлар маған өте ауыр тиіп тұр».

М.Шоқайдың өзі де түркістандық тұтқындардан әскер жасақтап, оларды немістер жағында майданға аттандыру жөнінде ауызға алмаған. Сувалки лагеріндегі түркістандық соғыс тұтқындары алдында жүрегі қан жылап тұрып сөйлеген сөзінде: «Менің ең басты мақсатым сіздерді біздің болашақ Отанымыз-Түркістанды құруға қажетті мамандық алу үшін түрлі арнайы жұмыстарға орналастыру болып табылады», - дейді.

Кейін түркістандық тұтқындардың біразы немістер ұсынған жұмысқа орналасты, 1942 жылы тамыз айында құрылған «Түркістан легионы» атты құрамаға кірді...

Иә, осылайша өмір мен өлім арасындағы тайталас жүріп жатты. Ешкімнің де тектен тек жарық дүниемен қоштасқысы келмеді. Жалаң қолмен неміске қарсы тұрмадың деп айыптау кеңес идеологиясына оңай ғой.

Астыртын ұйым ақиқаты

Соғыс бітіп, тұтқында болған қазақ жігіттері елге асықты. Бірақ бәрі бірдей туған жеріне орала алмады, себебі, олар Сталиннің тұтқындарды жау санатында қарау жөніндегі әмірінен құлағдар болатын, елге аяғы жеткендерін соттап жатқанын да естігендер болды. Әсіресе, «Түркістан легионы» құрамасында, «Түркістан Ұлттық Комитеті», «Түркістан Ұлттық Кеңесі» деген ұйымдарда мүше болғандарға аяушылық танытылмады. Ақын Мәжит Айтбаев 1945 жылы одақтастардың Дрезденді бомбалауы кезінде қаза тапты. Қалған ақын-жазушы жігіттер: Хамза Абдуллин («Сайран»), Мәулікеш Қайбалдин («Асан Қайғы»), Хакім Тыныбеков («Ғали Алтай») және т.б. (барлығы он тоғыз қазақ) РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-бабымен түрлі мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Олардың Қызыл Армияға қарсы ұрысқа қатыспағандығы, «Түркістан легионына» да өз еріктерімен кірмегені ескерілмеді.

Осы жолдардың авторларының бірі 1978 жылдың қыркүйек айында Измирде (Түркия) аталмыш легионның мүшесі болған Атабек (толық аты-жөнін ұмытынқырап қалыппын, Атыраудың Доссоры жағынан болса керек - К.Е.). деген кісінің үйінде қонақта болғаны бар. Әңгіме барысында: «22 жасында өліп кету оңай ма?! Тұтқындарды қатарластырып тұрғызып қойып, бас тартқандары көзімізше атып тастап жатты немістер», - дегені бар. Құдайы шындығы!

Соғыс тұтқындары тағдырын шешерде олардың қал-қадірінше елі мен жеріне сатқындық әрекеттерге бармауға тырысқанына, тіпті, антифашистік ұйымдарға қатысқандарына да көңіл аударылмады.

«Түркістан Ұлттық Комитетіне» мүше болған қазақ жігіттерінің немістердің «өз халқының ұлтшылдық сезімін өрістету» жөніндегі тапсырмасын да қазақ тарихы мен мәдениетін насихаттауға пайдаланғаны «құр ертегі» ретінде қабылданды. Мәжит Айтбаев Абылай туралы дастан жазды, Абай өлеңдерінің құрылысы мен көркемдік ерекшеліктері жөнінде зерттеу жүргізді; Х.Абдуллин туған жерге сағынышын жырға қосты, тозақта жүріп, грузиннің атақты «Жолбарыс тонды жиһанкез» жыр дастанын қазақшаға аударды;

Х.Тыныбеков қазақ тілінің тағдырына алаңдаушылық білдіріп баяндама жасады.

1944 жылдың 10 мамыр күні Австрия астанасы Вена опера және балет театрында Қази Қазыбековтің «Ұлы адамның арманы» атты Сырым Датұлының азаттық күресіне арналған екі актілі спектаклі қойылады. Сырым рөлінде әнші Мұқамбетқали Батыргереев ойнайды. Сахнаға Мәжит Жақсылықов қояды да, музыкасын Вена консерваториясында оқып жүрген Ғалым Абсалямов пен «Түркістан легионы» көркемөнер үйірмесінің жетекшісі болып жүрген Әйткеш Толғанбаев жазады.

«Түркістан легионында» фототілші болған Ғайпен Бейісовтің есінде бір эпизод ерекше сақталыпты: «Екі көзі бірдей жоқ қарияны бір жас қыз жетектеп келеді. Қарт тұрып:

Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Сәулесіз меңіреу қара түн.
Қара түнді қақ жарып,
Қазақтан шығар енді кім...».

Ғ.Бейісов «Тамұқтан өткен тағдыр» (Алматы, 2002) деген кітабында Қази Қазыбеков Харьков Әскери академиясын бітірген деп көрсетеді.

Ғайпеннің өзі «Бұлұл үні» деген кітап жазады, ол орыс («Голос соловья»), неміс («Динахтигаль») тілдеріне аударылды. Осы кітабына енген «Ананың қамқорлығын ұмытпа» деген әңгімесінде: «Сен жігіт болып өстің, қан майданда жауыңмен алыстың, енді анаңның сүтін ақта! Анаң үшін, Отаның үшін, халқың үшін қызмет ет! Жауыңа қайырымсыз бол! Сенің амандығыңды анаң тілеуде, оның көзінен көл болып, теңіз суындай жастар ағуда. Кеше қан майданда, жауып тұрған қорғасын жаңбырдан аман қалдың, мүмкін анаңның тілегі үшін аман қалған шығарсың. Сен оны ұмытпауға тиістісің!», - деген жолдар бар.

Ғ.Бейісовке арқа сүйейін деп отырған себебіміз, осы кісінің айтуынша, «Түркістан Ұлттық Комитетінің» ішінде құпия ұйым жұмыс істеген көрінеді.

Автордың есте сақтау қабілетінің ғажаптылығына, оқиғалар мен фактілерді баяндау тазалығына күмән келтіруге болмайды.

Ғ.Бейісов Берлинде «Түркістан Ұлттық Комитетінде істеп жүрген ақын-журналистер: Мәжит Айтбаев, Хамза Абдуллин, Хакім Тыныбеков, Үсен Қошалақов, Саттар Алмамбетов, Мәулікеш Қайбалдин, т.б. қазақ жігіттерімен танысады. Мұнан бұрын 1941 жылдың желтоқсан айында лагерьде ол М.Шоқаймен кездескен еді. Бұл адамдардың біразы - кезінде М.Шоқай тізімін алып, жұмысқа ұсынғандар.

«Түркістан легионының» насихат бөлімінде қызмет істеп жүрген қазақ жастарына Мәжит Айтбаев пен Х.Абдуллин ақыл-кеңес беріп, олардың болашақта қандай да бір пәлеге ұшырып қалмауын ескертіп отырады. Мына бір жағдай алыста жүріп, өз тағдыры үшін ғана пұшаймандыққа бой ұрмай, басқаларға да бауырмалдық көрсетудің көрінісі деуге болады. Ол - мына әңгіме. М.Шоқай Берлин ауруханасында қайтыс болғаннан кейін сондағы қазақтардың арасында «билікке таласып, оны у беріп өлтірген Вели Каюмхан секілді» деген әңгіме тарап кетеді. Осының ақиқатын білуге келген Ғ.Бейісовке Мәжит Айтбаев былай деп ақыл береді. «Бұл әңгіменің шеті де, шегі де жоқ. Фото түгіл, жазылған жері де жоқ. Бұл әңгіме тек өз қара басыңның қадірін кетіреді. Ешкімді кінәлай, жазғыра алмайсың. Бұл әңгіменің келешек ұрпаққа бір жаман жері бар. Ол жанбай да, қоймай да бықсып иістене беруі мүмкін...Бұл әңгіме, өсек болғанымен, тату отырған қандас екі тума халықтың арасына от салатын әңгіме екенін кез келген түсіне бермейді ... Бұл - қан деген, кек деген қауіпті нәрселер. Осыдан сақтануға тиіпсіз».

Ғайпеннің немістердің қолына түскен бір өлеңі жөнінде де М.Айтбаев оған қатаң ескерту жасайды. «Сен бұл жазғаныңда немістердің тұтқындарға жасаған айуандығын тамаша суреттегенсің. Мұны оқыған немістер... маңдайыңнан сипай қоймас... Шындықты жазған екенсін, 1941 жылғы Сталиннің «менде тұтқын жоқ, тұтқынға түскен» «халық жаулары» дегенін неге жазбайсың?», - деп ұрысып береді. Сонымен бірге «Кеңес - туған жеріміз. Ата-баба зау-затымыз жатқан жер...Қазір онда сенің жаныңа ет жақын санаған адамдардың тұрып жатыр», - дейді.

Сондықтан да болар, М.Айтбаев Ғайпенге: «Сен ең керекті, қолға түсе бермейтін кісінің бірісің. Сен легиондарды аралап, лекция оқып жүресің. Арасында керекті әңгімелерді байқатпай қосып жіберуіңе мүмкіндігің бар, сонымен қымбаттысың», - деп, Отанға, туған елі мен жеріне деген сүйіспеншілікті бүркемелеп айтып жүрудің керектігін құлағына құяды. Дегенмен, алғашқы кезде Түркістан комитетіндегілердің жасырын ұйымы бар екендігі туралы М.Айтбаев оған сыр ашпайды. «Кейін білсем, ұйым 1942 жылы құрылған екен. Берлинде тұрған үйдің екінші қабатында «Түркістан комитеті», үшінші қабатында «Еділ-Орал татарлары» комитеті орналасқан. Еділ-Орал комитетінде жасырын ұйымды Мұса Жалил басқарған да, ал Түркістан комитетіндегі жасырын ұйымды Мәжит Айтбаев басқарады. Мұса Жалил әшкереленгенде, Түркістан комитетін, оның бастығы Мәжит Айтбаевты айтпай кетеді», - деп жазады Ғ.Бейісов.

Ондай ұйымның болғандығын неміс құжаттары негізінде ізденіс жүргізген И. Гилязов та растайды. Ол «Идеаль-Урал» легионы» (Қазан, 2005) деген кітабында: «Германиядағы ұлттық қозғалысты іштей бұлдіру, шығыс халықтарының ұлттық әскери құрамаларына іріткі салу арқылы ұлттық комитеттердің антифашистік идеяларды басшылыққа алған бір бөлігі гитлерлік режиммен астыртын күрес жолына түсті» (285-бет) деп көрсетеді.

Тағдырдың ащы дәмін бірге бөліскен туысқан екі халықтың ұлттық комитеттерінің мүшелері бір-бірімен араласып-құраласып тұрған. Олардың астыртын ұйымдары арасында байланыс орнауына тағы бір себеп болған секілді. Мұса Жалил тобында ұлты татар екі қазақстандық болды. Олардың бірі 1917 жылы Петропавл қаласында туған Ахат Атнашев, екіншісі Ақтөбе қаласында туып-өскен Гайнан Құрмашев (1919 ж.т.) еді. 1939 жылы Г.Құрмашев армияға Ақтөбе қаласынан аттанды. Радиобайланысшы болып жүріп, жау тылында қолға түскен оның іс-әрекеттері «Еділ-Орал» легионындағы жалилдіктерімен шектелмеген, қазақтарды да қамтыған болуы керек.

Ғ.Бейісов бұл ұйымдардың қандай бағыттарда жұмыс істегенін толық біле бермейді.

Тек оның мүшелерінің естеліктерінен ғана легионерлер арасында фашистерге қарсы үгіт-насихат жұмысын жүргізгені, Кеңес Одағына қарсы үндеулерге қатыспау, майданға аттандырған жағдайда өз елінің солдаттарына оқ атпау, мүмкіндікті пайдаланып, Қызыл Армия жағына өтіп кетуді көздегені мәлім.

Ғ.Бейісовтің (бүркеншік есімі - Б.Ғайып) сол кезеңде жарық көрген «Жауынгердің күнделік дәптері» деген кітабында «Ері өлсе ел жоқтайды, елі жоқ ерді кім жоқтайды» деп жазуы тағдыр тәлкегіне түскен қазақ жігіттерінің жалпы көңіл-күйін білдіретін еді. Оны Х.Абдуллин өзінің «Жолтай» деген поэмасына эпиграф етіп алады.

Ғ.Бейісовтің насихат бөлімінде істеуі әр жерде болып тұруға мүмкіндік туғызады да, оны түркістандық жасырын ұйым өз іс-әрекеттеріне орай

пайдаланып отырады.

1944 жылы шілде айы шамасында Ғ.Бейісов насихат басқармасынан Словакияға барып қайту жөнінде тапсырма алады. Жолға шығардың алдында ол Сайранға (Хамза Абдуллинге) соғады да, осы жерде Арзыхан Жұмабаев деген адаммен ұшырасады. Бұл жөнінде Ғайпен: «Мен бұл кісіні көп біліңкіремеймін. Кездейсоқ кездестім деп т ү с і н д і м. Сайранның әдейі сол кісінің шақыруымен алып келгенін кейін білдім. Бұрын ол кісінің фашистерге қарсы жасырын ұйым басшыларының бірі екенін білмейтұғынмын», - деп жазды.

Жұмабаев сөз арасында: «Сіздің баратын полкіңіздің командирі Алимов па, Азимов па, былтыр комитетке (Түркістан комитеті.-авторлар) келгенде танысып көргенім бар еді. Сол келгенде ұятты былай қойып, бір жерлесімді тапсырып едім. Өзі шынжау, ауыра беретін жігіт еді. Менен сәлем дей саларсың. Көңілді жүрсе, сол кісінің жерлесінің денсаулығы қалай?», - деп сұрасаң жетіп жатыр... Тек көптің көзінше сұрамай-ақ қоярсың. Жолсапардан келген соң мені таба алмассың. Сайранды көріп жүресің ғой. Анадағы кісінің сәлемін айттым десең, Сайран маған жеткізеді ғой», - дейді.

Словакиядағы «Смертаки» аты селоға жеткеннен кейін Ғайпен ебін тауып, оңаша қалғанда Ғазизжан Азимовке Жұмабаевтың сәлемін жеткізеді.

Берлинге келген соң Жұмабаев тағы да «кездейсоқ» кездесе кетеді де, оған Ғайпен Азимовтың айтқан сәлемін жеткізеді: «Жерлесі - өзі аурудан шықпайтын жігіт. Жақында Братислава қаласына ауруханаға жатқызатын болып келіскен болдым. Күтіп жүрмін. Қай күні әкел деп хабар береді, сол күні апара саламын».

Осыдан соң Арзыхан «Сіздердің әңгімелеріңді біреу естіді ме?», - деп анықтап сұрайды.

Ал, Ғайпен: «Мен Жұмабаевтың неге былай сұрай беретінін ойыма да алған жоқпын. Тәжірибелі барлаушының мені байланысшы ретінде пайдаланып жүргенін көп кейін түсіндім. Мен Словакиядан келгесін бірнеше күн өткесін «Азимов өз полкін алып, словак партизандарына өтіп кетіпті» - дегенді Сайраннан естідім.

«Сәлемнің» сырын Ғайпен осыдан кейін ғана түсінеді.

1945 жылдың қаңтар айында кешке таман Ғайпеннің үйіне Х.Абдуллин телефон соғады. «Бүгін түнгі сағат 1.30-да Фридрих штрассе кіндік темір жол вокзалынан табылатын бол. Менен еш нәрсе сұрап уақыт алма. Өзім де білмеймін не болып жатқанын. Шамасы уақыт таянған болар, жол жүретін болармыз. Біржолата шық, қайта оралмайтын бол. Сен мені дұрыс түсін, бұл жай хабарлама емес, бұйрық деп түсін. Жоғарының бұйрығы», - дейді.

Ғайпен бұл кезде Берлиндегі Түркістан комитетіне жолсапармен келген, ал өзі Потсдамда ОКВ (Oberkommando der Wehmacht) басқармасының насихат бөлімінде істейтін.

«Бұйрық» деп отырған себебі: Ғайпен бұл кезде Мәжит Айтбаев арқылы арнайы жасырын ұйымға қабылданған болатын. «Ол да, Хамза да - Отанын сүйген патриоттар еді», - дейді Ғайпен.

Ғ.Бейісов жасырын ұйымға Словакияға барып келгеннен кейін қабылданған секілді. Себебі, сол кезде бастап «Арзыхан Жұмабаев әр түрлі себептерді пайдаланып, жиі кездесіп қалған болып жүрді. Кейде маған бұйыра тәртіп беретін-ді», - деп жазады Ғайпен. Өзін мүшелікке қабылдаған жасырын ұйымды Ғайпен, мүшелерінің аздығына қарамастан, өзінің әлсіздігін есептеместен, бірқатар жұмыстың басын қайырып істеп тастағанды», - деп бағалайды.

Сонда Арзыхан Жұмабаев деген кім? Ғайпеннің Х.Абдуллиннен естуі бойынша: ол - кеңес барлаушысы, бұрын Қырғызстан Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінде жауапты қызметте болған, Ош қаласының қырғызы.

Ғайпенмен танысқан уақытында «Арбайтс гемаиншафт» институтында жұмыс істеп жүрген.

Жұмабаевтың арнайы жіберілген Кеңес барлаушысы ма, әлде тұтқынға түскеннен кейін жасырын ұйым құрып, оған қазақ, қырғыздарды тартумен айналысып жүрген адам ба – ол жағын Ғайпен білмейді.

Қалай болғанда да, телефоннан түскен бұйрық бойынша 1945 жылы қаңтардың 5-інен 6-сына қараған түні Берлиннің «Фридрих штрассе» темір жол вокзалынан он офицер Берлин-Братислава шапшаң пойызына мініп жолға шығады. Олар: Жұмабаев Арзыхан, Ақбергенов Жұмабек, Жүндібаев Ерғали, Әділов Мұхтар, Тұрысбеков Уахит, Шадыханов, Мүрсәлиев Айылшы, Қалдыбаев Ермек, Абдуллин Хамза, Бейісов Ғайпен.

Партизандарға қосылуға келе жатқан олар Германия жерінен өткенімен, Словакияда «СС»-тің қолына түседі. Жұмабаев бастаған 6 адам қашып шыққанымен, Ғ.Бейісов, Абдуллин Хамза, Мүрсәлиев, Айылшы, Қалдыбаев Ермек қолға түседі.

Олар Берлинге әкелініп, Түркістан легионынан қашқан қылмыстылар ретінде төртеуі де ату жазасына кесіледі.

Қандай да бір себептермен немістер үкімді бірден орындамай, оларды үш ай бойы Берлиндегі атақты Грюневальд түрмесінің өлім камерасында ұстайды. Наурыз айының аяғы, не сәуірдің бас кезі болса керек, түрмеге бомба түсіп, ақырында Ғайпен мен жолдастары аман қалады...

Үлкен қиыншылықтармен елге оралғанымен, Гурьевте (қазіргі Атырау) қайтадан тұтқынға алынады. Немістердің қолына майдан даласында жараланып, ессіз қалуыма байланысты түстім... Мен Берлиндегі «Антифашист» ұйымының мүшесімін, жалғыз емеспін. Менімен бірге болған, гестапода ұсталып, атуға бұйырылған жолдастарым бар» деген сөздерін тергеуші хаттамаға да түсірмейді.

Ғайпен «Түркістан ұлттық комитетінің» ішінде «Антифашист» деген құпия ұйымының құрылғанын, оның бас ұйымдастырушысы Мәжит Айтбаев болғанын, ол ұйымның 1942 жылдан бастап Мұса Жалилмен байланыс орнатқанын, сол ұйымның басшылығымен он адамның Берлиннен Чехословакия партизандарына өту үшін қашып шыққанын қайталап айтады. Бірақ оны ешкім тексермейді де, шындыққа да баламайды. Оны РСФСР қылмыстық кодексінің 58-1 «Б» бабымен 10 жыл бас бостандығынан айыруға үкім шығарылады.

Х.Абдуллиннің де, Х.Тыныбеков, Ү.Қошалақовтың да ешқайсысының да сөзі қаперге ілінбейді, тергеушілер Сталиннің «тұтқын болған екенсің, халық жауысың» деген бір ғана қисынын басшылыққа алады.

Иә, жан берісіп, жан алысқан қанды майданда болмаған, тозақ отында күйіп-жанбағандар тұтқын болғандарды қайдан түсінсін?!

Қазақ, қырғыздардың жасырын ұйымы әшкереленіп, не болмаса 1945 жылы оның тұтқынға түскен азаматтары атылып кетсе, мүмкін, олардың есімі, Мұса Жалил секілді, тарихта патриоттар ретінде қалар ма еді?! Бізде адамды тірі кезінде ұлықтауға онша бейім көрсетілмейді ғой. «Өзіме бір пәлесі тиіп кетер» деген «қырағылардың» көптігінен, не өз тарихына өзгенің көзімен қарауға әбден еті үйреніп кеткендіктен болар. Әйтеуір, қазақ қазақтың аяғынан шалуға, бір-бірінің жақсылығын көрмеуге бейім тұрады.

Мұса Жалил өз халқының ұлттық батырына айналды. «Түркістан Ұлттық Комитеті» ұйымындағылардан тірі қалған қазақтар Кеңес өкіметі үшін

«сатқынға» айналды. Осылайша шешімі жоқ тағдыр тәлкегіне түскен қанша қазақ азаматтары арманда кетті?!

Осыдан бес-алты жыл бұрын ғана Ғ.Бейісов тынымсыз қажыр-қайратының арқасында ақталып шықты. ҚР Бас әскери прокурорының орынбасары А.М.Сұлтановтың анықтамасында: «Заключением Главной военной прокураторы от 20 апреля 2006 года в соответствии с п. «в» 4 и ст.10 Закона Республики Казахстан «О реабилитации жертв политических репрессий то 14 апреля 1993 года Беисов Хайпен признан жертвой политических репрессий и полностью реабилитирован», - деп көрсетіліпті.

Бұл құжат Ғ.Бейісовтің сөзінде, біріншіден, ешқандай жалғандықтың жоқтығын, екіншіден, тұтқынға түскен қазақтардың антифашистік ұйымының болғандығын білдіреді.

Олай болса, бұл құжатқа негізге алынған материалдар күші осы ұйымға мүше болған Х.Абдуллин, Х.Тыныбековке және тағы басқаларға да таралуы керек. Жалпы алғанда, екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түскен қазақстандықтардың ісі түгелімен қайта қаралып, тек тұтқын ретінде априорлық шешімге бағыт ұстамай, ізгілікті қадам жасалуы тиіс.

Сол зұлмат кезеңнен бері 70 жылға таман уақыт өтті, заман өзгерді, қазақтың өз тағдырын өзі шешуі керектігі жөнінде тәуелсіз ой-пікір қалыптаса бастады. Сталиндік жүйенің қатігездіктерінен үзілді-кесілді арылу-демократиялық қоғам құрудың басты шарттарының бірі екендігі де аян. Осыны түсінген Ресей Федерациясы, Украина, Белоруссия секілді елдерде соғыс тұтқындарын ақтау жұмыстары кең көлемде жүріп жатыр.

Тек біздер ғана бұл бағытта бейжайлық танытып отырмыз.

Фин соғысына, фашистік Германиямен соғысқа қатысқандардың көбі мына дүниеде жоқ та сияқты. Оларға «ақтаудың» да, «даттаудың» да керегі бола қоймас. Бірақ, олар жөнінде жасалған адамгершілік іс-шаралар бүгінгі күнгі ұрпақтары, туыстары үшін керек, қазақ халқының тұтастығы үшін керек.

***

В статье говорится о важности освещения вопроса реабилитации военнопленных.

***

In this article it is told about Prisoners of war in days of the second world war.

ӘОЖ 326.9 - 09

Ахметова Ұ.Т. *- т.ғ.д.,*
М. Өтемісов атындағы БҚМУ

ГЕНДЕРЛІК САЯСАТ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Қазіргі қазақ елінің қоғамдық өмірінде гендерлік саясат мәселесі жиі айтылады. Бұл саясатқа тосын қарайтындар да жоқ емес. Ал тарихымызға кері шегіне көз тоқтатар болсақ, қазақ қоғамында бұл саясат әрқашан жүзеге асырылғандығына куә боласың. Сонау көне түркі дәуірінен бабаларымыз ана әруағын құрмет тұтқандығын, қоғам дамуына аналар рөлі белгілі дәрежеде ықпал еткендігі тарихымыздан белгілі.

Ел қорғауда ер азаматтармен қатар қолына қару алып, жауына қарсы қасқая шауып ерлік көрсеткен немесе ел тізгінін ұстаған ерге ақыл қосып жанынан

табылып, елді аузына қарата білген қазақ қыздары қашан да халқымыздың есінде мәңгі сақталып, құрметіне бөленіп келеді. Осындай тарихта аты қалған аналарымыздың бірі - Бопай ханым. Қазақ елі орыс патшасының отары болған жылдарда алғаш орыс жазба дерегіне түскен де, «төре тұқымының қызы Әбілқайыр ханның зайыбы Бопай ханым (Бәтима) (1693/1695-31.5.1780, Елек ө. бойы) ел басқару ісіне араласқан қайраткер, дипломат»,- деп жазады танымал ғалым К.Л. Есмағамбетов [Есмағамбетов К.Л. Бопай //Батыс Қазақстан облысы. Энциклопедия. - Алматы: «Арыс», 2002. -196б.]. Ал ханым жөнінде тарихшы С.Өтенияз «Бопай – адай елінің қызы. Адайдың тобыл арысының атақты батыры Мырзатай қарындасы. ...Бопай келін болып түскен жылы Әбілқайырды халқымыздың игі жақсылары ақ киізге хан көтеріп, хан сайлаған»,- деп ой қосады [Өтенияз С. Әбілқайыр мен Бопай махаббаты ұрпақ үшін үлгі // Аңыз адам. № 2 (38) қаңтар 2012 жыл, 12б.]. Ханым Кіші жүз елін Ресей мемлекеті отарлауға бет бұрып, жоспарлы сыртқы саясатын жүргізген кезеңде, халқын тығырықтан алып шығуға ұмтылған Әбілқайыр ханға ақылшы бола білді. Бопай ханым Әбілқайыр ханның ел басқарудағы басты мақсаты Жайық казактарының, башқұрттар мен Еділ қалмақтарының шапқыншылықтарын, жоңғарларды түпкілікті жеңу үшін Ресей елімен одақтасуды жөн санаған шешіміне түсініспікпен қарап, саяси қадамдарына қолдау көрсеткен. Орыс зерттеушісі А.И.Левшин Бопай ханым туралы: «... ақылдылығымен құрметке бөленген, кей жағдайда Орданы басқару ісіне ықпал жасай алған ханша еді», - деп жазады [Левшин А. Описание киргиз - казачьих или киргиз - кайсацких орд и степей. СПб. 1832. Ч. 1-3. - Алматы, 1996.С.123]. Әбілқайыр хан Барақ қолынан қаза тапқан уақытта өзін саясаткер ретінде көрсете білген. Өлім құнын қуалап, ағайын арасын өштестіруге емес, керісінше, біріктіруге Кіші жүздегі хандық билікті сақтауға, Әбілқайыр ханның орнына баласы Нұралыны таққа отырғызу мақсатында жұмыстанды. Ханым Әбілқайыр әулетінің және елінің алдындағы жауапкершілікті сезіне білген. Ел ішіндегі, қазақ-орыс қатынастарын реттеу мәселелерін сөз қылған ханым хаттары орыс деректеріне түскен. Бопай ханым 1780 жылы 31 мамырда дүниеден озып, Елекке құяр Жосалы өзенінің жоғары сағасына жерленген. Халқы Бопай ханым кесенесіне тәу етіп, жанына жалау санап, қасиетін қадір тұтқан. Кейін XIX ғасырда қазақ жеріне көшіп келген қоныс аударушылар тасын ұрлап бұзып, пеш салуға пайдаланған. Әйтсе де, Бопай ханымды халқы ел анасындай көңіліне сақтап, қадір-қасиетін ардақтады. Оның халқы алдындағы беделін ел билеп, мемлекеттік саясатқа араласуымен тарихта қалған шөбересі, Арынғазы ханның бәйбішесі Жақсы ханым жалғастырды. Жақсы туралы XIX ғасырдың бас кезеңіндегі патшалы Ресей үкіметінің отарлау орталығы болған Орынбор генерал-губернаторлығы басқармасы кеңсесінің мұрағатында тиянақты деректер жиналған тұсы Кіші жүздің оңтүстік бөлігіне билік жүргізген Арынғазы ханның мемлекеттік қызметтеріне байланысты еді. Кіші жүздегі хандықты жоюды мақсат тұтқан патшалы Ресей үкіметі 1821 жылы Арынғазы ханды Орынборға, одан соң Санкт-Петербургке шақыртып, соңында 1823 жылы Калугаға жер аударып, осы жерде 1833 жылға дейінгі өмірінің соңғы жылдарына дейін өткізген болатын. Ал Жақсы ханым болса Арынғазы ханның елде қалған жұртына бас-көз болып, ханның жүргізген саясатын одан әрі жалғастырды. Ханымның Арынғазы хан елден кеткеннен кейінгі ел ішіндегі саяси жағдайды реттеуге ұмтылып Орынбор әкімшілігімен, Кіші жүз ханы Айшуақұлы Шерғазы ханмен тағы өзге де ресми тұлғалармен жазысқан хаттары орыс жазба мұрағатында сақтаулы. Жақсы Пірәліқызының елдегі әрекеті Орынбор әкімшілігінің жіті бақылауында

болған. Арынғазы хан жер аударылған соң елде Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілістің дүмпуіне кінәлі деп танылған Жақсы ханым туралы Азия департаментіне келіп түскен мына бір хатта: «Кіші жүздегі Арынғазы ауылында қазір оның әйелі бізге қарсы көтеріліп жүргендермен хат алмасып, оларды шекараға шабуыл жасауға үгіттеуде. Осы арқылы үкімет алдында Арынғазы сұлтанның елге қажеттігін дәлелдемек» [Ахметова Ұ.Т. Арынғазы хан (1786-1833). (жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы). – Ақтөбе: «А-Полиграфия» ЖШС, 2004. –126б.], - делінген. Орыс саясаткерлері ел арасына орыстың басқару жүйесін енгізіп, қазақ сұлтандарын жікке бөліп, бір-біріне қарсы қойып жатқан кезеңде, Жақсы ханым Әбілқайыр хан мен Батыр хан ұрпақтарының татулығын, ел бірлігін сақтауға, ағайын арасының ашылмауына барынша атсалысты. Ханым немере ағасы, Кіші жүз ханы Шерғазы ханнан қанша қысымшылық көрсе де орыс әкімшілігіне арызданбады. Арынғазыдан Жақсы ханым ұрпақ өрбіте алмаса да, ол ханның қалған үш әйелінен тараған бар ұрпақты және ханның барлық бірге туған бауырларын өз айналасына топтастыра білді. Ол Арынғазы ханның түпкі ойы мен арманын сезініп, уақыт пен заманының сынағына қарамастан оның беделін ту қылып ұстап, үрім-бұтағын өсіріп, өз және қайын жұртының құрметіне бөленіп, елінің тарихында алтын әріппен жазылып қалды.

Осы кезеңде Жақсы ханымның замандасы батыр Бопай ханымның атағы алысқа жетті. Ол - Абылай ханның ұлы Қасымның бәйбішесі Айкүмістен туған бес ұлдан кейінгі дүниеге келген кенже қызы, атақты Кенесары ханның қарындасы болатын. Бопай батыр Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысындағы ірі шайқастарға қатысып, қол бастаған сардар ретінде тарихқа енді. Бопай ханымның қосағы - Уәли ханның ұрпағы Сәмеке сұлтан. Күйеуі мен оның туғандары ағасы бастаған қозғалысқа қатыспай бас тартқанына қарамастан, Кенесары ханның басты мақсаты елдікті қайтару, жерді қорғау екеніне көзі жеткен Бопай ханым алты баласын ертіп артына қайырылмастан жауға қарсы аттанды. Ғалым Е.Бекмаханов зерттеуі бойынша, Бопайдың 600 адамнан тұратын жасағының міндеті Кенесары хан әскерлерін азық–түлікпен қамтамасыз ету, елден зекет және көтеріліске қатыспаған сұлтандардан азық-түлік жинаған болатын [Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында (Оқу құралы). - Алматы, «Санат», - 1994. - 218б.]. Бопай батыр қарамағында қыз-келіншектер жасағы да болған. Бір сөзбен айтқанда, Бопаймен қатарлас талай аналарымыз атқа қонып, ерлермен бірдей азаттық соғыста жанын қиды.

Олардың ерлік істері мен отансүйгіштігі Ұлы Отан соғысы жылдарында да жалғасты. Бүгінде Ұлы Отан соғысын жеңіспен аяқтап, елімізде бейбіт өмір орнатқан аталарымыз бен аналарымыздың ерен ерлігі - біз үшін зор мақтаныш. Ұлы жеңісті жақындатқан соғыс ардагерлерінің ерлігі арқасында 67 жыл шуақты таңды қарсы алдық. Бұл жеңіс адамзат баласына оңай келмеді. Оның жолында жанын қиған бірнеше миллиондаған адамдар арасында қазақ халқы да өзінің ерлігімен әлемге әйгілі болды.

Ұлы Отан соғысында қаһармандық ерлік көрсетіп, халқының есінде мәңгілікке қалған батыр апаларымыздың бірі - Мәншүк. 1942 жылы Алматы қаласында 100-атқыштар бригадасы жасақталғанда Мәншүк Маметова өз еркімен әскер қатарына қабылданады. Ал соғысқа 1942 жылдың қазанында алматылық атқыштар бригадасы Калинин майданында 39-шы Армиясының құрамына кіреді [Исмаилов А. Соғыс және жеңіс (1941-1945жж. Қазақстан тарихынан). - Шымкент, 2010. - 26 б.]. Бұл бригада 3-ші Екпінді Армия құрамында Ресейдің Псков облысы, ондағы Великие Луки, Невель қалаларын жаудан азат ету

үшін болған ұрыстарға қатынасады. Осы 1943 жылдың күз айында Невель қаласы үшін шайқаста Мәншүктің атқыштар ротасы нағыз жау ортасында қалып, жорықтағы серігі пулеметімен жауына оқ жаудырып, тайсалмастан шайқасып ерлік көрсетеді. Кеңес әскерлері Невель қаласын жаудан азат еткен сол шайқаста батыр қыз қаза табады.

Ал екінші батыр қызымыз Әлия Молдағұлова Ұлы Отан соғысында мергендігімен көзге түсті. Ол Қызыл Армия қатарына алынғаннан кейін Мәскеу маңында орналасқан Орталық мергендер мектебін «өте жақсы» бағамен бітіріп, іс-тәжірибелік жаттығуларда дәлме-дәл оқ атқаны үшін арнайы винтовканы сыйлыққа алған. 1943-1944 жылдардың қыс айларында Калинин, Псков, Великие Луки қалаларын азат ету үшін сұрапыл ауыр соғыстар жүріп жатқан кезеңде, құрамында қазақтың батыр қызы Әлия соғысып жүрген 4-ші атқыштар батальоны Новосокольники темір жол станциясы маңында немістер қолында қалған Казачиха деревнясын азат етуге бұйрық алады. Деревняға Қызыл Армия жауынгерлері баса көктеп кіріп, сол шайқаста немістің 10 солдаты мен 1 офицерінің көзін жойған Әлия ауыр жарақаттан қаза табады. Батыр қызды сол деревняның жанындағы өзен жағасына жерлеген. 1944 жылы қос батыр қыз Мәншүк пен Әлияға Кеңес Одағының Батыры атағы беріледі.

Шығыстың қос жұлдызы атанған Мәншүк пен Әлияның қатарына, қазіргі таңда қазақтың тұңғыш ұшқыш қызы қосылды. Хиуаз Доспанова 1942 жылы көктемде 46 гвардиялық ұшқыштар полкінен аға лейтенант Е.Д.Бергиадская полкіне қабылданады. Соғыс жылдарында Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Беларусь, Польша, Германия жерлерін фашистерден азат етуге қатынасты. 300-ден аса әуе шайқасында көзге түскен жұдырықтай қыз соғыста кезекті әуе шабуылынан қайтқан кезінде екі самолет соғысып, жамбасынан, екі аяғынан қатты жарақат алып, 6 ай емделіп, кейін соғысқа қайтадан кірген. Бұның өзі – нағыз ерліктің үлгісі емес пе!

Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен Әлия, Мәншүк, Хиуаз апаларымыздың ерлігін 1986 жылдың ызғарлы желтоқсанында жалғастырған елінің мүддесі үшін алаңда қасқая тұрып, талап, тілегін білдірген жастардың ішінде өрімталдай Ләззаттың, Сәбира сынды қыздарымыздың табылуы заңды құбылыс еді. Ләззаттың анасы қайғылы хабарды естігенде:

Желтоқсанның анаға,
Ызғары көп, қарағым,
Намыстан өлген қазақтың
Тәкәппар нағыз құдайдай,
Қасқайып қарап тұратын,
Ағасы өлсе, іні боп,
Жауына қарсы шығатын,
Арыстандай алысып,
Жолбарыстай жұлқысқан
Қыздары көп қазақтың.
Сенде соның бірісің,
Өлген жоқсың, тірісің...,

- деп қызын жоқтап, анасы он алты жасында Отаны үшін мерт болған Ләззатының артынан күңірене отыра, қыз да болсаң намысты жүрегіңнен айналдым деген жолдармен өзін-өзі сабырға шақырған екен [Желтоқсан құрбандарын жоқтау (Деректі очерктер мен естеліктер): жинақ - Алматы: Жалын, 1992. -40б.].

Сонымен, өткен тарихымызға үңілсек қазақ қыздарының қай кезеңде болмасын, қазақ қызы деген атқа лайықты болғандығын байқаймыз.

Еліміздің рухани жағынан бай қуатты болуына, ұлттық тәрбиеміздің діңін ұстап қалуға, оны бұдан әрі жалғастыруға аналарымыздың, қыздары мыздың ерліктері үлгі болмақ. Алдағы уақытта да қазақ қыздарының елі мен жерін қорғап, ұрпақтың ұлттық болмысын қалыптастырарына күмәнім жоқ.

Қазіргі кезеңде де қоғам дамуының қиын–қыстау кезеңіне мойынұсын бай, ер азаматтарымызбен бірге дербес елдігімізді нығайтуға бар күшін салып, бейбіт өмірде қажырлы еңбек етіп, отбасының ұйытқысы болып отырған аналарымыздың өскелең ұрпаққа берері көп деп есептейміз.

***

В статье анализируется гендерная политика в Казахстане. Женщина всегда имела особое положение в казахском обществе. Она является не только хранителем домашнего очага, но и исполняет определенную роль в сохранении казахской государственности.

***

The gender policy in Kazakhstan is analysed in the article. The woman has always had a special place in Kazakh society. She is not only the keeper of the hearth, but also has played a role in preserving Kazakh statehood.

ӘОЖ 929-09

Ғиззатов С.М. *- т.ғ.к.,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ОТАНДЫҚ ТАРИХТАҒЫ ХИУАЗТАНУ МӘСЕЛЕСІ

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгелі төл тарихымызды ұлттық мүдде тұрғысынан зерделеуге көшкеніміз белгілі. Жаңа тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы отандық тарих ғылымында тың серпілістердің бой алуына әкеліп, тақырыптар көкжиегін кеңейтті [1]. Аз ғана уақыт ішінде Қазақстан тарихының ежелгі заманнан күні-бүгінге дейінгі тарихы ғылыми тұрғыдан зерделеніп, осы ғылым саласындағы әдебиеттер тізімі күрт молайды. Мұның өзі рухани өмірдегі басты жетістіктеріміздің бірі болмақ.

Дегенмен санаулы уақыт ішінде бірнеше мыңжылдық тарихымызды толық зерделеп болдық деп айту өте қиын. Бұл мәселе отандық тарихтың барлық кезеңіне де қатысты деп санаймыз [2, с. 6]. Әсіресе екінші дүниежүзілік соғыс кезеңі өз маңызын әлі күнге дейін жоғалтпай отыр. Ұлы Отан соғысында ел азаттығы үшін күрескен тұлғалар тың деректермен зерттеле бастады. Солардың бірі Қазақстаннан шыққан тұңғыш ұшқыш қыз Хиуаз Доспанова болатын.

Сонымен қатар бөкейліктер өз малын Хан ставкасы жәрмеңкесінен басқа Астраханға да апарып сатқан. Ішкі Қазақ Ордасын басқару бойынша Уақытша Кеңес төрағасына Ішкі Орда қазақтары тарапынан депутат Бәкей Сәменұлының берген рапортында былай делінген:

«Өз қарамағымдағы істерді және менің атымнан іс жүргізуші Танашевтің құжаттарын қарастыра келе жалпы қызметтік міндеттемелерді атқару тәртібі туралы нұсқаулық таба алмадым. ІІ-ші округ басқармасының маған жазған жазбаларындағы мәлімет бойынша, жоғары мәртебелі Ішкі істер министрі өзінің Астрахань губерниясының басшысына 1882 жылдың 1 желтоқсанында 238 нөмірімен жіберген ұсынысында Орда басшылығына өз қарамағындағы қазақтардың мүддесін қатаң қорғауға бұйрық берген болатын. Депутаттардың басты міндеті – қазақтардың өзге халықтармен арадағы қарым-қатынасында олардың ешбір тараптан қысымшылық көрмеуін қадағалау» [7, 28 п.].

Сонымен қатар, Ішкі Орда қазақтары тарапынан депутат Бәкей Сәменұлы Ішкі Орда қазақтарының Астрахань қаласында түрлі ұлт өкілдерімен қарым-қатынасында құқықтарына нұқсан келмеуін қадағалай келе былай дейді: «Қазақтар мұнда жиі-жиі сан түрлі делдалдар тарапынан жасалатын қысымшылық, мәжбүрлеу, алдау мен арбаудың құрбаны боп жүр. Біріншіден, Астрахань қаласындағы мал базарына немесе Астрахань уезіндегі Қалмақ базарына мал айдап келген қандай да бір қазақтың алдынан өздерін делдалдар деп атайтын белгісіз біреулер тосып алады да, оның малын алдап алып, өзі сатып жібереді. Әлгі қазаққа малдың ақшасы кейін келеді деп күттіріп қояды. Қырдан келген қазақтардың оларды айлап күтіп жататын мүмкіндігі болмағандықтан, сотқа шағымдануға қаражаты тағы болмағасын амалсыз не ақшасыз, не малсыз, не тауарсыз ауылына қайтуға мәжбүр болады. Жоғарыда аталған делдалдар мұндай саудадан өздеріне көп пайда табады: әрбір сатылған қойдың басына 3 не 4 тиын, ірі қарадан 15 не 20 тиын, жылқы мен түйеден 1 рубльден пайда табады» [7, 29 п.].

Жоғарыда келтірілген мұрағат құжаттардан бірнеше фактілердің беті ашылады. Біріншіден, Ресей үкіметі Ішкі Істер министрлігінің сауда-саттық барысында орын алатын әр түрлі келеңсіздіктерден хабардар екендігі және осыған сай қажетті нұсқаулықты жергілікті губерния өкілдеріне жолдағандығы анық көрінеді. Екіншіден, қазақ шаруаларының адал еңбекпен өндірген малдарын қолды қылуды мақсат тұтқан, өзге ұлт өкілдерінен шыққан алаяқтардың көбейгендігі байқалады. Үшіншіден, делдалдық қызметтің заңдық тұрғыдан реттелмегендігі, жапа шеккен тараптардың арыз-шағымдарының қанағаттандырылмағандығы сезіледі. Сөйтіп, Астрахань уезіндегі Қалмақ базарына мал сатуға келген қазақтарды тосып алған делдалдар мен барышниктер оларды алдап-арбап отырған.

1899 жылы Хан ставкасындағы жәрмеңкеде сауда жоғары деңгейде жүрді. Мұнда жергілікті ордалықтар өздерінің малдарын мынадай бағада сатты: түйенің орташа құны – 39 рубль, жылқы малы – 21 рубль, ірі қара – 22 рубль, қой – 4 рубль, қой терісі – 3 рубльден – 5 рубльге дейін, ұн қапшығы – 5 рубль, шөп – 2 рубль 50 тиын. Жәрмеңкедегі сауда айналымы 136159 рубль 71 тиынды құрады [8, с. 12].

Капиталистік қатынастар элементінің енуі Бөкей Ордасында XIX ғасырдың соңында әлеуметтік құрылымына үлкен өзгерістер жасады. 1897 жылы қазақтар саны – 255820 адам болып (130167 ер, 120553 әйел), Астрахань губерниясындағы барлық халықтың 25 пайызын құрады. Жаңа кәсіпті игерушілер жалдамалы жұмысшылар қатарында одан әрі өсе түсті. Бөкей Ордасында саудамен 607 адам айналысты [5, 202 б.].

Осы кезеңде Қазақстанның батыс өңірінде жаңа әлеуметтік топ пайда болды. Сауда буржуазиясының өкілдері болып табылатын мұндай көпестердің қоғамдағы рөлі айрықша мәнге ие бола бастады. Көпестердің гильдиялық ұйымы олардың сауда жарғысына қарай анықталды. Яғни, олардың қатарына ену үшін көпестер сауда жарғысының мөлшеріне қарай жарна төлеу керек болды. Гильдиялар үш өлшемде анықталды. Оған жазылу кезіндегі мүшелік жарна көлемі былайша белгіленді:10 мыңнан 50 мың сомға дейін қаржысы болған жағдайда 1-гильдия көпесі болып есептелді. 5 мыңнан 10 мың сомға дейінгі көлемдегі қаржы иелері 2-гильдия, ал 3-гильдия көпесі атану үшін 1 мыңнан 5 мың сомға дейін қаржысы болуы міндеттелді.

Енді, олардың қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық орны қалай болғандығына талдау жасасақ. Көп мөлшерде қаржысы болуы себепті бірінші және екінші гильдия деңгейінде болған көпестер маңызды рөл атқарды. Кейіннен көпестік гильдия саны екіге дейін қысқартылды. Соған сәйкес, енді бұрынғы бірінші және екінші гильдия көпестері 1-ші гильдия көпестерінің деңгейіне, ал, 2-гильдия көпестеріне бұрынғы 3-гильдия көпестері жатқызылды. Бұл көпестік гильдия үшін төлем мөлшерінің бұрынғымен салыстырғанда бірнеше есеге азаюына жол ашты. Сәйкесінше, көпестер орыс және шет ел тауарларын көтерме сауда бойынша сатып алуға мүмкіндік алды. 2-гильдия көпестері ұсақ саудамен ғана айналыса алды. Олар үшінші және төртінші разрядты куәліктер сатып алу арқылы саудаларын жасады.

Қорыта айтсақ, XIX ғасырдың екінші жартысында Бөкей Ордасындағы сауда қарқынды дамыды. 1852 жылы жұттың басталуына байланысты Ордадағы сауда төмендеді. Алайда бұл уақытша құбылыс болды. Себебі табиғи жұттың қайталанып келіп отыруы жергілікті халық үшін таңсық емес еді. 1863 жылы Хан ставкасы жәрмеңкесіндегі сауда қарқыны қайта көтеріле бастады. Бұл жәрмеңкеде қазақтар, орыстар, татарлар сауда жүргізді. Уақытша Кеңес 1863 жылы хан мұрагерлерінен жәрмеңке сарайынан түсетін кірісті пайдалану құқығын сатып алды. Осыдан бастап жәрмеңке істерін Уақытша Кеңес жүргізді. Аталмыш органның жұмысы тікелей Ресей империясы саясатына тәуелді болды, әрі жоғарғы биліктің берген нұсқаулары қатаң орындалды. 1867 жылы Хан ставкасынан Астрахань Қазыналық Палатасына бағынышты қазынашылық ашылады. Бұл қазынашылық Хан ставкасындағы жәрмеңкедегі тауар-ақша қарым-қатынасын реттеп отырды. 1890 жылы Хан ставкасы жанындағы жәрмеңкеде тауар айналымы өте жоғары деңгейде жүрді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Зиманов С. Россия и Букеевское ханстве. - Алма-Ата:Наука, 1982. – 171 с.

2. Медведский П. Очерк торговли сырыми продуктами скотоводства в ставке

Внутренней киргизской орды в течение 1859 г. // Журнал Министерства Государственного Имущества. – 1860. – Ч.22. – Кн.3.

3. ҚРОММ, 78- қор, 2-тізбе, 1033-іс.

4. РФ ООММ, 6-қор, 10-тізбе, 6085-іс.

5. Харабалин Ғ.Е. XIX ғасырдағы Бөкей Ордасы. – Орал, 2004. – 238 б.

6. РФ ООММ, 6-қор, 19-тізбе, 5-іс.

7. ҚРОММ, 78-қор, 2-тізбе, 358-іс.

8. Ярмарка в Ханской ставке // Астраханский вестник. – 1899. – № 29-33.

***

В статье рассмотрен вопрос развития торгового дела в Букеевской Орде и торговые взаимоотношения с другими странами.

***

In this article pointed out the development of trade of Buckeyes Horde and trade cooperation with other countries.

ӘОЖ 32.019.5(574)-09

Бақтығұлова Б.Н. *- аға оқытушы,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

БІРТҰТАС ҚАЗАҚСТАНҒА ОРТАҚ ТАРИХИ ТҰЛҒА

Төл тарихымызда есімі әлі толық танылмаған, өмірі күрделі, әрі күрмеулі ірі тұлғалардың болғаны белгілі.

Қазақ халқы жерін, ұлтын қорғаған, елінің ар-намысына айналған азаматтарын лайықты құрметтеп, әрқашан ілтипатпен еске алып ұрпағына үлгі етіп отырған. Кеңестік дәуірде ұлтымызға рухани тірек болған осындай тұлғаның бірі – Жұмабек Ахметұлы Тәшенов. Елінің жерін аман сақтап қалу үшін күрескен азаматтарды кеңес үкіметі қыспаққа алып, қара тізімдеріне енгізіп, биліктен шеттетіп отырды. Мұндай жағдай қазақ даласында қаншама жылдар бойы орын алып келді. Осыншама қиындықты жеңіп, биліктен босатылса да, қазақ елін, жерін сақтап қалуға өз үлесін қосқан Жұмабек Ахметұлының еңбегі ерекше. Қайраткер туралы тарихта әлі жазылмаса да Қазақстанның өткен ғасырдың 50-60 жылдарынан бастап халық зердесінде орын алған айтулы тұлға. Оның ерліктерін көзімен көріп куә болған аға ұрпақ, оның тарихтағы еңбегін енді біліп жатқан кейінгі буын өкілдері аңызға айналған қаһарманның рухына бас иеді. Бұл айтулы тұлғаның ерлігін республика халқына насихаттап жүрген Хайдар Арыстанбеков, Сағадат Нұрмағанбетов, Сағындық Кенжебаев, Ғарай Сағымбаев, Керімбек Сыздықов, Кәрішал Асанов, Ұлықпан Бәшенов, Амантай Кәкен, Мейрам Байғазин, Жолдыбай Базаров, т.б. ғалымдар мен қаламгерлер Жұмабек Ахметұлының еңбектерін ұлтына танытуға көп еңбек сіңіруде. Ұлтжанды азаматтардың араласуымен Жұмабек Ахметұлы туралы мерзімді баспасөз беттерінде бірқатар естеліктер, зерттеу материалдары жарияланып, Алматыда, Оңтүстік Қазақстан облысында бірнеше кітаптар жарық көріп, «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясына өмірбаяны жазылды. Шымкентте, Астанада көшелерге есімі берілді.

Ж.А.Тәшенов туралы деректер жинап, халыққа насихаттап жүрген журналист Жолдыбай Базаров «Қазақ даласы дүрбелеңге толы XX ғасырдың басында өзін қорғау үшін тағы бір ұлын өмірге әкелді де, арынды айбат, абдырауды білмейтін ақыл, зеректік пен зейінділікті, кемеңгерлікті Күн нұрымен,

Арқаның керімсал самалымен бойына сіңірді де, күрес алаңына аттандырып салды. Сол бір аумалы-төкпелі кезеңде балалықтың еркелігін, жастықтың желігін жүрегінен ерте ысырып, бесіктен белі шықпай жатып, жасанып жауға аттанған Алпамыс батырдың заңды жалғасындай атқа қонған азаматтардың бірі, әрі бірегейі Жұмабек Ахметұлы Тәшенов еді», - деп қаһарманның қазақ тарихындағы рөлін әсерлі, бейнелі оймен бедерлейді.

Ж.Тәшеновтің ғұмырдерегіне қысқаша тоқталсақ, Ж.Тәшенов – мемлекет және қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының кандидаты, КОКП Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебін бітірген. 1934-1939 жылдары Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарында шаруашылық, кеңес және жауапты партия жұмыстарында болған. 1952-1955 жылдары Ақтөбе облыстық партия комитетінің 1-ші хатшысы, 1955-1960 жылдары Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы, 1960-1961 жылдары Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған азамат.

Ж.Тәшенов республиканың саяси, экономикалық, мәдени дамуына басшылық жасаған жылдары қазақ мемлекетінің аумақтық тұтастығының сақталуына көп еңбек сіңіреді. Маңғыстауды Түркіменстанға қосу жөнінде ұсыныстарға тойтарыс берді. «Тың өлкесіне» біріктірілген солтүстік облыстарды Ресейге, Оңтүстік Қазақстанның мақта егетін аудандарын Өзбекстанға беруге қарсы шықты. Қазақстан жерінде ядролық жарылыстар жасауға қарсылық білдірді. Шығармашылық одақтар өкілдеріне үй–пәтер бергендігі үшін Алматының ортасында «қазақ ауылын» құрды деп айыпталды. «Қазақ әдебиеті» газетін жабудан, «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетін орыс тілінде жарық көретін «Казахстанская правда» газетінің аудармасы етіп шығарылу қаупінен қорғап қалды. Қайраткер «ұлтшыл» деп айыпталып, Н.С. Хрущевтің нұсқауымен қызметінен босатылады. Қызметі төмендетіліп 1961-1975 жылдары Шымкент облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары болды. Өмірінің соңғы кезеңінде «Қаракөл» ғылыми-зерттеу институтында, Оңтүстік Қазақстан облыстық талдау-есептеу орталығында қызмет атқарды. «Ленин», «Еңбек», «Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған», - деп «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясының 8-ші томында қысқаша мәліметтер берілген.

Осы мәліметтерді толықтырып айтсақ, Жұмабек Ахметұлы 1915 жылы 20 наурызда Ақмола облысының Аршалы ауданындағы Ново-Александров селосында (қазақша атауы Танакөл) ауылында дүниеге келген (Ол бұрынғы Целиноград облысы, Вишнев ауданына қарасты елді-мекен, ал тәуелсіздік алғаннан кейін бұл елді-мекеннің атауы «Жібек жолы» деп өзгертілген.). Осы ауылдағы мектепте білім алған соң оқуын Ақмолада құрылыс техникумында жалғастырады. Зеректігі, еңбекқорлығы, алғырлығы, қазақ және орыс тілдерін еркін білетіндігінің арқасында басшылардың көзіне түсіп, ауылдық, кейін Вишнев, Нұра аудандық атқару комитеттерінде жауапты хатшы болып еңбек етеді. XX ғ. 40-50 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы аудандарында жер бөлімінің бастығы, облыстық партия комитеті хатшысының орынбасары, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы қызметтерін атқарды. Одан кейін жоғарыда айтылғандай Ақтөбе облысында бірінші басшысы болып еңбек етеді. 1955-1960 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы, 1960-1961 жылдары Қазақ КСР Үкіметін басқарады. Кейін Мәскеудің шешімімен лауазымды қызметінен алынып, Шымкентке облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары етіп жіберілді. 14 жыл осы облыста еңбек етіп, өмірден озғанда осы шаһарда жерленеді.

Армия генералы, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы Сағадат Нұрмағанбетов: «Ж.Тәшенов қандай қызметте болса да, ең алдымен, өз елінің мақсат-мүддесінен шығатын, халықтың жағдайын ойлайтын, ұлттық мәселелерді КСРО басшыларының алдында тайсалмай қоятын. Жүрегі қазақ деп соғатын біртуар азамат еді», - деп бағалаған. Ұлы Отан соғысы кезінде тылдағы жұмысты ұйымдастыру үшін «броньмен» басшылықтағы бірқатар адамдар әскерге алынбаған. Кейін броньмен қалғандардың көпшілігі жоғары орындарда қызмет атқарады. Осындай жолмен Жұмабек Ахметұлы да соғысқа қатыспаған. Ол қарамағындағы қызметкерлеріне үнемі: «Біз броньмен соғысқа бармай қалдық қой. Қабылдауымызға келген соғыс ардагерлерінің өтініш-тілегін жерге тастамайық, олар от пен оқтың астынан келді», - деп ескертіп отырған. Қайраткер Солтүстік Қазақстан облысында басшылық қызметте жүргенде соғыстан оралғандарға және соғыста құрбан болғандардың отбасыларына көрсеткен қамқорлығы жайлы облыста көптеген таң қаларлық әңгімелер айтылатын.

Сағадат Нұрмағанбетов Жұмабек Ахметұлының жоғары адамгершілік және ұлтжандылық бір қасиетін ілтипатпен былай деп еске алады: 1945 жылы соғыс аяқталғаннан кейін Берлиннен елге демалысқа келе жатқанда Мәскеу-Петропавл поезында Ж.Тәшеновпен танысады. Жөн сұрасып, Кеңес Одағының Батыры екенін білгенде ол қатты қуанады. Петропавл қаласына келген соң үйіне апарып, қонақ етіп сыйлап, жолына шығарып салады. Олардың екінші кездесуі он жылдан кейін Алматыда болады. С. Нұрмағанбетов ол кезде мотоатқыштар полкінің командирі болатын. 1955 жылы 7 қарашада (7 қараша – Кеңес мемлекетінің құрылған күні мерекесі – авт.) оған Алматы гарнизонының әскери парадын басқару жүктеледі. Республика басшыларының бірі қызметінде жүрген Ж.Тәшенов парадтан кейін қасына келіп, әскери шерудің өте жақсы әсер қалдырғанын айтып, мұндай әскери парадты республика тарихында тұңғыш рет қазақ азаматының басқарғанына ерекше толғанып тұрып баға берген.

Қайраткер жөнінде профессор Мұқаш Елеусізов жас кезінде Ж.Тәшеновтен көрген бір жақсылығын былай еске алады: «Соғыстан кейін Солтүстік Қазақстан облыстық комсомол комитетінің хатшысы қызметін атқарып жүргенмін. Үйленгенмін, жұбайымыз екеуміз қарт әке-шешемізбен тар үйде тұруға мәжбүр боладық. Бұл жағдайды кездейсоқ білген Ж.Тәшенов оған 4 жыл соғыста болған майдангер ретінде кезексіз үй бергізеді». Халық жадында Ж.Тәшеновтің республика экономикасының барлық саласын жетік білетін, шаруашылықты талантты жүргізетін ұйымдастырушы, іскер басшы екендігінің көптеген мысалдары бар. Тың игеру кезінде Көкшетау облысында совхоз директоры болған Ф. Моргун 1957 жылы совхоз тұрғындары жер астында тұщы су болса да қажетті құралдың болмағандығынан 20 шақырым жерден суды тасып ішіп қиналып жатқанда Ж.Тәшенов келіп бір аптаның ішінде Арменияда скважина арқылы су тартатын компрессор алғызып беріп, су мәселесін шешіп бергенін ризалықпен жазады.

Ж.Тәшенов Шымкент облысында атқару комитеті төрағасының орынбасары кезінде, күзде Түркістан аймағының мақташылары мақта тазарту зауытында су мақтаны кептіруге отын таба алмай қиналып жатқанда сол ауданға уәкіл болып барған Ж.Тәшенов Қарағанды облысының басшылығымен хабарласып, қажетті 1,5 мың тонна көмірді жеткіздіріп береді. Соның арқасында аудан мақта дайындау жоспарын 102,7 пайыз орындайды. Сонымен қатар, Жұмабек Ахметұлы Түркістандағы Қ.А.Яссауи кесенесінің жанында топырақпен көміліп жатқан шығыс моншасын қалпына келтіріп іске жаратуды

жүзеге асырады. Кезінде Ж.Тәшеновтің іскерлігін, қабілетін Шымкент облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы В.А.Ливенцовтың өзі мойындауға мәжбүр болған. Ол 1964 жылы Мәскеудің өкілі қатысып отырған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіндегі мәжілісте: «Н.С.Хрущев Ж.Тәшеновтің намысына тиіп, қызметінен төмендетіп бізге облатком төрағасының орынбасары етіп жіберсе де, ол өзінің таңғажайып қабілетінің арқасында Оңтүстік Қазақстандағы ең құрметті адам болып отыр»,- деп мәлімдеген.

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген экономист, профессор Ғарай Сағымбаев Ж.Тәшенов республика басшылығында болған 6 жылда Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті қарыштап алға басқанын төмендегідей деректермен көрсетеді. Осы жылдары электр энергиясы қуатын өндіру – 2 есе, мұнай өндіру – 1,6 есе, көмір өндіру – 2 есе, цемент шығару – 15 есе, мақтадан мата тоқу – 5 есе, тоқыма сырт киім шығару – 3 есе, минералды тыңайтқыш өндіру – 2 есе, аяқ киім тігу – 4 есе, ет өндіру – 2 есе, қант өндіру – 1,5 есе, мал майын шығару – 1,4 есе, өсімдік майын шығару – 2 есе өскен. Егіс көлемі – 6 миллионнан 22 миллион гектарға, ірі қара мал саны – 5,5 миллион, қой мен ешкі – 28,5 миллион басқа дейін өсті. Халық шаруашылығында 125 мың жоғары білімді, 215 мың орта білімді мамандар қызмет етті. Бес жылда 690 мың пәтер салынып, 2,4 мың кәсіпорындар мен мекемелер іске қосылады. 6140 кітапхана, 5140 клуб, 4777 киноқондырғылар, 25 музей, 19 облыстық театр жұмыс істеп тұрды. Сөйтіп, халықтың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс мәдениеті айтарлықтай жақсарды.

Ж.Тәшенов жоғары қызмет бабына орай бір мезгіл Мәскеуде де басшылық жұмыс атқарып отырған. Сол кездегі тәртіп бойынша КСРО құрамындағы 15 одақтас республика Жоғарғы Кеңестерінің төрағалары КСРО Жоғарғы Кеңесі Төрағасының орынбасарлары болып есептелінетіндіктен «мәскеулік төраға» демалысқа шыққанда 1 ай бойы Мәскеуге барып, КСРО Жоғарғы Кеңесі Төрағасының қызметін уақытша атқарған. Мәскеуге барар бір сапары қарсаңында С. Мұқанов пен Ғ. Мүсірепов Ж.Тәшеновтен Б. Момышұлының екі рет Батыр атағына ұсынылып өтпей қалғанын, сол атақты алып беруге араласуын өтінеді. Ж.Тәшенов Мәскеуге барысымен мұрағаттан Б. Момышұлының құжаттарын алғызып танысады. Батырлыққа екінші рет ұсынылған құжаттың қорытындысында соғыс кезіндегі кейбір қылықтары кеңес офицерлерінің ар-ожданына қайшы келгендіктен Б. Момышұлына мұндай атақты беруге болмайды деп маршал Конев қолын қойыпты. Ж.Тәшенов Жоғарғы Кеңестің атынан маршалды шақырып алып, мәселені түсіндіреді. Маршал Конев «Бұл туралы менің пікірімді білмек болсаңыз, мен өз өмірімде ешқашан бір айтқан пікірімді өзгерткен адам емеспін. Бұл жолы да солай қаламын»,-деп көнбейді. Кеңес Одағында үлкен беделге ие маршал Ж.Тәшеновтің осылай қолын байлайды.

Ж.А. Тәшенов ұлтына қарап адамдарды бөлмеген, әрқашан әділдікті жақтаған. Мәскеудегі кезекті қызметін атқару кезінде украиндық бір ғалымның «қылмысты ісі» алдына келеді. Қарт ғалымға бір жауапты қызметкерді өлтірді деген айып тағылып өлім жазасына кесіліпті, кешірім жасау туралы өтініші де қабылданбапты. «Мәскеулік төраға» - К.Е.Ворошилов демалыста болғандықтан орынбасары Ж.Тәшенов қол қоюға тиісті болады. Жоғары Кеңес қызметкерлерінің бұл мәселе К.Е.Ворошиловпен келісілген деген қарсылықтарына қарамастан, адам тағдыры болғандықтан Ж.Тәшенов өлім жазасы туралы үкімге қол қоймай түрмеге өзі барып қарт ғалымға жолығады. Кінәсіз екеніне көзі жеткен соң қайта тергеуге жіберіп ақтап қалады. Кейін кісі өлтірген қылмыскер де анықталып жазасын тартады.

Жұмабек Ахметұлы қандай қызмет атқарса да қазақ елінің, ұлтының мұң-мұқтажын, абыройын, мүддесін әсте есінен шығарған емес. Осы ұлы мақсатта қара басының қамын күйттемей жоғары лауазымын да қияды. Ұлтжанды азаматтың ерліктерінің ішінде Қазақстанның солтүстіктегі облыстарын аман алып қалғаны ерекше тоқталуға тұратын оқиға. Кеңес елінің басшысы Н.Хрущев еліміздің солтүстіктегі 5 облысын (Ақмола, Көкшетау, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан) біріктіріп «Тың өлкесі» деген аймақ құрып, оны Ресейге қосуды жоспарлайды. Өлкенің басшылығына Мәскеуден Т.И.Соколов деген өз адамын жібереді. Ол «Тың өлкесін» Ресейге өткізуге бейімдеп, Қазақстан басшылығына бағынудан бас тарта бастайды. Бұл әрекетті білген Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы Ж.Тәшенов 1960 жылы күзде «Тың өлкесінің» орталығы болған Целиноград қаласына шұғыл түрде ұшып келіп, республикалық Жоспарлау комитетіне келесі жылдың бюджетіне қажет мәліметтерді әдейі бермей бассыздық жасағаны үшін Т.Соколовты қызметінен алып, 24 сағаттың ішінде Қазақстаннан қуып жіберетінін және «Тың өлкесі» ешқашан Ресейге берілмейтінін қадап тұрып айтады. Одан кейін Алматыда Үкімет мәжілісінде келесі жылдың халық шаруашылық жоспары қаралып жатқанда мінбеге көтерілген Тың өлкелік атқару комитетінің төрағасының бірінші орынбасары А.И.Козлов: «Жұмабек Ахметұлы! Біз сіздерден ештеңе сұрамаймыз, тек Мәскеудің бергеніне тимесеңіздер болғаны»,- деп қыр көрсетеді. Мұндай жүгенсіздікке төзбеген Ж.Тәшенов оны тоқтатып қойып: «Тың өлкесі Қазақстанның құрамында, ал Қазақстанды оның Орталық партия комитеті мен Үкіметі басқарады. Сіз сол партияның мүшесісіз. Мынадай қыңыр мінез бен істі қоймайтын болсаңыз партиядан шығарып орныңыздан аламыз. Сонан кейін баратын жеріңізге барып арызыңызды айта беріңіз»,- деп қадап айтады. Н.Хрущевтің қырына ілігіп, қызметінен төмендетіліп, Мәскеуден Қазақстанға жіберілген А.Козлов зәресі ұшып, сол жерде кешірім сұрайды. Осылай Ж.Тәшенов Мәскеудің жіберген кеудемсоқ адамдарын тәубесіне келтіріп Қазақстанның бес облысының берілмейтінін ашық мәлімдейді.

Ерлік, батырлық тек соғыста ғана жасалмайды. Өмірде ерлік жасаудың түрлері көп. Ж.Тәшенов ел тұтастығына қауіп төнгенде, бейбіт күнде ақыл-парасатымен, қайсарлығымен, ұлтжандылығымен ерліктің өнегесін көрсетіп, қазақ ұлтының намысын кеңестік жүйеге таптатпаған батырлығымен осылай халық құрметіне бөленді.

Жұмабек Тәшеновтің өзі Мәскеуде Қазақстанның бес облысын Ресейге қосу туралы Н.С. ХрущевтЗң әрекетіне қалай тойтарыс бергенін былай деп еске алады: «Кешкі сағат он кезінде менің бөлмеме Д.А. Қонаев (сол кездегі Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы) телефон шалып, Н.С. Хрущевтің екеумізді шақырып жатқанын айтты. Бұрын кездескенімізде жылы шырай көрсететін мәскеулік бастық жүзінен бұл жолы қатаңдық байқалды. Сөзін бастағаннан-ақ: «Кеңес Одағындағы ұлт республикаларының жан-жақты дәрежеге жетуінің негізгі себебі ол Кеңес үкіметі мен Ұлы партиямыздың көрегендік саясатының арқасында екендігін көпшілік білсе де, әлі күнге дейін соған дұрыс мән бермейтіндер жоқ емес. Соңғы кезде Саяси Бюро мәжілісінде Қазақстанның саяси-экономикалық мәселелері сөз болғанда, бұл республиканың алға дамуына кедергі келтіріп отырған түрлі себептер бар екендігі айтылып отырады. Солардың ең бастысы – республиканы басқарып отырған кадрлардың қазіргі талапқа сай келмей отырғандығы және өзге республикаларға қарағанда жер аумағының өте кеңдігі, ал өндіріс салаларының өте көптігі. Ал енді осы жағдайларды ескере келіп, Саяси Бюродағы келісім бойынша осы

кедергіні тез арада шешпейінше республика алға жылжи алмайды. Кадр мәселесін кейінірек қарауға тиіспіз, қазір кезектегі және жедел шешетін мәселе – ол республиканың жер көлемі жайында болып отыр. Жолдас Қонаевпен және облыс басшыларымен пікір алысқанбыз. Бұл пікірімізді олар негізінен қолдады. Жұмабек Ахметович, енді сіздің пікіріңізді білгім келіп шақырып отырмын» - деді. Мәймөңкені білмейтін басым: «Никита Сергеевич, мен бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуының өзіне қарсымын» - дедім. Менің сөзімді естісімен-ақ бастықтың беті қызарып, көзі аларып, тұтығып, маған жалтақ-жалтақ қарап тұрып қалды. Сәлден кейін: «Саяси Бюроның келісіміне қарсы шығатын сен өзің кімсің, біз саған сенім білдіріп, республиканың үкімет басшысына дейін көтердік, ал сенің айтып отырғаның мынау. Бұл мәселені сендерсіз-ақ шешеміз. Кеңес елі бір мемлекет, қай жерді қай республиканың меншігіне беру КСРО Жоғарғы Кеңесінің еркі. Бұл жай пікір алысу еді», - деп реңінен ашуының қайтқаны біліндi. Сонысын пайдаланып, халқымыздың «шешінген судан тайынбас» дегені есіме түсіп, пікірімді жалғастырдым. «Никита Сергеевич, - дедім, - егер Жоғарғы Кеңес әр республиканың жерлерін жергілікті органдарынсыз шеше беретін болса КСРО-ның және ұлт республикаларының Конституциясын жою керек қой. Ал ол Конституциялардың баптарында әр ұлт республикасы өзінің тарихи жеріне, ондағы байлығына өз меншігім деп пайдалануға құқы бар. Оны өзгертуге ешкімнің, ешбір органның құқы жоқ», - деп ойымда жүрген Ата Заңымызда жазылған баптардағы тұжырымды айттым. Сөзімді жалғастырып: «Егер бұл заңдармен санаспайтын жағдай туса, онда біз халықаралық заңды мекемелерге дейін шағым беруден тайынбаймыз, ондай құқығымыз бар»,-деп айттым. Далаға шыққан соң Д.А. Қонаев: «Әй, Жұмеке-ай, жүрек жұтқан көзсіз батырсың-ау»,-деді. Осындай күрделі жағдайда Қазақстан басшылығы мен оның халқының пікірімен Н.С.Хрущев та санасуға мәжбүр болып алғашқы ойынан қайтады. Бұл сталиндік зұлматтан кейін еңсесі түскен қазақтың ұлттық рухын оятқан ерлік оқиға болды.

Ж.А.Тәшенов КСРО-ның басқа да басшыларымен қаймықпай, тең дәрежеде сөйлесіп, оларды мойындатып отырған. Мысалы, КСРО Қаржы министрі Б.Ф.Гарбузов мінезі жеңіл, аумалы-төкпелі, айтқан сөзінің бәтуәсі аз адам болыпты. Бірде Жұмабек Ахметұлы келесі жылдың бюджеті туралы сөйлесуге барса, министр шалқая жатып: «үнемі сұрайсыңдар, ақша жоқ» деп жөнімен сөйлеспейді. Сонда Жұмекең: «Албанияның Премьер-министрі Мехмет Шеку келсе, далаға жүгіріп шығып, есік алдында қарсы алар едің, ал Албаниядан 10 есе үлкен Қазақстанның Премьер-министрімен неге дұрыс сөйлеспейсің», -деп дүрсе қоя береді. Сөзден ұтылған Мәскеу министрі кешірім сұрап, қойған мәселесін нақтылы шешіп береді.

Ж.Тәшенов КСРО басшылығы қатарында шетелдерге шыққанда немесе шетелдік делегацияларды қабылауда өзінің биік ой-өрісінің деңгейін көрсете білген. Соның бір мысалын қаламгерлер Еркінбек Тұрысов пен Жолдыбай Базаров былай деп жазады: 1959 жылы 1 қазанда Қытай Халық Республикасының 10 жылдық мерекесіне орай КСРО басшысы Н.С.Хрущев бастаған делегация барады. Делегацияны ҚХР басшысы Мао Цзедун өзі қарсы алады. Әңгіме үстінде Мао Цзедун: «Кеңес Одағы, сөз жоқ, ұлы ел, ал біз Ұлы Қытаймыз»,- депті. Н.С.Хрущев: «Солайы солай ғой, бірақ КОКП – дүниежүзілік коммунистік қозғалыстың авангардында келеді», - дейді. Мао Цзедун: «Бірақ Қытайда коммунистер КСРО-ға қарағанда көп қой» - дегенде Н.С.Хрущев сөзден тосылып қалады. Сонда Ж.Тәшенов «Революцияны Кеңес коммунистері жасады емес пе? Олар кейін қытай коммунистеріне көмектесті ғой», - деп тығырықтан

жол табады. Бұл уәжге қытай жағы жауап бере алмай қалады. Н.С.Хрущев әңгіме біткен соң риза болып Тәшеновке: «Сен өзің марксист екенсің ғой», - депті. Келесі күні Кеңес делегациясының құрметіне қонақасы беріледі. Қонақасы кезінде Н.С.Хрущев бәрінен өзін жоғары санап орынсыз сөйлейді. Бірге барған Ж.Тәшенов ыңғайсызданып Н.С.Хрущевті шынтағынан түртеді. Ол ызғарланып «тише» деп алып сөйлеуін жалғастыра береді. Мұны байқап қалған Мао Цзедун аудармашыға әлдене деп ақырын тіл қатады. Аудармашы Ж.Тәшеновке сыбырлап: «Сіз ұялмай-ақ қойыңыз», - депті. Осы жәйттен кейін Мао Цзедун кеңес делегациясын шығарып салуға келмейді. Қайтар жолда Н.С.Хрущев: «Саған әлгі Мао Цзедун кеше не деді?», - деп сұрайды. Сол оқиғаға зығырданы қайнап келе жатқан Ж.Тәшенов: «Мынауыңа айт, көп ойлап, аз сөйлесін деді», - деп жауап береді.

Садықбек Адамбеков пен Жолдыбай Базаров сияқты қаламгерлер Жұмабек Ахметұлының қазақ баспасөзінің мүддесін қорғап, рухани майданда көрсеткен бір ерлігін жазады. 1958 жылы 28 шілдеде ҚКП Орталық Комитетінің бюросында «Қазақ әдебиеті» газетінің саяси бағыт-бағдарының коммунистік идеологияға сай келмейтіндігі, «озық ойлылардың» ойлап тапқан пролетариат мәдениетіне, талабына жат дүниелерді аңсап «ауруы», қазақ ұлтшылдарын төңірегіне топтастыру, «адам айтқысыз қателікке ұрындырғандығы» газеттің жабылып-жабылмауы талқыға түседі. Мінбеге сөйлеуге шығып бара жатқан газеттің бас редакторы Сырбай Мәуленов Қазақстанның бірінші басшысы И.Д. Яковлев бастаған топтың мысынан аяғын сылбыр басып, түсі қашып бара жатқанда, ешкімді көзге ілмей орынсыз ілік тауып «Қазақ әдебиетін» тұқыртып немесе жауып тастағалы келіп отырғандарға ызаланған Жұмабек Ахметұлы: «Тайсақтамай батыл сөйле!» деп жігер береді. Жұмабек Ахметұлының әлгі сөзі С. Мәуленовті сескенбей сөйлеуге итермелеп, қорытынды сөзінде былай дейді: «Қазақ халқының басынан шойындай қара бұлт кетпей-ақ қойды. Арал маңында, Бетпақдалада оба ауруына қарсы бекет бар. Ал, Алматыда ұлтшылдарды қолдан жасайтын «фабрика» жұмыс істейді», - дейді.

Ж.Тәшеновтің бір ауыз сөзі «Қазақ әдебиеті» газетін жақтаушыларды бір көтеріп тастап, мәжіліс залындағы қарсылас топты жеңіп шығуына жол ашып бергендей болады.

Көзі көргендер айтуынша, Жұмабек Ахметұлы қызметі төмендегеніне мойымай, ғылыми жұмысын жалғастырып, Мәскеуде 1962 жылы экономика ғылымы саласы бойынша кандидаттық диссертация қорғайды. Сол қорғау кезінде Н.С.Хрущевке қарсы шыққан Қазақстанның «асау премьер-министрін» көруге бірқатар шетелдіктер арнайы келіпті.

Ж.Тәшенов еліне, ұлтына сіңірген ерен еңбегінің, қалтқысыз қызметінің арқасында көзі тірісінде-ақ ел аузында аңызға айналды, қарапайым халықтан жоғары баға алды. Ж.Тәшеновтің жоғары адамгершілік қасиеттеріне, еліне сіңірген еңбегіне риза болып ел арасында айтылған сөздер жетерлік.

Ғ.Мүсірепов іссапармен Шымкентке келгенде профессор Керімбек Сыздықов серік болып, ол кісіні ертіп жүреді. Сол кезде Ғ.Мүсіреповтің Ж.Тәшеновке қарап айтқан мына бір сөзіне куә болыпты. Ғ.Мүсірепов: «Біз ЦК емеспіз, біреуді бір орыннан алып, бір орынға қоя алмаймыз. Жазушы деген халық адамға өз жүрегінен орын береді. Әр уақытта менің жүрегімнің төрінен орын алатын менің ер інім, Жұмабектің мынау елге келген қадамы сіздерге құтты болсын деп тілек айтпақпын», - деген екен. Мақтау сөзге сараң халық жазушысының бұл бағасы сан мыңдаған қазақтың пікірі деуге болады екен.

Тарихта мемлекеттер арасындағы жер дауы талай ауыр зардаптарға

соқтырғаны мәлім. Алысқа бармай-ақ, кезінде Ресейден Украинаға берілген Қырым облысы екі елдің арасында шешімі табылмаған дауға айналғаны белгілі.

Осы айтылғандарды қорытындыласақ, Ж.Тәшеновтің КСРО басшылығымен тайталаса жүріп қазақ жері мен халқы үшін жасаған еңбегіне қазақ халқы оған мәңгілік қарыздар. Басқа ерліктерін былай қойғанда егер 5 облыс Ресей Федерациясына өтіп кеткенде Қазақстан кемінде өз жерінің үштен бірінен айрылар еді. Болашақта тәуелсіз еліміздің бас қаласы болатын Целиноград қаласы жат қолында қалар еді. Кеңестік замандағы тоталитарлық жүйенің билік лауазымына ие болса да, өз ұлтының мүддесін әсте де естен шығармаған, халқының сілтесе семсері, қорғанса қалқаны бола алған ұлтжанды, қайсар азамат Жұмабек Тәшенов сондай тұлғалардың бірі болды. Міне, сондықтан халық жүрегінде сақталған абзал жанның жарқын бейнесін, есімін, ерлігін жаңғыртып отыру - бүгінгі ұрпақтың парызы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уәйіс Е. Ұлт басына туған ер.// Сыр бойы. 22 мамыр, 2010ж.
2. Нұрмағамбетов С. Жұмабек Тәшенов жайында бір үзік сыр.
3. Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай. Алматы. 1992 ж.
4. Сүлейменов Н. Шындық пен сұмдық.
5. «Жас алаш» газеті. № 80. 6 қазан, 2011ж.
6. Қазақ Энциклопедиясы. 8-том.
7. Кенжебаев С. Бәрі құрбан ата мекен жолында.
8. Бәшен Ұ. Жаны жайсаң жан еді.

***

В данной статье освещается жизнь и деятельность общественного деятеля Жумабека Ахметовича Ташенова.

***

It is considered a life and activity of public figure Zhumabek Akhmetovich Tashenov in the article.

УДК 94(574):37.01

Ержигитов А.Ж. *– преподаватель,*
ЗКГУ им. М. Утемисова

ТРАНСФОРМАЦИЯ ВЫСШЕЙ ТЕХНИЧЕСКОЙ ШКОЛЫ В КАЗАХСТАНЕ В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ

Стабильное развитие общества обеспечивается функционированием основных социальных институтов. В жизни современного общества особое место занимает институт образования. Образование выполняет целый комплекс важнейших функций, обеспечивающих жизнедеятельность общественной системы. Характеристика особенностей системы образования тесно связана с политикой государства в этой области. Именно государство призвано играть ведущую роль в формировании ключевых параметров образовательной системы и определении основных направлений её развития через принятие регулирующих нормативно-правовых актов и перспективных программ. Процесс институционализации образования неразрывно связан с эволюцией человечества в целом. Накопление знаний, прогресс науки и техники требовали появление все более дифференцированной структуры этого института. Система образования в современном обществе включает различные уровни и компоненты, призванные формировать человеческий капитал. Особое место в этой деятельности занимает

высшее образование.

Общее социально-экономическое положение в стране и состояние образовательной системы тесно связаны. С одной стороны, от качества специалистов, выпускаемых высшей школой, зависит возможность эффективного развития, с другой - особенности социальной системы общества в целом непосредственно влияют на способность института образования выполнять свои функции.

Эффективность экономики, уровень и качество жизни населения во многом определяются уровнем развития промышленности, который в свою очередь зависит от состояния инженерного труда и квалификации инженерных кадров. Преимущества социально-экономических систем в современном мире обеспечиваются их инновационностью и внедрением передовых наукоемких технологий. В связи с этим для Казахстана является исключительно значимой, приоритетной проблема уровня высшего технического образования. В ежегодных посланиях Президента Н. А. Назарбаева народу Казахстана особое внимание уделяется качественному развитию системы образования.

В начале 90-х годов XX века распадается СССР, Казахстан становится независимым государством. После крушения единой социалистической системы наша республика избирает свой путь развития – формирование рыночных отношений, демократического, правового государства. Для построения новой общественной системы необходимо образованное, просвещенное население. Необходимое основание в виде образовательной системы осталось от Советского Союза. Но это основание было несколько деформировано вследствие негативных явлений эпохи застоя, а затем реформ времен перестройки. Кроме того, взятый курс на построение рыночной экономики требовал перестройки образовательной системы в целом и высшей школы в частности. Вузы становятся субъектами рыночных отношений и должны подчинять свою деятельность законам рынка. В то же время специалисты, выпускаемые вузами, должны были обладать новыми качествами, необходимыми для конкурентной борьбы на рынке труда.

Первые годы независимости связаны с глубоким социально-экономическим кризисом. Разрушение прежней системы социальных, политических, экономических, культурных связей привело к нарушению функционирования всех социальных институтов. Нарастающие кризисные явления в экономике существенно подорвали возможности государства в области финансирования и материально-технического обеспечения системы образования. Дефицит государственных финансов поставил многие высшие образовательные учреждения на грань выживания. Низкий уровень финансирования материально-технических потребностей особенно тяжело сказывался на высших учебных заведениях технического профиля. Хроническое недофинансирование приводило к многомесячным задержкам заработной платы работникам и стипендии студентам. В связи с этим возникла опасность снижения качества образования, ухудшения интеллектуального основания общества. Однако, несмотря на трудности перевода страны на путь рыночной экономики в 90-е годы XX века удалось сохранить высшую школу, в том числе и техническую, а в начале XXI века выйти на новые перспективы развития.

За 20 лет независимости высшая школа претерпела множество изменений. Первые годы самостоятельного развития были связаны с формированием конституционно-правовых основ системы образования. В 1992 году был принят закон «Об образовании», в 1993 году закон «О высшем образовании». Эти законы призваны были создать нормативную базу для

функционирования высшей школы в условиях рыночной экономики. В качестве ориентира для преобразований была выбрана модель высшей школы ведущих западных стран. Первым шагом к этому было введение многоуровневой структуры высшего образования с принятием Государственного стандарта высшего образования.

Следующий этап связан с принятием в 1995 году Конституции Республики Казахстан. Основной закон определил вектор развития и принципы государственного и общественного устройства. Заложил основы становления системы образования. Было закреплено право на получение высшего образования, статья 30 гласит: «2. Гражданин имеет право на получение на конкурсной основе бесплатного высшего образования в государственном высшем учебном заведении. 3. Получение платного образования в частных учебных заведениях осуществляется на основаниях и в порядке, установленных законом. 4. Государство устанавливает общеобязательные стандарты образования. Деятельность любых учебных заведений должна соответствовать этим стандартам» [1]. Признается многообразие и равенство различных форм собственности. Появляются негосударственные высшие учебные заведения. Государственные вузы получают право набора студентов на платной основе, что позволяет диверсифицировать источники финансирования. В 1995-97 годы принимаются первые казахстанские образовательные стандарты по специальностям. В 1997 году Казахстан подписал Лиссабонскую конвенцию, подтвердив свое стремление войти в единое европейское образовательное пространство. Последнее десятилетие XX века для нашей республики время глубокого социально-экономического кризиса, поэтому основное внимание и ресурсы были направлены на стабилизацию, прежде всего экономической ситуации.

К концу 90-х годов Правительству удалось обеспечить улучшение макроэкономических показателей развития, что дало возможность начать новый этап в реформировании высшей школы. В 1999 году принимается новый закон «Об образовании», наметивший главные направления дальнейшего реформирования. Государственный заказ на подготовку специалистов с высшим образованием теперь реализовывался на основе государственных образовательных грантов и государственных образовательных кредитов, получаемых абитуриентами на конкурсной основе. С 2005 года оставляются только государственные образовательные гранты, объем которых был увеличен в 2 раза, если в 2004 году государственный заказ составлял 15555 грантов, то в 2005 – 31210. Получают дальнейшее развитие процессы децентрализации управления, дифференциации источников финансирования, расширения академических свобод вузов. Разрабатываются и вводятся в действие образовательные стандарты нового поколения. С 2002 года вузы начинают постепенный переход к кредитной системе обучения.

Новый этап дальнейшего развития системы образования связан с завершением перехода вузов к кредитной системе обучения, внедрением многоуровневой системы высшего образования (бакалавриат – магистратура – докторантура). Для реализации новых задач, стоящих перед системой образования, в 2007 году был принят закон «Об образовании», в 2009 году внедрен новый Государственный стандарт образования, в 2011г. – закон «О науке». Новый закон «О науке» закладывает основу для системной государственной поддержки науки [2]. В 2010 году Казахстан присоединился к Болонскому процессу, что должно сыграть важную роль в

международном признании казахстанского образования. В декабре 2010 года принимается Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 - 2020 годы, формулирующая новые задачи и механизмы их реализации. Главной целью заявлено: Повышение онкурентоспособности образования, развитие человеческого капитала путем обеспечения доступности качественного образования для устойчивого роста экономики [3].

В XXI веке, в условиях становления постиндустриального общества, именно образование становится ключевым фактором, обеспечивающим устойчивое развитие общества. На ведущие позиции выходит промышленно-производственный сектор, создание материальных благ, где особое место принадлежит инженерной профессии. Казахстан должен следовать в русле мировых трендов, если желает войти в число развитых стран мира. Для обеспечения этих устремлений в марте 2010 года была принята Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010 – 2014 годы. Программа направлена на обеспечение устойчивого и сбалансированного роста экономики через диверсификацию и повышение ее конкурентоспособности [4]. Решение поставленных задач в полной мере может быть обеспечено только при наличии соответствующего кадрового потенциала, особое место в котором занимают инженерные работники.

Многоукладность экономики, множественность форм собственности, становление рыночных отношений, негарантированная занятость формируют новый образ жизни казахстанцев, в котором большую значимость имеет инженерно-техническое образование, будучи фактором социально-экономического и научно-технического развития общества. В подготовке кадров с высшим образованием наметилась тенденция увеличения подготовки “затратных специальностей”, в частности, естественно-научного и технического направлений, без чего невозможно научно-техническое развитие общества [5].

По данным Агентства по статистике Республики Казахстан в 2009 году образовательную деятельность осуществляло 148 вузов, из них 53 государственных и 95 частных. Основная часть высших учебных заведений представлена университетами, 93 от общего количества. Сущностью университетского образования является обучение посредством исследования, представленного научной деятельностью профессоров и вовлечением в исследовательский процесс студентов. Университет обязан проявлять активность во включении в общественную жизнь, будучи ответственным за возрождение целостности государства, формирование гражданской позиции, а также за этическое обоснование достоинства знания и учености [6].

Согласно информации Национального доклада о состоянии и развития образования в 2009 году подготовку бакалавров по группе специальностей «Технические науки и технологии» осуществляло 92 вуза. Из всего контингента студентов бакалавриата (общая численность студентов – 610264 человека) 20,5% обучалась по специальностям «Технические науки и технологии» [7].

Размер государственных средств, выделяемых на высшее образование в 2009 году составил 0,4% от ВВП. Большая часть бюджетных средств, выделяемых на образование, приходится на оплату труда педагогических работников – более 70% [8]. Подготовка инженеров требует значительных финансовых затрат, и, как показывает опыт ведущих стран, основные расходы берет на себя государство. В среднем по развитым европейским странам к концу XX в. доля частного финансирования составляла всего 10%, а

государственного – 90%. В Европе доминирующая роль плательщика в сфере высшего образования и гаранта его доступности, таким образом, сохраняется за государством [9].

В недалеком будущем вузы могут столкнуться с проблемой остепененности, так как выпуск докторантов с защитой диссертации и получением степени PhD остается очень низким. Министерству необходимо рассмотреть вопрос о принятии временных переходных мер для решения этого вопроса. Образование является целостной системой, компоненты которой тесно взаимосвязаны и оказывают взаимное влияние друг на друга. И если высшее образование в целом перешло на новую структуру подготовки кадров, то общее среднее образование ещё не перешло на 12-летнюю систему обучения. Хотя именно 12-летняя средняя школа должна являться базой для продолжения обучения в бакалавриате.

Высшее техническое образование, как и вся система высшего образования в Казахстане переживает непростые процессы преобразования, перехода на новую модель обучения. Модель прежде всего должна быть направлена на конкурентоспособность и карьерный рост выпускников – один из важнейших факторов качества высшего образования [10]. Ведущим ориентиром становится интеграция в мировое образовательное пространство и многие тенденции определяются им. Новое тысячелетие предъявляет свои требования к ролям исполняемым инженером. Среди основных направлений осуществляемых преобразований можно отметить следующие: усиление гуманитарной составляющей; фундаментализация образования; развитие информационно-коммуникативных технологий; более глубокая интеграция образования и рынка труда; более тесные связи с работодателями; способности к образованию в течение всей жизни; реализация компетентностного подхода. Исследуя пути модернизации образовательного процесса в рыночных условиях, можно сделать вывод о том, что вопросы повышения качества образовательного процесса имеют основополагающее значение. Инженерное образование Казахстана в целом сегодня призвано формировать не просто конкурентоспособного на мировом рынке труда специалиста, а личность, осознанно и ответственно относящуюся к своему профессиональному долгу, социокультурному окружению общества, к своей стране, ее истории и будущему.

Список использованной литературы:

1. Конституция Республики Казахстан // http://www.e-gov.kz/wps/portal

2. Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана. Послание Президента – Лидера Нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана//Казахстанская правда от 28.01.2012г., №32(26851)

3. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 - 2020 годы//Казахстанская правда от 14.12.2010 г., № 338 (26399)

4. Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию Республики Казахстан на 2010 – 2014 годы.// http://ru.government.kz/resources/docs/doc12

5. Казахстан за годы независимости. Информационно-аналитический сборник. Подготовлен Агентством Республики Казахстан по статистике. Под ред. Б.Т.Султанова. Алматы, 2006.

6. Нечаев В. Университет в системе высшего образования//Саясат, 2006, №2, с. 15

7. Национальный доклад о состоянии и развитии образования. Астана-2010//

http://www.edu.gov.kz/ru/dejatelnost/nacionalnaja_sistema_ocenki_kachestva_obrazovanija/

8. Там же.

9. Абдразаков А. Проблемы финансирования системы высшего образования в Казахстане//Саясат, 2007, №1, с. 47

10. Ауланбергенов А. А., Козыбай А. К. Подготовка инженерных кадров по кредитной технологии обучения в Казахском национальном аграрном университете//Вестник Академии Педагогических наук Казахстана, 2008, №5-6, с. 19.

***

Мақалада Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алу жылдарындағы жоғары білім беру жүйесінің реформалау сатысы, жоғары мектептің конституциялық-құқықтық негіздерінің қалыптасуы қарастырылады. Қазіргі Қазақстан қоғамының модернизациялау кезеңіндегі жоғары техникалық білімнің ерекшелігі мен орнын айқындайды.

***

Articles are considered: - stages of reforming of system of the higher education during the years of independence of the Republic of Kazakhstan, formation of the constitutional legal bases of the higher school;

- roles and features of the higher technical education at the present stage of modernization of the Kazakhstan society.

УДК 351.755 «1897/1917» (574.1) - 09

Есеева Г.Н. *- преподаватель,*
ЗКГУ им.М.Утемисова

ДИНАМИКА ЧИСЛЕННОСТИ И ХАРАКТЕР РАССЕЛЕНИЯ РУССКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА В 1897 -1917 гг.

Установить общую численность русского населения региона, к началу изучаемого нами периода, с учетом всех формирующих компонентов этноса, позволяют материалы первой Всеобщей переписи населения Российской империи 1897 года. Необходимо отметить, что стержневым принципом разбивки на этнические группы в программе переписи было распределение по родному языку.

Общая численность лиц в регионе, посчитавших родным “великорусский” язык, иначе говоря, русских, на момент переписи, составила 175 512 человек. Рассмотрим картину расселения русских по уездам региона в свете данных переписи 1897 года на основе следующей таблицы.

Русское население Западного Казахстана по итогам переписи 1897 года [1].

Уезды	Общая численность населения	Численность русских	Удельный вес русских в составе населения.

Уральский	293619	124072	42,3 %
Гурьевский	86758	14667	16,9 %
Калмыковский	169673	21796	12,8 %
Темирский	95071	359	0,4 %
Актюбинский	115215	3248	2,8 %
Иргизский	98697	875	0,9 %
Мангышлакский	68555	1795	2,6 %
Букеевский	214796	660	3,1 %
Всего	1 142384	175 512	15,4 %

Как видим, расселение русских на территории региона выглядело очень неравномерно. Самая высокая численность русских наблюдается в трех уездах – Уральском, Гурьевском и Калмыковском, входивших в состав Уральской области. Такая неравномерность расселения русских имела свои причины. Процесс формирования русского этноса в Уральской области начался гораздо раньше, чем в других частях региона. Переселенческий процесс, послуживший основой формирования русского этноса в других областях, только набирал силу.

Рассмотрим более подробно картину расселения русских на территории административных единиц, входивших в состав Уральской области. Общая численность населения области, по материалам первой Всеобщей Переписи 1897 года составила 645 121 человек. Удельный вес русского этноса в области был самым высоким, по сравнению с другими инонациональными группами – ¼ населения, или 160 894 человек. Неравномерной была картина размещения русских по городам и селам. Основная масса русского населения была сосредоточена в сельских населенных пунктах. Так, общая численность русского населения в уездах составляла 115 368 человек, а в городах – 45526 человек. Значительное численное преобладание в концентрации русского этноса по сравнению с другими уездами наблюдается в Уральском уезде, где без учета городов (Уральска и Илецка) проживало 86815 представителей этой этнической группы. В городе Уральске проживало 31679 человек русской национальности, в Илецке – 5578 человек. В других административных частях Уральской области численность русских была значительно ниже. В Гурьевском уезде их насчитывалось 14667 человек, в Калмыковском – 21796, а в Темирском – всего 359 человек.

Эффективная организация педагогического процесса воспитателем невозможна без авторитета человеческой притягательности, без доброжелательности и взаимной, педагога и детей, симпатии. Нравственно-эстетическое взаимопритяжение есть самая благоприятная и эффективная атмосфера педагогического взаимодействия. Эффект человеческой притягательности возникает в учителе не только благодаря его эрудиции и интеллектуальной развитости. Он образуется как следствие таланта человеческого интереса, любви учителя к другому человеку. Таким образом, высокая нравственность, духовная цельность и убежденность, эрудиция и интеллектуальная развитость, человеческая притягательность являются важнейшими условиями формирования педагогического авторитета воспитателя, классного руководителя

Одним из важнейших компонентов, образующих способность современного специалиста педагогического профиля к достижению успеха в профессиональной деятельности, профессиональной самореализации является высокий уровень сформированности профессионального самосознания. Профессиональное самосознание учителя может быть рассмотрено как процесс, «внутренняя» деятельность, имеющая свой продукт – «профессионально-педагогическую Я – концепцию», и как интегральное качество личности, объединяющее и воплощающее в себе весь ее профессиональный опыт. Структура профессионального самосознания включает совокупность когнитивной («Я-понимание»), аффективной («Я-отношение») и поведенческой («Я-поведение») подструктур, содержание которых отражает специфику педагогической деятельности. Составляющие компоненты структуры самосознания могут быть представлены и как этапы его развития.

Учительство - это искусство, труд не менее творческий, чем труд писателя или композитора, но более тяжелый и ответственный. Учитель обращается к душе человеческой не через музыку, как композитор, не с помощью красок, как художник, а впрямую. Воспитывает личностью своей, своими знаниями и любовью, своим отношением к миру.

Однако, учитель в гораздо более высокой степени, чем артист, должен воздействовать на свою аудиторию, содействовать формированию мировоззрения своих подопечных, дать им научную картину мира, пробудить чувство прекрасного, чувство порядочности и справедливости, сделать грамотными и заставит поверить в себя, в свои слова. При этом в отличие от актёра, он вынужден работать в режиме обратной связи: ему постоянно задают разнообразные вопросы, в том числе коварные, и все они требуют исчерпывающих и убедительных ответов. Настоящий учитель, Учитель с большой буквы - это личность, рождающая, формирующая другие личности (в идеале - совместно с семьёй). Для этого ему необходимо не только внимание и уважение со стороны его учеников, со стороны всего общества.

Педагог - не только профессия, суть которой передавать знания, но и высокая миссия сотворения личности, утверждения человека в человеке. В этой связи можно выделить совокупность социально и профессионально обусловленных качеств педагога:

- высокая гражданская ответственность и социальная активность; любовь к детям, потребность и способность им отдать им свое сердце; духовная культура, желание и умение работать вместе с другими; готовность к созданию

новых ценностей и принятию творческих решений; потребность в постоянном самообразовании; физическое и психическое здоровье, профессиональная работоспособность.

- профессионально-педагогическая направленность: идейная убежденность, общественная активность, склонность к доминированию, социальный оптимизм, коллективизм, профессиональная позиция и призвание к инженерно-педагогической деятельности;
- профессионально-педагогическая компетентность: общественно-политическая осведомленность, психолого-педагогическая эрудиция, инженерно-технический кругозор, педагогическая техника, компьютерная подготовленность, умения и навыки по рабочей профессии, общая культура;
- профессионально-важные качества личности: организованность, социальная ответственность, коммуникативность, прогностические способности, способность к волевому воздействию, эмоциональная отзывчивость, доброта, тактичность, рефлексия на свое поведение, профессионально-педагогическое мышление, техническое мышление, произвольное внимание, педагогическая наблюдательность, самокритичность, требовательность, самостоятельность, креативность в области педагогической и производственно-технологической деятельности;
- психодинамические свойства: возбудимость, уравновешенность, эмоциональная устойчивость, высокий темп психической реакции, успешность формирования навыков, экстравертированность, пластичность.

Мастер педагогического труда - это прежде всего высококомпетентный в психолого-педагогической и в собственно предметной области специалист, умеющий творчески репродуцировать на высоком уровне профессиональные знания, умения и навыки.

Уровень профессионализма педагога зависит от его компетентности, а также от степени развития профессионально-педагогического мышления. Построение и проведение каждого занятия требует творческого подхода, так как это всегда разное социально-психологическое состояние группы, разные индивидуальности и соответственно разные схемы проведения, разные методы обучения. Хотя педагогов, создающих объективно новые технологии обучения или воспитания, очень мало, но уже любой занятие, удачно комбинирующее известные методы и методики, в той или иной мере является результатом творчества.

Список использованной литературы:

1. *Кан-Калик В.А., Никандров Н.Д. Педагогическое творчество. - М.,1999.*
2. *Конаржевский А.Ч. Мастерство устной речи лектора. - М.: МГУ, 2001.*
3. *Леднев В.С. Содержание образования. - М., 1999.*
4. *Психология профессиональной подготовки. - СПб, 2003.*
5. *Рогинский В.М. Азбука педагогического труда. - М., 2000.*
6. *Хуторский А.В. Современная дидактика. - СПб: Питер, 2001.*

***

Мақалада білім беруде нәтижелі, мамандандырылған педагогикалық шеберліктің жеке психологиялық факторлары қарастырылған (кәсіби құзыреттілік, педагогтың әлеуметтік және кәсіби мәнді сапалары).

***

The individual psychological factors of success, professionalism and mastery in aspects of educational activity (pedagogue's professional competence, social and professional significant quality) are considered in the article.

УДК 378:371.3

Жумагалиева А.Е. *– к.ф.-м.н., доцент,*
ЗКГУ им. М. Утемисова,
Неталиева Ф.С. *– магистр, преподаватель,*
ЗКГУ им. М. Утемисова

АКТУАЛИЗАЦИЯ ЗНАНИЙ СТУДЕНТОВ С ПОМОЩЬЮ КОМПЕТЕНТНОСТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫХ ЗАДАНИЙ

Математическое образование студента–математика начинается с изучения трех основных дисциплин: математического анализа, аналитической геометрии и высшей алгебры. Эти дисциплины имеют ряд точек соприкосновения, а местами и перекрытий, и вместе составляют фундамент, на котором строится все здание современной математической науки. Одной из таких точек соприкосновения является тема «Комплексные числа».

В данной статье рассматривается этап актуализации знаний у студентов третьего курса по теме «Комплексные числа и действия над ними» при изучении предмета «Комплексный анализ». Отдельные вопросы данной темы изучались ими на 1-2 курсах в дисциплинах «Алгебра», «Аналитическая геометрия» и «Математический анализ». С целью актуализации знаний студентов были разработаны компетентностно-ориентированные задания по данной теме.

В цикле педагогических и методических дисциплин студенты знакомятся с вопросами компетентностного подхода в образовании, с использованием компетентностно-ориентированных задании. В научно-методической литературе предлагается следующая структура таких заданий: стимул, задачная формулировка, источник информации, бланк для выполнения задания, инструмент проверки. Конструирование компетентностно-ориентированного задания должно удовлетворять определенным требованиям. Стимул погружает в контекст задания и мотивирует на его выполнение. Задачная формулировка точно указывает на деятельность студента, необходимую для выполнения задания.

В статье рассматривается три комптетентностно-ориентированных задания с общим стимулом, а именно, повторение вопросов, необходимых для дальнейшего изучения курса «Комплексный анализ»: определения понятия комплексного числа, операций сложения, вычитания, умножения и деления над комплексными числами, представления комплексного числа в алгебраической, тригонометрической и геометрической форме. Стимулом к выполнению задания являются также освоение компетентностного подхода в обучении. К каждому заданию дана задачная формулировка: для первого задания - это нахождение действительной и мнимой части, модуля и значения аргумента комплексного числа z, для второго – нахождение суммы, разности, произведения, частного и возведения в степень комплексного числа, для третьего - представление комплексного числа в алгебраической, тригонометрической и геометрической форме и доказательство формул. Перед выполнением задания внимание студентов обращается на источники информации, которые содержат материал, необходимый для успешной деятельности студента по выполнению заданий: определения, операций, формулы представления. Бланк для выполнения задания задает структуру предъявления студентом результата своей деятельности по выполнению задания. В некоторых заданиях студентам предлагается

шкала оценивания, где указаны баллы по параметрам, содержание и организация устного или письменного ответа.

Далее приводятся компетентностно-ориентированные задания, которые были использованы на практических занятиях со студентами третьего курса по специальности «Математика» при изучении темы «Комплексные числа и действия над ними».

Стимул: Вы знакомы с комплексными числами и действиями над ними. Для понимания и усвоения данной темы и для развития навыков выполнения действий над комплексными числами, вам необходимо выполнить следующие задания:

Задание №1.

Задачная формулировка: В источнике 1 даны необходимые формулы для выполнения заданий. Используя эти формулы и решив данные задания, заполните в бланке №1 поле модельного ответа, указав в нём ход решения задании**.**

Дано комплексное число z=4-3i.

Найти:1) Rez и Imz;

2) модуль $|z|$;

3)главное значение аргумента z.

Источник 1

Комплексное число $z = a + ib$

Rez - действительная, Imz - мнимая часть комплексного числа z

Re z=a, Im z=b , $|z| = \sqrt{a^2 + b^2}$

Arg z=arg z+2kπ - аргумент комплексного числа z (k=0, $\pm 1,\pm 2,...$), arg z – главное значение Arg z, определяемое условиями $-\pi \prec \arg z \leq \pi$.

$\arg z = arctg\frac{b}{a}$, если $a \succ 0$

$\arg z = \pi + arctg\frac{b}{a}$,если $a \prec 0, b \geq 0$

$\arg z = -\pi + arctg\frac{b}{a}$, если $a \prec 0, b \prec 0$

$\arg z = \frac{\pi}{2}$, если $a = 0, b \succ 0$

$\arg z = -\frac{\pi}{2}$, если $a = 0, b \prec 0$

Бланк №1.

Найти:	Решение	Ответ
1)		
2)		
3)		

Шкала оценки выполнения задания №1:

№	ФИО студентов	критерий			
		Использование источников	Задание выполнено с ошибкой	Задание выполнено полностью	Общий балл
		20	60	80	100

Задание №2.

Задачная формулировка: Установите соответствие между заданиями и ответами: к каждому заданию в первом столбце подберите ответ из второго столбца. Запишите ход своих рассуждений и сформулируйте решение письменно в бланке №2.

№	Вычислить	Ответы
1	$(3+2i)+3(-1+3i)$	А.11i, Б. -3i, В.2
2	i-2-$(6-5i)$	А.-8-6i, Б.11i, В. -3i
3	$(1+i)(1-i)$	А.2, Б.11i, В.-3i
4	i^3, i^{101}	А.-i, i, Б.-1, 2, В. I,2
5	i^6, i^{102}	А.-1,-1, Б.2, -1, В.-2, 1
6	$\frac{3}{i}$	А.-3i, Б.11i, В.2
7	$\frac{2+3i}{-i+5}$	А. $\frac{7+17i}{26}$, Б. $\frac{7-17i}{16}$, В. $\frac{1+17i}{26}$
8	x^2+1	А. $(x-i)(x+i)$, Б.11i, В.-3i
9	a^2+4b^2	А. $(a-2bi)(a+2bi)$, Б.2, В.-3
10	x^4-16	А. $(x-2)(x+2)(x-2i)(x+2i)$, Б.-2, В.3

Запишите в таблицу выбранные ответы, а затем получившуюся последовательность ответов перенесите в бланк 2 с указанием необходимых формул из источника 2.

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Бланк 2.
Формула из источника 2
_____
_____
Решение задания № :
_____
_____
_____

Источник 2

№	Комплексные числа	$z_1 = a_1 + ib_1$, $z_2 = a_2 + ib_2$
1	Сопряженное число	$\bar{z}_1 = a_1 - ib_1,$
2	Сумма	$z_1 + z_2 = (a_1 + a_2) + i(b_1 + b_2)$
3	Разность	$z_1 - z_2 = (a_1 - a_2) + i(b_1 - b_2)$
4	Произведение	$z_1 * z_2 = (a_1a_2 - b_1b_2) + i(a_1b_2 + a_2b_1)$
5	Возведение в натуральную степень n	$z_1^{\,n} = \rho^n(\cos n\varphi + i\sin n\varphi)$, где $\rho = \lvert z_1\rvert$, $\varphi = \arg z_1$
6	Частное	$\frac{z_1}{z_2} = \frac{a_1a_2 + b_1b_2}{a_2^2 + b_2^2} + i\frac{a_2b_1 - a_1b_2}{a_2^2 + b_2^2}$

В бланке 2: за верно названную формулу источника - 2 балла**;**
За правильное решение – 8 баллов;
Максимальный балл за одно задание – 10 баллов
Максимальный балл за 10 заданий – 100 баллов.

Задание №3.

Задачная формулировка: Докажите следующие формулы и сделайте вывод о применениях этих формул. Подготовьте краткое сообщение для своей группы, содержащее ваш вывод. Выступите с сообщением для группы.

1. $z \cdot \bar{z} = a^2 + b^2$;
2. $z_1 \cdot z_2 = \lvert z_1\rvert \cdot \lvert z_2\rvert(\cos(\varphi_1 + \varphi_2) + i\sin(\varphi_1 + \varphi_2))$;
3. $\frac{z_1}{z_2} = \frac{\lvert z_1\rvert}{\lvert z_2\rvert}(\cos(\varphi_1 - \varphi_2) + i\sin(\varphi_1 - \varphi_2))$
4. $z^n = \lvert z\rvert^n(\cos n\varphi + i\sin n\varphi)$, где $\varphi = Argz^n = nArgz + 2\pi k$, $k = 0,\pm1,...$
5. $\sqrt[n]{z} = \sqrt[n]{\lvert z\rvert}\left(\cos\frac{\varphi + 2k\pi}{n} + i\sin\frac{\varphi + 2k\pi}{n}\right)$, $\varphi = \arg z, k = 0,1,2,...n-1.$

Источник 3.



Шкала оценки выполнения задания №3:



По выполнению заданий выявлены следующие недостатки в работе студентов: при возведении в n-степень студенты не учитывают все значения корня; при нахождении аргумента комплексного числа часто не учитывают знаки действительной и мнимой части комплексного числа; затрудняются при определении угла между комплексным числом и положительным направлением оси OX; допускают ошибки при переходе от одной формы записи комплексного числа к другой форме, например, от алгебраической формы к тригонометрической и наоборот. Поэтому, по результатам выполненных заданий проводится работа над ошибками: содержание ошибок и причины их появления. Обсуждается также сама система использования таких заданий в учебном

процессе, в том числе в СОШ.

Таким образом, при использовании данных компетентностно-ориентированных заданий решаются две проблемы: во-первых, происходит актуализация знаний студентов по данной теме, во-вторых, студенты осваивают методику выполнения компетентностно-ориентированных заданий как составной части современных образовательных технологий.

Список использованной литературы:

1. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 7 июня 1999 года №389-1 (с изменениями и дополнениями от 9 июля 2004 года)

2. ГОСО РК 3.08.260-2006, Астана 2006

3. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года, Астана

4. Денисова С.А. Статья «Ключевые компетенции в образовании: современный подход. // Интернет-журнал "Эйдос". г.Новосибирск.

5. И.А.Зимняя Статья «Ключевые компетенции – новая парадигма результатов образования».

6. Г.В.Пичугина. Статья «Компетентностный подход в технологическом образовании».

***

Мақала құзыретке бағытталған тапсырмалар арқылы студенттердің білімін жетілдіру мәселесіне арналған. Бұл жұмыста «Комплекс сандар және оларға амалдар» тақырыбы бойынша «Математика» мамадығының 3-ші курс студенттеріне арналған әр түрлі тапсырмалары қарастырылған.

***

This article discusses the Competence-oriented tasks for updating the knowledge of students. These tasks are designed in an article for the third year students in the specialty "Mathematics" in the study of the topic "Complex numbers and operations on them."

ӘОЖ 378.2

Медешова А.Б. *- п.ғ.к., доцент,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

«Білім өте сапалы болса, онда ол – жер жүзіндегі игіліктердің ең асылы.
Олай болмаған жағдайда оның қажеті де жоқ.
Білім сапасы адам мен қоғам өмірінің сапасын да арттырады!»
Р.Киплинг

Бәсекеге қабілетті маман даярлау қазіргі таңда қазақстандық әрбір кәсіптік білім беретін мекемелер мен ұйымдардың алдында тұрған өзекті мәселе. Бұл ауқымды мәселені шешу үшін еліміздің көптеген оқу орындары батыл қадамдар жасауда. Атап айтқанда, кәсіптік білім сапасын арттыру мақсатында Болон үрдісіне ену, кредиттік оқыту жүйесіне көшу, т.с.с. Мұндай кәсіби білім беру мақсаты - еңбек рыногында, деңгейі мен кәсіби бағыты жағынан бәсекеге түсе алатын, өз мамандығының қыр-сырын еркін меңгерген, қызметтің кез-келген мәселелерін шешуде өз бетімен бағдар жасай алатын, әлем стандарттарына сәйкес кәсіптік жұмыс жасауға икемді, үзбей кәсіби жетілуге бейім маман

дайындау. Бұл құзыреттіліктің қалыптасуына жетелейді.

Құзыреттілік латын тілінен аударғанда «өз ісін жоспарлау мен орындауды жақсы білу, танымы мол, тәжірибелі» дегенді білдіреді. Құзыреттілік - жеке тұлғаның білімі, икемділігі, дағдысы мен іс-әрекеттерінің жиынтығы. Білім мен икемділікпен қаруланған, негізгі ой-тұжырым жасайтын және өзіндік әрекет ете алатын тұлғаны құзыретті деп есептеуге болады. Еуропа елдерінде, мысалы, Францияда «құзыреттілік» пен “икемділік” ұғымдары синоним болып табылады. Шындығында құзыреттілік пен икемділіктің арасындағы өзара үйлесімді байланыс бар.

Құзыреттілік-бағдарлы білім беруді түйінді мәселені шешуге дайындық, технологиялық құзырет, өзіндік білім алуға дайындық, әлеуметтік әсерге дайындық, коммуникативті құзырет деп бөлуге болады. Құзыреттілік түрлерін адами икемділік түрлерімен салыстырмалы түрде былай жіктеуге болады: құнды-мағыналық - мақсатты таңдау, шешім қабылдау икемділігі, жалпы мәдени - бос уақытты тиімді ұйымдастыру тәсілдерін игеру икемділігі, оқу-танымдық - проблеманы шешудің эвристикалық тәсілін меңгеру икемділігі, ақпараттық - қажет ақпаратты іздеу, талдау, түрлендіру, сақтау және оны тасымалдау икемділігі, коммуникативтік - өзін таныстыру, сұрақ қою, хат, өтініш жазу икемділігі, әлеуметтік-еңбек – айналада болып жатқан өзгерістерді талдау, өзара қатынас этикасын білу икемділігі, тұлғалық жетілдіру - физикалық, рухани, ақыл-ойының өзіндік даму тәсілдерін игеру икемділігі.

Кәсіптік білім беру жүйесінде тұлғаның ақпараттық, коммуникативтік, проблеманы шешу, жобалық-зерттеу, әлеуметтік, тұлғалық даму, т.с.с. арнайы және кәсіби құзыреттіліктері қалыптасып, дамиды.

В.А.Сластенин еңбегінде кәсіби құзыреттілік жеке тұлғаның кәсіби қызметтік функцияны жүзеге асыру қабілеті мен теориялық, практикалық дайындықтың бірлігі ретінде қарастырылады.

Болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі ақпараттық, коммуникабельдік, проблеманы шешу болып бөлінеді.



Жоғары педагогикалық оқу орнын бітірген жас мұғалім іргелі білім мен кәсіби икемділікті игеруі тиіс. Сонымен қатар, ізденімпаздықпен жұмыс жасайтын жас мұғалім шығармашылық, зерттеушілік іс-тәжірибелерімен қаруланып, болашақта қандай да болмасын педагогикалық немесе пәндік проблеманы шешуде өзіндік жолын таңдап, жүзеге асыра алуы қажет. Ал, мұғалім бойында кәсіби құзыреттілік

- базалық дайындық (базалық және кәсіптік білім);
- әдіснамалық мәдениет;

• педагогикалық шеберлік пен креативтілік бағыттары бойынша қалыптасады.

Кәсіптік білім беру үрдісінің тиімді жүргізілуіне жаңа білімдік орта мен студенттердің оқу бағдарламаларының өзгермелі жағдайында бағдарлау қабілетінің жеткіліксіздігі арасындағы қарама-қайшылық әсер етіп отыр. Бұл қарама-қайшылық тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы бойынша іс-әрекеттік тәсілді пайдаланып, студенттердің оқу, зерттеу және өзіндік жұмысын кешенді оздырудың алғышарты болып табылады. Мұны шешу үшін мынадай оқыту тәсілдері қолданылады.



Біз өз жұмысымызда болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін ең алдымен, оқытушылардың өздері шығармашылықпен жұмыстануы қажет және ол тек оқу үрдісінде сабақ берумен шектелмеуі керек. Сол себепті біз зерттеушілікті талап ететін шараларды дәстүрлі өткізуді қолға алдық. Мәселен, оқыту әдістерін сабақтың түрлі формалары мен кезеңдерінде пайдаланудың тәжірибелерін көрсететін ашық сабақтар, тренингтер, облыстағы озық тәжірибелі мұғалімдермен кездесу, сұхбаттасу, ғылыми семинарлардағы жаңа компьютерлік бағдарламалық жасақтамалар мен олардың қызметі жөнінде пікір алмасулар, студенттер мен оқушылардың компьютерлік жобалар сайысын ұйымдастыру, оқытушылардың студенттерді құттықтау қағаздарын даярлау, педагогикалық сараман және әдіскер оқытушылар жұмыстарынан көріністер фотогалереяларын шығару, т.с.с.

Студенттер 1 курстан бастап жобалау, зерттеу жұмыстарымен шұғылдана бастайды. «Программалау» пәнінен қарапайым математикалық есептерді шығарудан бастап, түрлі модельдеулер мен жаңа мазмұны мен құрылымы жағынан өте күрделі емес бағдарламалар құрастыра бастайды. Ал, жоғары курстарда топтық, жұптық, жеке қысқа мерзімді жобалар дайындайды. Мысалы, «Интернетте программалау» пәнін оқығанда әр студент еркін тақырыпта оқып-үйренген білімін пайдаланып, Web-беттерін жасайды және білім тереңдеген сайын жаңартып отырады. Сонда семестрдің бірінші жартысында төмендегідей беттерді ақпараттар жинақтап, оларды компьютерлік графика көмегімен өңдеп, анимациялық эффектілер арқылы әрлендіріп, мазмұнын гипермәтін ретінде жобалап, өз туындыларын қорғайды.





Бұдан кейінгі сабақтарда талдау барысында айтылған сын-ескертпелерді түзетіп қана қоймайды, кесте, басқа бағдарламалық туындылармен байланыс, дыбыстық немесе бейнесюжеттер, кері байланыс, форум, басқа сайттармен байланыс, дайындалып, уақытша тіркелген сайтты пайдаланушыларды санайтын есептеуіш сияқты объектілермен толықтырады. Мұндай инновациялық оқыту әдістерін оңтайлы қолданудың құзыретті информатика мұғалімін дайындаудағы маңызы зор.

Сонымен қатар, академиялық ұтқырлықтың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде студенттердің басқа оқу орындарында оқу пәндерін таңдап оқуы және олардың кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудағы рөлі зор. Өйткені, студент сыни тұрғыдан өз білімін бақылайды, бөгде ортада өз шеберлігін айқын көрсетеді және оқыту орталарын салыстырады. Биылғы оқу жылында Қалмақ мемлекеттік университетінде оқып жатқан студенттер информатика және

ағылшын тілі, компьютерлік графика, компьютерлік практикум сабақтарын оқиды, қалмақ студенттерімен достасады. Қазақ тілінде еркін сөйлейтін студенттеріміздің орыс және ағылшын тілінде пәнді меңгеруі коммуникативтік және кәсіби құзыретті болуына ықпал туғызады.

Педагогикалық білім беру жүйесінің сапасын арттыру кәсіби құзыретті мұғалім даярлау іс-әрекеттік тәсілмен қоғам дамуына сәйкес үйлесім тауып, одан алда болуға тиіс. Ол үшін «студент-студент», «студент-оқытушы», «студент-мұғалім», «оқушы-студент» байланыстары үзілмеуі керек. Біздің еңбегіміздің жемісі - бірлікте, «бірлесе көтерген жүк жеңіл.»

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Галиев Т.Т.Системный подход к интенсификации учебного процесса. - Алматы: Ғылым, 1998,-303 с.

2. Фишман И.С., Голуб Г.Б. Формирующая оценка образовательных результатов учащихся: Методическое пособие. – Самара, 2007.-195 с.

3. Колесников Ю. Профессионализм и компетентность.//Служба кадров. 2006.№6 24-26 с.

4. Шәкілікова С.Е., Қазақбаева Д.М., Кәрібаева Ш.Ш., ЖұмағұловаҚ.Ә. Білім беру бағыттарын дамыту және компетенция.//Білім.-Образование. №3-2004., 61-63б.

5. Доброва Н.Н., Краузе А.В. Формирование информационной компетенции учащихся. Негосударственное общеобразовательное учреждение школа «Творчество» г. Самара, 2005.

6. Айдарова З.Ш., Райымбергенова С.Ш. Түйінді құзыр тақырыбына арналған семинар қорытындысы(өнер саласы бойынша).//Білім-Образование. ?5-2005., 5-9б.

7. Мозолин В.В. Компетентностный подход к обучении информатике: возможности и проблемы. //Информатика и образование, №2-2005., 115-117.

8. Медешова А.Б. Информационная культура личности./Тезисы VI международной научно-практической конференции БИФ КемГУ (Белово, РФ.), 2006. http://conference.kemsu.ru/

***

В статье рассматриваются пути решения проблемы формирования профессиональной компетентности будущих педагогов и способы обучения в вузе.

***

This article discusses ways to address the formation of professional competence of future teachers, and ways of learning at the university.

ӘОЖ 37036:78,071,1

Нағымова М.М. *– п.ғ.к., доцент,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ,
Ерболатова К.Е. – *магистрант,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ХАЛЫҚ КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ ӘНДЕРІ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуы және

оның кәсіби жетілуі үшін қажетті жағдайлар жасау; баланың тәрбиелену, білім алу және жан-жақты қалыптасу, ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау, ақпараттану, денсаулығын нығайту сияқты құқықтарын іске асыру болып табылады. Осы сияқты қасиеттерді білім алушылардың бойында қалыптастыру мен дамыту Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің маңызды міндеті ретінде қарастырылады (1).

«Эстетика» термині гректің «эстезис» сезімталдық деген сөзінен шыққан. Бұл сөзді алғаш рет неміс өнертану ғалымы Баумгартен ғылыми атау ретінде енгізді. 1750 жылы оның «Эстетика» деген еңбегі жарық көрді. Сол кезден бастап эстетика ғылым саласына айналды. Ал эстетика ұғымының өзі ертеректе туған. Оның бастауы ежелгі заманға кетеді.

Эстетикалық тәрбие – бұл өнерде және өмірде әсемдікті толықтай қабылдап және дұрыс түсінуге жеке адамның қабілетін дамытуға мақсатты бағытталған процесс.

Эстетикалық тәрбиенің мақсаты - эстетикалық талғамды және өмір шындығына (еңбекке, қоғамдық іске, табиғатқа, өнерге, өз қылығына) эстетикалық қатынасты қалыптастыру.

Қазіргі таңда ғалымдар эстетикалық тәрбие, эстетикалық мәдениет, эстетикалық құндылық тұрғысынан да қарастырады. Құндылық – көпшілік адамдар мақұлдайтын және ортақтасатын жақсылық, әділеттілік, патриотизм деп бағалайтын жеке тұлға үшін қоғамдық-мәнді әлеуметтік бірлік, қоғам, тұтас материалдық, әлеуметтік объектілер. Ол барлық адамдарға эталон, идеал болып қызмет етеді, оларды құруға педагогикалық үдеріс бағытталған (1). Құндылық – Отан, адам, тұлға, өмір, адамдардың бір-біріне мейірімділік қарым-қатынасы, шыншылдық, әділеттілік, білім, ғылым, өнер адамының өмір сүруіне деген материалдық жағдайдың болуы. Құндылықтар – қасиеттер бала кезден, ана сүтімен бірге, өзінің ана тілі арқылы, мораль негіздері ретінде, өз тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін игеру нәтижесінде орнығады. Жалпы адамзаттық құндылықтар халықтық дәстүрлерде, адамгершілік принциптерде, діни мәдениетте жақсы жазылған және әлеуметтік ойдың озық белгілері, жеке тұлғаның қасиеттері, адамгершілік үлгілері жинақталған күйде, әдептіліктің қоғамда қабылданған үлгісі ретінде көрінеді. Жалпы адамзаттық құндылықтар – түрлі халықтың, түрлі діннің, түрлі дәуірдің рухани мақсаттарын жақындастыратын құбылыс. Мәдениет – тұлғаның бойындағы рухани және материалдық құндылықтардың жиынтығы.

Эстетикалық тәрбие беру мәселесінде жастардың адамгершілік сезімдерін оятып, рухани мәдениетін қалыптастыруда өнер туындыларының рөлі зор. Жоғарғы эстетикалық талғамның негізі – өнер. Алдымен өнердің жан-жақты түрлерімен танысар болсақ, өнер туындылары әр алуан. Олар: көркем әдебиет, бейнелеу өнері, музыка, сурет өнері, би өнері, қолөнер, көркем формада бейнеленетін кино, театр, сахна өнерлері, т.с.с. Жалпы тәрбие жөнінде көптеген ұлама ойшыл ғалымдар өз пікірлерін қалдырған. Соның ішінде шоқтығы биік тұлға – Әбу Насыр әл-Фараби. Ол өзінің еңбектерінде адамгершілік тәрбиесін берудің бірден-бір тиімді жолы музыка арқылы тәрбиелеу екенін айтқан. Музыка адам баласының рухани байлығы, нәзік қылын тербеп, сезімді оятады. Адам жанының сезім пернелерін кеңейтумен қатар жағымды мінез-құлықтардың қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Осы орайда орыс композиторлары Д.Шостаковичтің «Біз жамандықты, жауыздықты жырлаған бірде-бір шығарманы естіген жоқпыз. Мүмкін ондай шығарма болған да шығар, бірақ халықтың есінде ондай шығарма сақталмайды. Халық тек үлгі-өнеге

беретін, биік мақсатқа ғана жетелейтін музыканы құрмет тұтады» деп айтқан.

Қазіргі кезде егеменді елімізде жастарға әсемдік тәрбие беруде қазақ халқының мәдени мұрасы айрықша рөл атқарады. Жазу-сызуы кенже дамыған қазақ халқы өзінің тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық өмірі, шаруашылығы мен кәсібі, қуанышы мен күйініші, арман-тілегі, дүниетаным көзқарасын ауызша жырлап келген, ауызекі түрде неше түрлі ертегі-аңыз, өлең-жыр, мақал-мәтелдер тудырып отырған.

Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары рухани ләззаттануға мүмкіндік береді. Біз әрдайым адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмытыламыз, сондықтан әр баланың сезімі нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйетіндей етіп дамытуымыз керек.

Педагог ғалымдар жеке адамдарды өнер арқылы тәрбиелеуде мектептің рөліне ерекше мән береді. Оқушыларды адамгершілік, эстетикалық, еңбек және дене тәрбиелеріне, жасөспірімдердің рухани өсуінің үйлесімді даму мәселелеріне кешенді тұрғыдан қарауды көздейді. Оның әсер ету мүмкіндігін оқу тәрбие үдерісінде ескеріп отырғанда ғана іске асады. Өнер арқылы әдемілікке, әсемдікке тәрбиелеуде оның педагогикалық негізімен қатар психологиялық аспектілерін де ескеру қажет. Өнер - адамның айнала қоршаған ортамен көңіл-күй қатынасымен ғана асатын бейнелі, образды, эмоционалды ұғымдардың синтезі. Мұнда эмоциялық таным жан-жақты дамып, субъективтік сезім жетекші рөл атқарады. Оның табиғи мәні адамның сезімталдық зерделі парасатын айқындайды. Әбу Насыр әл-Фараби айтқандай, музыка баланың эмоциясына бірден әсер етеді. Эстетикалық тәрбиенің құралы музыкалық тәрбие болып саналады.

Музыкалық тәрбие жас буынға тікелей және кешенді түрде әсер ете отырып, рухани жан дүниесін байытады, балалардың музыкалық-эстетикалық қызығушылығын, қабілеттерін, эстетикалық қарым-қатынастарының қалыптасуына септігін тигізеді. Сондай-ақ, музыка адам жанын толғандырып, ойлау, есте сақтау, қиялдау, зейін қою сияқты психологиялық қасиеттердің дамуына әсер етеді. Эстетикалық тәрбие – жас жеткіншектерді тәрбиелеудегі жалпы міндеттерін шешудің өзінше құралы. Осы орайда қазақтың ұлттық халық әндерінің алатын орны ерекше. Қазақтың ұлттық музыкалық мәдениеті ән шығармагерлігінен неғұрлым айқын көрінеді.

Халық әндері сан ғасырлық тарихы бар талай-талай ұрпақтан өткен, жолжөнекей жөнделіп, өңделіп, жаңарып жеткен жанр. Уақыт елегінен өткен әндер айшықтана әрленіп бізге жеткен. Әрбір әннің өзіне сай бояулары бар. Қазақ халық әнінің ерекше мелодиялық құрылысында, ырғағында, интонациясы мен формасында ұлттық ерекшеліктері бар. Оның терең сезімді, әуезді, жайдарлы, кең үнді және лирикалық сарыны қазақтың халық әндерінің негізгі ерекшелігі мен өзгешелігі болып есептелінеді.

Халық композиторларының әндері арқылы ұлттық мәдени мұраның негізін құрайды. Мәдени мұра – барлық адамзаттың және әр халықтың рухани және материалдық өмір саласындағы орасан зор байлығы. Нағыз мәдениет өзіне мәңгі бақи шындықты, мейірімділікті және әсемдікті біріктіреді. Эстетикалық құндылықтар ол тек тұлғаның сөйлеу мәдениетін, әдемі киіну, сұлулықты сезінумен қатар, жастардың қоршаған ортаға, қоғамға, табиғатқа оң көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызу, әлеуметтік-педагогикалық жағдай жасауды қамтиды.

Тұлғаның эстетикалық мәдениетін ғылыми теориялық негіздерін айқындауда М.Х.Балтабаев, Р.Қ.Дүйсембінова, А.А.Қалыбекова, Т.А.Қышқашбаев, Е.Ш.Қозыбаев, Қ.Е.Ибраева, Г.Ш.Өмірбаеваның, С.А.Ұзақбаеваның, У.Мелдебекова, т.б. ғылыми-зерттеу жұмыстары негіз болады.

Қазақ халқының өз ортасынан шыққан әйгілі ақын-әншілер, асқан тума таланттар болды. Музыкалық дарынды, халықтың ішінен шыққан сал-серілердің өздері шығарған әндерін де қазақтың ән қазынасына қосқан мол үлесі деп тануымыз керек. Олардың тәрбиелік мәні бар философиялық терең мазмұнды әндері кейінгі жас жеткіншектерімізге қалдырған мұрасы болып табылады. Музыкалық фольклор тарихында қазақтың халық музыкасының асқан шеберлері жыршы, жырау, әншілер, зор қызмет атқарғаны мәлім. Олар - халықтың ұлттық ән өнерінің өткен ғасырдағы, аттары әйгілі асқан таланттары Біржан сал, Ақан сері Қорамсаұлы. Мәди, Мұхит, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Естай еді. Бұлардың әншілік дәстүрлерін кейіннен Кенен Әзірбаев, Иса Байзақов, Манарбек Ержанов, Ғарифолла Құрманғалиев, Жүсіпбек Елебеков тағы басқа әншілер, композиторлар, орындаушылар дамытып жалғастырды. Сөйтіп, қазақтың халық әндері мен халық композиторларының әндері арқылы үлгі - өнеге алатындай кеңінен халық арасында жиі орындалып, насихатталып келеді.

Халық композиторларының әндері ұлттық мәдени мұра негізгі құралы деп қарайтын болсақ, аталған мәселе Қазақстан Республикасы «Мәдени мұра» тұжырымдамасында қазақ әндерін насихаттауға байланысты қазақтың дәстүрлі музыкалық антологиясы «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күйі мен 1000 әні» жобасы ұсынылды. Жобаның мақсаты – түпнұсқалық орындаудағы қазақтың дәстүрлі «1000 күйдің немесе 1000 әнін», музыкалық өнерін жинақтап, дайындау, жарыққа шығару, ұлттық мәдениетіміздің тарихындағы теңдесі жоқ мәдени байлығын өзіне қайтару мәселесі қамтылды.

Расында да, халық композиторларының әндерінің тәрбиелік маңызы өте жоғары екенін күн өткен сайын оларға деген сұраныс басым түсіп отыр. Әсіресе, қазіргі заманауи техника негізінде көрермен қауымға ұсыну мен бірге жас ұрпақтың оған деген қызығушылығын көре білеміз.

«Қазақтың әндері, - деп жазды академик Б.В.Асафьев, - өзінің эмоциялық сезімталдығымен және терең көркем шынайылығымен баурап алады ... оларда қазақ халқының қатал өмір мектебі де (өйткені, қазақтардың музыкасы оның барлық тұрмыстық жағдайымен және тарихи өткенімен тығыз өріліп жатады), бастан кешкен және кешіріп отырған философиялық ой-тұжырымдары да, аса нәзік лирикалық тебіреністері де өмір құндылықтарын шаттана орнықтыруы да бейнеленген. Бұл әуенде ... көптеген ұрпақтардың парасаты мен ойлары, сезімдері мен дүниетанымдары естіледі» (2, 3).

Халық композиторларының әндерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін зерделей отырып, Сарыарқа даласында дүниеге келген ұлы тұлғалардың әндерін негізге алуға болады.

Қазақтың біртуар ұлы тұлғасы Абайдың:

«Құлақтан кіріп бойды алар,
Әсем ән мен тәтті күй
Көңілге түрлі ой салар
Әнді сүйсең менше сүй» - деп әннің қазақ халқының тарихынан алатын орнын зерделеген даналардың бірі.

Абай әндерінің тәрбиелік жағынан да, танымдық жағынан да мәні зор. Профессор С. А. Ұзақбаева «Абай шығармаларының бүгін де балалар

мен жеткіншектердің эстетикалық тәрбиесінде алатын орны ерекше. Абай әндерін қазақ композиторлары өздерінің шығармаларына арқау етіп енгізді. Абай әндеріне жеке аспаптарға, шағын ансамбльге және үлкен оркестрге арнап шығармалар жазды. Абай әндері «Абай» операсына молынан кірді, хор ұжымының тұрақты репертуарына айналды. Абай шығармалары - қай ғылым саласының болмасын зерттеу объектісі. Мұның бәрі Абай шығармаларының өміршеңдігін, жаңашылдығын дәлелдей түседі», - деп эстетикалық тәрбиенің құралы ретінде халық музыкасының маңызына тоқталады (3).

Халық композиторларының әндерінің мазмұнында бүгінгі Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасында қамтылған тәрбие бағыттары толықтай қамтиды.

Мектепте, жоғары оқу орындарында оқитын жастарды адамгершілікке, қоғамдағы болмысқа нәзік сезгіштікпен қарап, оны эстетикалық талғамдылықпен жоғары бағалай білуге бағыттау қажет. Сөйтіп, адамның жалпы мәдениетінің маңызды бөлігі өміріміздің барлық саласына ықпалын тигізетін эстетикалық мәдениетті сіңіру болып саналады, оқушыларға көркемдік білім беру мен эстетикалық тәрбиені халықтық ұлттық мәдени мұрасымен байланыстыра отырып жүйелі түрде жақсарту болып табылады. Әсемдік сезімін дамыту, көркемдік талғамын тәрбиелеу, өнер шығармаларын сүйіп, туған табиғатын, оның байлығын қастерлеп, бағалай білу - өнерге баулу үрдісін қалыптастыру.

Балалардың еңбекке деген эстетикалық көзқарасы тікелей еңбек барысында қалыптастырылады. Сол сияқты сурет өнері арқылы болған жағдайда оның қарапайым бейнелерді өзінше топшылап тани білуі, оның әсерін сезіне білуі оған деген көзқарасын кеңейтеді. Өнер арқылы тәрбие беру дегенде біз музыка-эстетикалық тәрбие деп тұтас қарастырамыз.

Қазақ халқының өнер шығармагерлерін барлық түрі музыка арқылы беріледі. Сондықтан музыка-эстетикалық тәрбие берудің бір амалы осы өнерлердің ішіндегі ән-музыка арқылы жүзеге асады. Ән дегеніміз - қоғамдық жанрдың ең көп таралған түрі. Әр уақытта да қазақ халқының ұлттық музыка қорының ішінде ән жанры аса оқшауланып, күнделікті өмір тіршілігінде ерекше орын алады. Ән - өмір шежіресі. Заманнан заманға өзгеріске ұшырап отыратын тарихи өмірмен байланысты ән де дамып, өзгеріп, екшеліп сұрыпталды. «Қазақтың ән әуездерінің тамаша бір қасиеті - оның шын жүректен шыққан эмоционалдық сезімталдығы мен сезгіштігі, әуендердің оралымдылығы, олардың құлақтан кіріп бойды алатындығы, ән тақырыптарының әр алуандығы. Осы қасиеттердің бәрі халық психикасының аса терең толғауын көрсету арқылы қазақ әншілерінің жарқын орындалуы арқылы, айқын сезіліп отырады» деп жазды белгілі музыка зерттеушісі, академик Б. Асафьев.

Музыка-эстетикалық тәрбие берудегі әндер көңілге қонымды, мағынасы бай шығармалар болуы шарт. Қазақ халқының рухани мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет ғұрыптарын жақсы ұғындырып, жас ұрпақты отаншылдық рухта тәрбиелеуге үлкен себептерін тигізетіндей, әсер қалдыратындай болғаны абзал.

Әннің жас ұрпақтарға беретін әсері мол. Композитор Нұрғиса Тілендиевтің «Алатау», Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен», Кеңес Дүйсекеевтің «Сәлем, саған туған ел» сияқты әндері туған жерге, елге деген ыстық сезімін оятуға әсер етсе, Бақытжан Байқадамовтың «Жастар жыры», Әбілахат Еспаевтың «Одағым - бақыт ордасы», Сейдолла Бәйтерековтің «Әлия», Жанбота Тұяқбаевтің «Атамекен» әндері жастарды отаншылдыққа, патриоттық рухта тәрбиелеуге баулиды.

Музыканың үнінде адамның әрекеті мен сезіміне әсер ететіндей бір тылсым күш бар. Адамның бойындағы көңіл-күй толғанысына әсер етеді. Әннің әуені мен оның өлең сөздерінің мағынасы қабысып келіп бірден көңілге қонымды әсер қалдырары хақ. Ән, музыка жас жеткіншектерді өмір сүруінде барлық әрекеттердегі талғамымен қатар сергек сезімталдыққа баулып тәрбиелейді. Музыкалық бейнелер, суреттемелер, оның көркемдік сөзі, әсерлі әуені, жағымды сазы арқылы патриотизмге, Отанды сүюге, еңбекке, саналы тәртіпке, эстетикалық жақсы әдет-ғұрыпқа, әдептілікке, мейірім-шапағатқа, адамгершілікке, ынтымаққа, достыққа тәрбиелейді.

Мектеп оқушыларын халық композиторларының әндері арқылы эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың мүмкіндіктері әсемдік арқылы, көркем мәдениет арқылы, халықтар мен дәуірдің әлемдік көркем құндылықтары арқылы, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарын зерделеу арқылы қалыптастыру қарастырылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Білім және ғылым министрлігінің 2009 ж. 16 қарашадағы №521 бұйрығымен бекітілген.

2.Асафьев Б. В. Музыкальная форма как процесс.

3.Ұзақбаева С. А. Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие. П. ғ. д. дисс. 13.00.01. Алматы, 1993. 425 б.

***

В РК главные в системе образования является воспитание высокоразвитой личности с национальными и общечеловеческими ценностями и создание условий для становления и развития, усовершенствования высокого профессионализма.

Эстетические чувства людей играют большую роль в их жизни. Видеть, понять, создать красоту может высоко культурный, духовно богатый человек. Отношение молодежи в нашей суверенной стране к наследию казахской народной музыки особенное. Это музыка Биржан сала, Мади, Мухита, Естая, их продолжателей известных всему миру певцов, композиторов, импровизаторов Кенена Азербаева, Исы Байзакова, Гарифоллы Курмангалиева, Жусупбека Елебекова и других.

Музыка и поэзия Абая внесли большой вклад в культуру, музыкальное наследие казахского народа. Творчество Нургисы Тлендиева, Ескендира Хасангалиева, Кенеса Дуйсекеева, Б.Байкадамова, С.Байтерекова сыграли важную роль в патриотическом воспитании молодежи. В звуках музыки есть большая сила, которая влияет на чувства человека.

***

In the Republic of Kazakhstan main duties in the system of education are education of the highly developed personality with national and common to all mankind values and to create terms in becoming and development, improvement of high professionalism.

The aesthetic feelings play large role in people's life. A cultural, spiritually rich man can create, see, and understand beauty highly. The relation of young people in our sovereign country to heritage of Kazakh folk music is special. It is music by Birzhan sal, Madi, Mukhit, Estai their continuers are well-known to the whole world singers, composers, improvisators Kenen Azerbayev, Isa Baizakov, Garifolla Kurmangaliev, Zhusupbek Elebekov and others.

Music and poetry of Abai brought in a large contribution to the culture, musical heritage of the Kazakh people. Work of Nurgisa Tlendiev, Eskendir Hasangaliev, Kenes

Duisikeev, Baikadamov, S.Baiterekov played an important role in patriotic education of young people.

In the sounds of music there is large force that influences on man's feelings.

ӘОЖ 37.01.316

Қайсағалиева Г.С. *- б.ғ.к.,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ,
Кокенова Ж.М. *– магистрант,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ БИОЛОГИЯДАН ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Биологияны оқыту түрінің тиімді формасының бірі - зерттеуді ұйымдастыру болып саналады, оның негізінде оқушылардың табиғатпен қарым-қатынасы жүргізіліп, ғылыми-тәжірибелік дағдысы, байқағыштығы қалыптасады, биологиялық әлемге қызығушылығы артады. Биологиядан зерттеу жұмысы біртұтас және үйлесімді бағдарламалар мен әдістемелер арқылы жүргізілетін болса, жоғары деңгейде өтеді [1].

Бүгінгі таңда, адамзат алдында өзінің табиғатқа деген көзқарасының өзгеруі қажеттігі және соған сәйкес жаңа ұрпаққа білім мен тәрбие беруді қамтамасыз ету мәселесі тұр. Адам мен табиғаттың үйлесімді байланысы ұлттық, сол секілді әлемдік қоғам дамуының негізі болуы шарт. Әрбір адамзат иесінің Жер шарында тіршілік ету мүмкіндігі, оның табиғатқа деген ықыласында екендігін ұмытпауы тиіс.

Жалпы білім беретін мектептің міндеті нақты көлемде биологияны оқытып қана қоймай, сонымен бірге табиғат құбылыстарына биологиялық талдау машығын қалыптастыруға, табиғат пен қоғам қатынасының мәнін түсінуге, өзінің тәжірибелік көмегінің маңыздылығын сезінуге үйрету. Мектепте ғылыми-зерттеу жұмысының жоғары деңгейде өтуі үшін білім беру мекемелері жоғары оқу орындарының оқытушылары, ғалымдары және мамандарымен тығыз қатынас орнатуы шарт, яғни оқушыларға биологиядан іс-тәжірибелер мен факультативтерді өткізіп, жекелеген экспериментальді тақырыптарға басшылық етуі. Әсіресе жүргізілетін жұмыстың практикалық бағыттылығы үлкен маңызға ие.

Егер жүргізілетін зерттеу жұмысы ұжымдық болса, онда оның әрбір мүшесі өз әрекетінің нәтижесі алдында жауапкершілік пен белгілі бір міндетке ие болып, зерттеу ұжымында өзін-өзі сезінуі тиіс.

Оқушы бойында ғылыми зерттеудің өзектілігін көре білуі, өзінің зерттеп отырған ғылыми тақырыбына қатысты білімдерді меңгеруге мүдделі болуы, төзімділігі мен шыдамдылығының болуы, «білім инемен құдық қазғандай» - ұзақ әрі күрделі жұмысты жүргізуге ынтасының болуы, зерттеуге қажетті мәліметтерді шыдамдылықпен және ұқыптылықпен жинай білуі, ғылыми қарапайымдылықты ұстануы, ғылымға бар өмірін сарп етуге дайындығы секілді қасиеттері болса, ғылыми-зерттеу жұмысын нәтижелі орындап шығуы әбден мүмкін.

Зерттеу жұмысын жүргізу кезінде мұғалім алға қойған мәселені анықтау үшін зерттеудің мақсатына қарай оқушыларды бағыттап отырады. Сонан соң

алынған нәтижелерді талдауға және қорытынды тұжырымға тікелей де, жанама түрде де басшылық жасайды [2].

Ғылыми жоба тақырыптарын таңдау кезінде жетекші оқушыға көмектесуі тиіс:

- Тақырып оқушыларға қызықты, оларды тартатындай болу керек.
- Тақырып орындалатын, шешімі зерттеуге қатысушыларға пайдасы тиетіндей болу керек.
- Оқушылардың қызығушылығын ескере отырып, жетекші өзі жақсы білетін тақырып аясын таңдау керек.
- Тақырып шынайы болу керек, онда жаңа дүниелер, күтпеген жаңалық, ерекшелік элементтерінің кездесуі.
- Тақырып жұмысы ұзақ жылдарға созылмай, тез орындалуы.
- Тақырыпты бәрі түсінетіндей болу керек, әрине тақырып оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келуі.
- Тілегі мен мүмкіндігінің ұштасуы.

Ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру үрдісінің мақсаты:

- Зерттеушінің ғылыми зерттеулердің әдіснамасын меңгеру.
- Шығармашылық ойлау дағдысын жетілдіру.
- Білімін зерттеу тәжірибесінде қолдануына ықпал жасау.
- Ғылыми негізде таным-түсінігі мен көзқарасын қалыптастыру.

Ғылыми зерттеудің міндеттері:

- Ғылыми зерттеулерді жүргізу әдіснамасы мен әдістерінің негіздерін қарастыру;
- Зерттеу үрдісінің кезеңдері мен құрылымын анықтау;
- Зерттеуді жүргізу әдістері мен ізденушінің жеке-дара сараптама жасай білу дағдысын қалыптастыру;
- Зерттеудің ақпараттық базасымен жұмыс жасау әдістерін зерделеу;
- Ғылыми мәліметтерге терең талдау жасай отырып, зерттеу тақырыбына қатысты маңызды ұсыныстар беру жолдарын көрсету;
- Жеке-дара дайындалған зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерін безендіру және баяндау тәртібімен танысу.

Биологиядан ғылыми зерттеу жұмысы мынадай маңызды кезеңдерді қамтиды [3]:

1-кезең. Дайындық

Қатысушылар әдебиеттерді зерделеп, шолу жасайды, жүргізу әдістемесі мен қажетті құралдарды таңдап, күнделік бастайды.

2-кезең. Эксперименталь

Далалық зерттеу жұмыстарында, биологиялық жорықтар мен лагерлерде қатысушылар үйелі бақылау жүргізіп, ақпараттар жинақтап, зерттеу учаскесін белгілеп, талдайды.

3-кезең. Камералды

Экспедициялық материалдардың үлгілері өңделеді, зерттелетін объектінің түрлік құрамы анықталады, гербарийлер мен жинақтамалар (коллекция) жинақталады, таблицалар құрылады, қорытындысына математикалық өңдеу жүргізіледі, кескіндеме, карта, диаграммалар тұрғызылады.

4-кезең. Аналитикалық

Биологиялық мәселелер, заңдылықтары, бақылау себептерін шығару жұмыстары жүргізіледі, ұсыныстары мен кеңестері құрылады.

5-кезең. Есеп беру

Келесі бөлімдер бойынша зерттеу жұмысының есебі жазылады: тақырып өзектілігі; зерттеу мақсаты мен міндеті; әдебиеттік шолу; Эксперименталь бөлім (зерттеу әдістемесін жазу, эксперимент қою, фотосурет, диаграмма, таблица, кескінін қолдану); жұмыс бойынша ұсыныс пен қорытынды; әдебиеттер тізімі.

Алынған материалдар негізінде конференцияларға баяндамалар дайындалып, сайыстарға шығармашылық жұмыстары безендіріледі.

6-кезең. Ақпараттық

Бұл кезеңде мектеп ұжымы, шағынаудан халқы, басқарма мүшелері, мөр басылып бекітілген жоба қорытындысы мен ұсыныс-кеңестері таныстырылу қарастырылған.

7-кезең. Практикалық

- табиғатты қорғау туралы практикалық жұмысқа мектеп оқушыларының жекелей қатысуы, жобада айтылған ұсыныстар мен кеңестерді жүзеге асыру үшін; оқушылардың ғылыми-практикалық конференцияларға, олимпиада, көрмелер, түрлі сайыстарға баяндамасымен қатысуы;
- биологиялық білімін жетілдіруі (дәрістер дайындау, әңгіме құру, ауызша журналдар, саяхаттар ұйымдастыру, парақтар дайындау, жар және баспа газеттері, көрмелерді безендіру, тематикалық кештер ұйымдастыру, қоршаған орта, денсаулық күніне арналған мерекелік шаралар, т.б.);
- көшелер мен саябақтарды, демалыс орындарын көгалдандыру мен қайта қалыпқа келтіру жұмыстарына атсалысу;
- табиғаттың эстетикалық құндылықтарын қолдану мен сақтау;
- салауатты өмір салтын ұстану мен тарату;
- табиғатты қорғаудың негізгі заңдарын игеру;

Экологиялық зерттеулерді арнайы құралдар мен реактивтерсіз табиғи орта объектілерінің биологиялық жағдайын қарапайым жолдар арқылы жүзеге асыруға болады. Олар қарапайым (сапалы деңгейде) физика-химиялық және биологиялық (биоиндикациялық) әдістер болып табылады.

Мектеп оқушыларын бірыңғай бағдарламамен барлық аймақ территорияларында зерттеу жұмысына тарту: біріншіден, сол бір сыныптың жылдар бойына табиғи объектіні сақтау үшін зерттеуге алу; екіншіден, өз өлкесінің табиғи ресурстары, жануарлар және өсімдіктер әлемінен білімінің кеңейтіліп, тереңдеуі және үшіншіден, қоршаған табиғи ортаның жағдайы туралы табиғатты қорғау мекемелері мен басқармасына толық ақпараттың болуына мүмкіндік туғызады.

Мектеп ауданының экологиялық төлқұжаты.

Экологиялық мониторинг бойынша зерттеулер жүргізу үшін, зерттеушілік әрекеттер есебін шығару мақсатындағы жоспары мектеп ауданының экологиялық төлқұжаты болып табылады. Ол 4 бөлімнен тұрады: зерттелуші аумақтың физика-географиялық сипаттамасы, кіріккен учаскенің сипаттамасы, сол учаскелердің табиғи ортасы мен объектілеріне (ауа, су, топырақ, биота) экологиялық баға беру, оқушылардың физикалық дамуын есепке алу. Әрбір бөлім зерттеу жұмысының қорытындысы бойынша кестелер қатарын қамтиды. Зерттелуші аумақтың физика-географиялық сипаттамасы төмендегі ұсыныста қарастырылған (Қосымша 1).

Қосымша 1

Шағынаудан.....Мектеп.....Қала (Аудан).....Облыс(Республика) аумағының экологиялық төлқұжаты.

Зерттелуші аумақтың физика-географиялық сипаттамасы

- Микроклиматы (қаңтар мен шілденің орташа температурасы, ақпан соңындағы қар жамылғысының орташа қалыңдығы).
- Географиялық орналасуы.
- Микро және мезорельфі.
- Мектеп шағын ауданындағы жердің аумағы.
- Топырақ типі.
- Судың беткі қабаты.

Мектеп шағын ауданындағы жердің экологиялық сипаттамасы

Мектеп шағын ауданындағы жердің аумағы			
1 Мектеп шағын ауданының жалпы жер аумағы	2	3 100,0	4 -

Мектеп шағын ауданындағы жердің жіктелуі

Табиғи ландшафттар			
Қалпына келтірілген ландшафттар Қолданылған жерлерден алынған жер			

Табиғи ландшафттар

Орман биогеоценозының жалпы аумағы			
Бұзылған орман зонасы биогеоценозының жалпы аумағы			
Дала зонасы биогеоценозының жалпы аумағы Бұзылған дала зонасы биогеоценозының жалпы аумағы			
1	2	3	4
Табиғи ландшафт жерінің жалпы аумағы		100,0	

Қалпына келтірілген ландшафттар

Халық қоныстанған жалпы аумақ			
Бұзылған селитабелді зонаның жалпы аумағы			
Егіске алынған жердің жалпы аумағы Жыртылған жердің аумағы Мал жайылған жерлер Рекреациялық жердің жалпы аумағы Қалпына келтірілген ландшафтының жалпы жер аумағы		100,0	

Қолданылған жерлерден алынған жер

Жердің аумағы		100,0	-

7. Өсімдіктің типтік түрлері.

8. Жануарлардың типтік түрлері.

9. Әлеуметтік факторлар.

- халықтың саны мен тығыздығы;

- топпен пайыз бойынша жастық құрамы (0-15жас, 16-30, 31-60, 60-тан жоғары);

- халықтың орташа табысы.

10. Экологиялық төлқұжатқа қосымша

10.1. Жергілікті жердің жоспары, онда көрсетілген:

а) ластанудың антропогендік көзі:

- өндірістік орын;

- ауыл шаруашылық объектілері;

- сақтау және тұрмыстық, өндірістік қалдықтарды жинау орындары;

- улы химикаттар мен химиялық қалдықтарды сақтау орындары;

ә) қорғалатын табиғи ескерткіштер мен табиғи объектілері;

б) адам әрекетінен бұзылған ландшафттар;

в) екі санат бойынша кіріккен учаскелер.

Оқушыларға биологиядан ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру - қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі. Олардың өз бетімен тәжірибелер қойып, бақылау жұмысын жүргізуі, жұмысының нәтижесін көре білуі оқу процесіндегі білім беру мен тәрбиелеудің маңызды бөлігі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Леонтович А.В. Организационно-содержательные проблемы развития исследовательской деятельности учащихся // Исследовательская деятельность учащихся в современном образовательном пространстве: Сборник статей / Под общей редакцией к.пс.н. А.С. Обухова. – М.: НИИ школьных технологий, 2006.

2.Алексеева Л.Н., Копылов Г.Г., Марача В.Г. Исследовательская деятельность учащихся: формирование норм и развитие способностей // Исследовательская работа школьников. – 2003.

3.Экологический мониторинг: Учебно-методическое пособие / Под. ред. Т.Я. Ашихминой. - Изд. 4-ое. –М.:Академический Проект; Альма Матер, 2008.

***

В статье даны этапы выполнения научно-исследовательской работы школьников по биологии, цели и задачи, а также показана экологическая значимость исследований.

***

The article presents the stages of the implementation of research students in biology, goals and objectives, and also shows the importance of environmental research.

ӘОЖ 796.034:371.64

Даупаев М.О. *- доцент,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ,
Атошев Қ.Е. *- оқытушы, Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені*

СПОРТТЫҚ КҮРЕСТЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ ОҚУ МАТЕРИАЛДАРЫ МАЗМҰНЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Өмірдің өзегі – күрес. Яғни «күрес» деген бір ауыз сөздің мән-мағынасы тереңде. Жұмыр жердегі барлық тіршілік иесі өмір үшін күреседі. Адамзаттың ұлы тарихы күреспен жасалды. Айды, күнді айтпағанда, әр сағат, әр секунд күреске толы.

Қазіргі кезде жоғары оқу орындарының алдында тұрған ең негізгі маңызды мақсат - сапалы мамандарды дайындау. Яғни, бұл мәселені қайта сараптап, белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттыру, білімділігін дамыту.

Жоғары оқу орындарының алдындағы негізгі мақсат - педагог мамандарды дайындауда, яғни кәсіби мамандыққа әзірлеуде оқу жұмыс жоспарын қазіргі заманға сәйкес икемдеу. Сондықтан дене мәдениеті тәрбиесінің жоғары деңгейдегі мамандарын әзірлеу, ғылыми деңгейдегі білімдерін толықтыру, дамыту қажет.

Күресушінің техникалық әзірлігі – арнайы жаттығулар мен әдістердің негізіндегі күресте қолданылатын әр түрлі комбинацияның орындалуының техникалық қалыптасу процесі. Техникалық әзірлік күресушінің шеберлігінің негізі болып табылады және спорттық әзірлік жүйесінде басты орын алады.

Техникалық шеберлік, В.Л.Дьячковтың пікірінше, барлық спорттық әзірлікке «шығу қақпа» болып табылады. Спорттық күрес техникасы - жарыс ережелерімен рұқсат етілген әдіс-тәсілдердің, қорғаныстардың өзара сәйкестігі және олардың орындалуының рационалды әдістері. Техника көлеміне спортшы білетін, қолданатын техникалық әрекеттердің жалпы саны жатады. Техника көлемі жалпы және жарыстық техникалық әзірлік көлемі болып бөлінеді. Қазіргі заманғы күрес деңгейі атақты спортшылардың шебер күрес әрекеттерімен ерекшеленеді. Бұндай әдістер мен жаңалықтар оларға үлкен жетістіктерге жетуге көмектеседі. Аталған техникалық-тактикалық шеберлікті жалпыландыру және жас спортшыларға үйретуде, күрестің әдістеріне көбірек көңіл бөлінеді де, комбинацияларды оқыту қалыс қалады. Ол оқулықтар мен бағдарламалардың мазмұнымен расталады. Сондықтан да бүгінгі таңда балаларды спорт мектептерінде қазіргі заманғы техникалық шеберлік негіздеріне үйрету басты мақсат болып табылады.

Техника-тактикалық әзірліктің қолға алынып, пайдаланылуының белгілі дәрежеде болуы әрқашан мамандардың басты назарында. Көпшіліктің ойынша, техникалық әрекеттердің орындалуында дағдыланған әдіс-тәсілдердің болмауы жоғарғы дәрежедегі спортшы дайындауда кедергі туғызады.

Ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерде бастаушы мамандардың спорттық күресте техникалық оқу құралдарының көлемін анықтауға

орайлас негізгі іс-әрекеттері туралы мәліметтер мен эксперименттік тәжірибелер берілген.

М.Адам жүргізген мамандар мен жаттықтырушылар ойлары туралы зерттеулер дзюдошылардың техникалық арсеналы осы спорт түрінің әр түрлі әдіс-тәсілдерін қамтуы керек екенін көрсетті. Бұл оқу материалдарында спортшы білуі қажет бүкіл әдіс-тәсіл түрлерінің көп болуы керек екенін дәлелдейді. Бұл жағдайды И.И.Алиханов та өз еңбегінде баса көрсетеді. Ғалым спортшыларды күрес техникасына оқыту туралы мәселені қарастырып, техникалық-тактикалық әрекеттерді оқытудың *бұталанған* әдісін ұсынады. Бұл әдістің ерекшелігі ретінде бұталардың әрқашан да бойының өсуі және жан-жаққа тармақталып, жайылуы негізінде алынғаны ескеріледі. Себебі, қорғаныс, бақылау, шабуыл әрекеттері қолданылып, шабуылшы күрескер оларға жаңа шабуылмен, әрекеттермен қарсы тұруға талпынады [2,3].

Қашан да жаттықтырушыларды, спортшылар мен спорттық күрес мамандарын іздеу техникалық және тактикалық әрекеттердің жаңа нұсқаларымен қоса, жаңа формаларының, соған байланысты жарыс ережелерінің өзгеруіне әкеледі. Бұдан түйетін қорытынды - спорттық күресте күресушілер арсеналының күрделенуі мен даму тенденциясы бақыланғандығында.

В.С.Роднов жүргізген бағдарламаның талдауы, 1966 жылдан 1974 жылдар аралығында, самбо күресі бойынша оқып, мамандандырылып жатқан техникалық-тактикалық әрекеттердің (ТТӘ) көлемі 70 %-ға өскенін көрсетті.

Мұндай тенденция спорттық күрес (гректік-*ритмдік* және еркін) бойынша «Дене шынықтыру және спорт» мамандығынан *басқа да бағдарламаларында* көрінеді. Осылайша, А.Л.Максимовтың зерттеулерінің мәліметтері бойынша ДШТ-дағы ТТӘ көлемі 15%-ға өскен.

Күрес техникасына оқыту мазмұнын анықтау барысында, алғашқы дайындық топтарында ескертулер болатынын айта кету керек. Жарыстық кездесулерде сирек кездесетін әдістерді үйрету мақсатты, ал жас күрескерлерге *әрекеттер «мектебін»* қалыптастыруда маңызды болып саналады.

Мұндай әдісті жапон дзюдо күрес орталығы - Кодокан ұсынады. Осы кезде мамандықтардың бірқатары (Беспалько В.П., Боген М.М., Балдаев К.В.) алғашқы дайындықтан бастап әдіс-тәсілдердің оқытылуына, олардың жарыстарда орындалуына келетін уақыттар расындағы пропорцияны сақтау қажет екенін ескертеді.

Бұл жағдайды З.Ольченевский өз еңбектерінде былайша ескертеді: жоғарғы нәтижелі және көп қолданылатын әдістерге, жекпе-жекте аз қолданылатын әдістерге қарағанда көп уақыт бөліну керек.

Қазіргі уақытта күрескердің спорттық аренада жетістіктерге жетуі, көбінесе оның комбинациялық күрес жүргізе білу шеберлігіне байналысты. Комбинациялық күрес жүргізу дағдылары ТТӘ-ның алғашқы бастауыш кезеңдерінде қалыптасуы қажет.

Спорттық күрес техникасын қалыптастыруда ең маңызды компоненттердің бірі болып қозғалыс әрекеті табылады. Күрес техникасын біз жылдам жетістіктерге жетуге бағытталған, жарыс ережелерімен шешілген күрескердің рационалды әрекеттерінің сәйкестігі деп қарастырамыз.

Қозғалыс әрекеттерінің қалыптасуы оқыту әдістемесінің анықталған түрімен жүзеге асатыны жалпыға мәлім. В.Л.Дементьевтің (1986) есептеуінше, кәсіби әзірліктің басты сапасы жаттықтырушы-маманның күрес тактикасы мен техникасына дұрыс үйрету шеберлігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қыдырбек Рысбекұлы – Қазақ палуандары. Алматы Ер-Даулет. 1996.368 б.

2. Алиханов И.И. О становлении технико-тактического мастерства // Спортивная борьба: ежегодник.- М.:Физкультура и спорт , 1982. – С.7-11

3. Алиханов И.И., Шахмурадов Ю.А. Тактика вольной борьбы // Спортивная борьба.М.:Физкультура и спорт, 1985.-С.30-33

4. Адам М. Технико-тактическая подготовка дзюдоистов и пути ее совершенствования: Автореф. Дис.... канд.пед. наук. М.,1974.-20 с.

5. Беспалько В.П.Программированное обучение: Дидактические основы. – М.Физкультура и спорт , 1976. Т.1. - 304 с

6. Дьячков В.М. Совершенствование технического мастерства спортсменов. – М..: Физкультура и спорт. 1972.-231 с

7. Максимов А.Л. Формирование профессиональных навыков в процессе решение учебно-диагностических задач студентами института физической культуры, специализирующимися по спортивной борьбе: Автореф. Дис.: канл. наук. – М., 1987.-24 с.

8. Шахмурадов Ю.А. Вольная борьба. Науно-методические основы многолетней подгготовки борцов. - М.: Высшая школа. 1997.-187с.

***

Техническая подготовка спортсменов является важной частью тренировки. Техническая и тактическая подготовка в борьбе всегда занимает особое внимание у специалистов. Технические выполнения приемов без методики может обратно сказаться на подготовке спортсменов.

ӘОЖ 575

Утаубаева А.У. *–б.ғ.к., доцент,*
М. Өтемісов атындағы БҚМУ,
Жамалиева Л.С. *– магистр, оқытушы,*
М. Өтемісов атындағы БҚМУ

МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ГЕНЕТИКАСЫ

Адамның жеке басының дамуының екі кезеңі бар: ол эмбриондық және эмбриондықтан кейінгі кезең. Бірінші кезең – бала туғанға дейін, оның ана құрсағында өсіп-өнуі. Академик Н.Н.Дубинин: «Бұл кезеңде ағзаның дамуы генетикалық бағдарламаға сәйкес жүреді де, оған сыртқы физикалық және әлеуметтік ортаның әсері әлсіз болады» - деп жазады. Эмбриондық дамудың ең басты кезеңінде-ақ ата-анасынан көшкен, сөйтіп ДНҚ-да берік орныққан генетикалық бағдарлама іске аса бастайды. Дамудың, әсіресе ерте кезеңінде адам және омыртқалы жануарлар ұрығының дамуы ұқсас болады.

Әрбір адамның жеке басының гендерінің жиынтығы айрықша, сол себептен де ол, генетикалық табиғаты жағынан ерекше болады. Адамның қасиеттері, басқа тірі жануарлардікі сияқты генотипке тәуелді, ұрпақтан-ұрпаққа берілуі тұқым қуалау заңдылығы негізінде жүзеге асады. Дене құрылысы, бойы, қаңқа құрылысындағы ерекшеліктер, терісінің, көзінің, шашының түсі, бет-әлпеті, сондай-ақ көптеген дарындылық, ақыл-ой қабілеттері де тұқым қуалау нәтижесі болып табылады. Зерттеулер нәтижесіне қарағанда, ата-анадан балаға тұқым қуалайтын қабілеттіліктің өзі емес, оның нышандары болып табылады және белгілі орта жағдайларында дами алады. Адамның әрбір хромосомасында бірнеше миллион ген болады. Егер бала жастайынан адамдармен қарым-

қатынаста болса, тиісті әлеуметтік ортада өссе ғана генетикалық мүмкіндіктері, нышандары жүзеге асады. Мысал, адамда музыкамен айналысуға мүмкіндік болмаса, онда оның туа біткен музыкалық қабілеті тұншығып, ашылмай қалады. Баланың қабілетін дамытудың белгілі уақыттық шегі бар, әлеуметтендіруді ерте бастамаса қабілеті жарық көрмей, өшіп қалады. Мысалы ретінде адамзат қоғамынан ажырап қалып, қалың орманда жануарлар арасында өскен балалардың қайта толық мәнде адам қалпына келуінің қиындық туғызғаны туралы фактілер бар. Бұл фактілер адамды адам еткен мінез-құлық формалары мен іс-әрекет қимылдары тек оқу тәрбие процестерінің нәтижесінде әлеуметтік мұраны меңгеру арқылы ғана қалыптасатынын көрсетеді.

Адамның жеке басының дамуында тұқым қуалаудың және қоршаған ортаның атқаратын рөлін түсіну үшін, генотип және фенотип ұғымдарын білу қажет. Генотип дегеніміз ағзаның тұқым қуалаушылық негізі, хромосомада жинақталған гендер жиынтығы. Басқаша айтқанда, бұл ағзаның ата-анасынан тұқым қуалайтын генетикалық конституциясы. Фенотип ағзаның жеке дамуы барысында қалыптасатын барлық қасиет, белгілерінің жиынтығы.

Тұқым қуалау мен ортаның өзара қарым-қатынасы адам дамуының бүкіл кезеңін қамтиды. Алайда ағзаның: ұрықтың өсіп-өнуі, баланың емшектегі кезеңі, сәбилік, балалық, жасөспірімдік қалыптасу кезеңдерінде оның маңызы ерекше болады. Міне, осы кезде адам тұлғасының қалыптасуы мен дамуы күшті болады.

Адам дамуының күрделі де, сан-қилы процесінде биологиялық және әлеуметтік факторлар араласады, ой мен сезім айқасады, ішкі сенім мен сыртқы ықпал бірігеді. Бұл процесс ағымына қоршаған орта әсері зор, сонымен қатар әр адам үшін оның өзіндік сипаты бар. Осы арқылы даму процесі жүзеге асады. Ал, адамның дамуы - әлеуметтік ортада да, адамның өз басында да бар көптеген факторлар әсер ететін күрделі, ұзақ және қарама-қайшылықты процесс. Адам дамуының көрсеткіші ретінде санадағы, мінез-құлықтағы, қызметтегі, оның қоршаған ортаға көзқарасындағы сапалық өзгерістерді – даму, ал өнеге, рух өзгерісін – адамның қалыптасуы деп көрсетуге болады.

Адамның дұрыс өсуіне, дұрыс қалыптасуына азаматтық тәрбиенің маңызы зор. Азаматтық тәрбиенің, әр адамның қоғамдағы адамгершілігін, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырудағы рөлі жоғары. Азаматтық тәрбие тиімділігін арттыру нәтижесінде төмендегідей жетістіктерге қол жеткізуге болады: азаматшылдық идеяларды қабылдауда психологиялық жағдайлары жасалады, азаматтар өз араларындағы міндеттерді мойындайтын болады, тату өмір сүруге дағдыланады, өз талаптарында, әрекет-қылықтарында, әдеттерінде, ниеттері мен қалауларында да астамшылдыққа бармауға үйренеді, басқалардың мүдделерін де ескеру қажеттілігін сезінетін болады. өзара түсіністік, ымырашылдық пен тәртіпсақтау үшін қажет азаматтық ортақтасудың басты шарты өзіндік қадағалау мен бақылау жүргізуге бейімделеді.

Жұмыста агрессияның пайда болуы, оның әсерінен пайда болған қылмысқа итермелейтін себеп-салдардың пайда болуы туралы, адам дамуындағы биологиялық факторлардың әсері нақты жіктеледі. Криминологиядағы биоәлеуметтік тұжырымдаманың, адамның құқық бұзуға бейім мінез-құлқының тетігі мен психикалық өзгерістердің сыртқы ортамен өзара әрекеттестігі бар бағыт екені дәлелденді:

1) адамның құқық бұзуға бейім мінез-құлқын психологтармен, педагогтармен бірлесіп зерттеумен қатар, болашағы зор әлеуметтік биология ғылымының жетістіктерін де пайдаланған жөн;

2) адамның құқық бұзуға бейім мінез-құлық көрсетуіне, негізінен

биологиялық факторлар себеп болады, олардың негізгісі – агрессия, ал ол қалыпты шамада ешқандай теріс салдарға әкелмейді. Бірақ адамның бұл психикалық қасиеті қоғамның әлеуметтік-экономикалық ахуалға қарай ушығуы мүмкін. Мысалы, жұмыссыздық, мұқтаждық, ешқайда қажет болмай қалу, әлеуметтік дәрменсіздік, тіршілік деңгейінің төмендеуі, қауіпсіздікке кепілдіктің болмауы адамдардың психикасына әсер етеді, агрессивтігін көтереді, қылмысқа итермелейді;

3) жастар бойындағы агрессивті мінез-құлық асқындалуына ата-ана тарапынан көрсетілген қатігездік, ата-ананың арасындағы түсініспейшілік, төңірегінділердің басқа адамға қатысты агрессивті мінез көрсетуі, өмір құндылықтарының бұрмалануы және т.б. қатты әсер етеді;

4) агрессивтік деңгейдің төмендеуі әлеуметтік факторлармен тығыз байланысты. Сондықтан да мемлекет әлеуметтік-экономикалық саясатқа баса назар аударып, халықтың тұрмыстық деңгейін ұдайы көтеріп отыруы тиіс. Жас ұрпақты нақты істерді жүзеге асыру, тәрбиелеу, оқыту, моральдық-өнегелік құндылықтарды санасына құю, эстетикалық және этикалық сезімдерге баулу – агрессияны азайтудың бір жолы;

5) этология ғылымының тұжырымдамасына сүйенсек, жануарлар өздерінің агрессивті әркеттерін туыстарына қарсы мақсатсыз жасамайды екен;

6) жабайы аңдарда табиғи жағдайларда өмір сүрудің ішкі талаптары мен сыртқы жағдайлары арасында қақтығыс болмайды, ортамен қандай да бір үйлесімде болады. Ал адамның жоғары интеллекті, оның мәдени дамуын және онымен байланысты барлық атрибуттарды қамтамасыз етіп, туыстарынан бөлек, жеке өз тірлігін жасауға, бөліп шығуға мүмкіндік береді. Бұл жағдай адамның генетикалық деңгейде ерекшеленуін күшейтті.

Адамға тән ең жалпы белгі - оны басқа дүниеден ажыратып тұратын әлеуметтік іс-әрекет, еңбек. Адам дегеніміз - ең алдымен, белсенді түрде әрекет етуші, өзінің өмір сүру жағдайларын өзгертуші әлеуметтік субъект, әлеуметтік ақыл-ой және әлеуметтік сезім иесі – мұның бәрі өзара іштей бірлікте болатын және іске асатын сапалық белгілер. Адамның бұл сапалары оны әлеуметтендірудің негізгі құралы, ал әлеуметтендіру негізінде адам тұлғасы қалыптасады. Әлеуметтендіру филогенезде де және онтогенезде жүзеге асады. Бұл екі процестің екеуінде де тұлға жеке адамның әлеуметтенуінің нәтижесі болып табылады. Бұл жөнінде белгілі психолог А.И.Леонтьев: «Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады» деген болатын. Әлеметтену үздіксіз жүріп отыратын процесс болғандықтан, тұлға да үздіксіз қалыптасады. Қалыптасуы тоқтап қалған тұлға – тоқыраушы тұлға. Сонымен бірге бөтеннің ырқына толық мойынұсынған, өз ой-пікірі, дүниеге көзқарасы жоқ адам тұлға болудан қалады. Тұлғаны сипаттаушы аса бір сапасы – оның рухани адамгершілік мәні. Тұлғаның маңызын құрайтын құрамдас бөлігі – санасының алған бағыты, саналық деңгейіне, адамгершілік түсініктері мен жауапкершілік сезіміне байланысты тұлғалық бағдары. Тұлғаның қалыптасуына және мінез-құлыққа әлеуметтік ортаның әсері күшті. Сонымен бірге тұлғаның мінез-құлқымен адамгершілік бағдарына адамның ішкі рухани дүниесінің тигізетін

әсері аз емес. Адамның ақыл-парасатымен адамгершілік ерік-күші неғұрлым айқын көрінсе, оның өмір бағдары, жалпы адамдық мораль талаптарымен неғұрлым толығырақ болса, адамдық тұлғасы да соғұрлым айқын көрініс табады. Бұл жағдайда адамның тұлғалық бейнесі рухани ерік-күшінен көрінеді. Егер адам өзін тұлға санаса немесе тұлға болғысы келсе, онда ол жауапкершілікті сөз

жүзінде ғана сезінбей, іс-жүзінде, мінез-құлқында көрсете білуі тиіс. Сонымен тұлғаға еркіндік тұрғысынан мінездеме беру қажетті екені сөзсіз, өйткені еркіндік тұлғаны сипаттайтын бірінші қасиет. Жауапкершілік сезімі тұлға үшін еркіндіктен маңызы артық болмаса кем қасиет емес, бұл үшін жауапкершілікті ақыл-санамен сезіну қажет.

Генетикалық құрылымның адамдардың ақыл-ой қабілетіне әсеріне келетін болсақ, әр адамның бойынша шексіз де, шетсіз ой-қабілеті бар, ол табиғатпен бірге келеді. Физиологтардың пікірінше, бала тәрбиелеудің осы заманғы әдістері ой мүшесі болып табылатын мидың мүмкіндіктерінің ең көп дегенде оннан бір бөлігі ғана пайдаланылады. Әртүрлі адамдардың ақыл-ой қабілеті әр түрлі болады. «Ақылды» деген сөз, яғни ақыл-ой қабілеті деп: біз адамның іштен туа біткен психикалық қасиетін айтамыз; бұл белгілі бір адамның басқаларға қарағанда неғұрлым дұрыс ойлап пайымдауына, зердеге байланысты проблемаларды өзгелерден жақсырақ шешуіне мүмкіндік береді.

Ақылдың іштен туа біткен асапа екенін мынадай байқаулар да көз жеткізе дәлелдейді. Егіз туған екі бала шыр етіп дүниеге келуімен басқа адамдардың тәрбиесіне беріледі де, олар өздерінің туған шелелерін еш уақытта көрмейді. Балалар ер жеткеннен кейін «зерде коэффициенті» өлшеніп, бұл көрсеткіштер олардың биологиялық және асырап алған әке-шешелерінің «коэффициенттерімен» салыстырылады. Сонда асырап алған балалардың ақыл-ой қабілеті олардың туған әке-шешесінің зерде қабілетімен сай болып келеді.

Адамның өзге де қасиеттері секілді, интеллект генетикалық факторлардың және айналадағы табиғат факторларының әсерімен қалыптасады. Алайда бұл арада мынадай сұрақ туады: ақыл-ой, зерде қабілеті қаншалықты дәрежеде тұқым қуалайды, мұра болып келеді. Ал қаншасы табиғи ортаға байланысты болады. Ерлер мен әйелдердің ақыл-ой дамуы шамамен бір деңгейде болады, сонда да бұлардан кейбір айырмашылықтар кездеседі. Әдетте еркектер сан есебінен және кеңістікке байланысты есептерге едәуір жетік келеді. Әйелдер сөзбен сабақтас тапсырмаларды жақсы орындайды, жаттау жағына келгенде еркектерден бірнеше асып түседі. Еркектердің интеллект қабілетінің тербелуі, яғни аупалы-төкпелі болуы әйелдерге қарағанда көбірек болады - өте «ақылды» және барып тұрған «ақымақ» еркектер тап сондай әйелдерден аз болады, алайда «ақылды» әйелдер «ақылды» еркектерге қарағанда жиірек кездеседі.

Ғалымдар қорытындысы бойынша: ақыл–ойдың дамуы шамамен 80 пайызы генетикалық себептерге байланысты және тек 20 пайызы ғана табиғи ортаға тәуелді.

Генетика ғылымының зерттеу бағыты, қарастыратын сұрақтары алуан түрлі. Мақалада генетиканың этикалық-құқықтық, мінез-құлықтық сұрақтары қарастырылды, себебі адамдардың жалпыадамзаттық құндылықтар туралы негізгі көзқарастарды және ұғымдарды қалыптастыру өте маңызды және ол терең философиялық ойлауды, түсінуді қажет етеді. Әрбір адамның болашақ өмірі генетикалық ақпарат сүйенетін болса, ал сол ақпаратта берілген қасиеттер жиынтығы қоршаған орта әсерінен өзінің оң немесе теріс әсерін тауып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Берсімбаев Р.І., Мұхамбетжанов Қ.Қ. Генетика. Алматы:Қазақ университеті, 2002. 163 бет.

2. Дубинин Н.П., Карпец И.И., Кудрявцев В.Н. Генетика Поведение Ответственность. М.: ИПЛ, 1982.

3. Заяц Р.Г., Бутвиловский В.Э., Рачковская И.В., Давыдов В.В. Общая и медицинская генетика. Ростов-на-Дону, Феникс, 2002.

4. Фогель Ф., Мотульски А. Генетика человека. М.:Мир, I-III том. 1990.

***

В статье дана характеристика оссобенностей генетики поведения человека.

***

Characterization of human behavior genetics features is given in this article.

ӘОЖ 5741

Жамалиева Л.С. *- магистр, оқытушы,*
М. Өтемісов атындағы БҚМУ,
Утаубаева А.У. *- б.ғ.к., доцент,*
М. Өтемісов атындағы БҚМУ

«БОТАНИКА ЖӘНЕ ӨСІМДІК СИСТЕМАТИКАСЫ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУ-ДАЛАЛЫҚ САРАМАНЫН ӨТКІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Оқу-далалық сараманы ботаникадан, соның ішінде өсімдік анатомиясы мен морфологиясы, сондай-ақ өсімдік систематикасынан теориялық білімді бекіту, өсімдік материалын жинақтау, бекіту, кеппешөп үлгілерін жасақтау және безендіруге арналған. Оқу сараманы кеппешөп үлгілерін жинақтау үшін қажет стандартты дала жинағымен, сондай–ақ жеке мүшелерді бекіту үшін қажет құралдар және химиялық реактивтермен қамтамасыз етілгені дұрыс. Ол биолог-студенттерге табиғатта түрлі өсімдік топтарының даму циклін, мүмкін болатын өзгерістерді зерттеу, сондай-ақ табиғатта бақылауды ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру, далалық ғылыми-зерттеу жұмыстары әдістерін меңгеру үшін қажет.

Табиғаттағы жеке бақылаулар, эксперименттер, фактілі материалдарды жинақтау нәтижесінде студенттер ботаникадан теориялық курсын іс жүзінде бекітіп, табиғаттағы өзара байланыстылықтың, сонымен бірге тірі ағзалар мен қоршаған орта және өзара арасындағы өзара байланыстылықтың күрделілігін түсініп, жергілікті флорамен танысады.

Ботаникадан далалық сараманың негізгі мақсаты мен міндеттері:

Сараман мақсаты:

- «Ботаника: өсімдік анатомиясы мен морфологиясы», «Ботаника: өсімдік систематикасы» курстарынан теориялық негізін практикада бекіту;
- өсімдік түрлерінің алуантүрлілігін және даму циклінің ерекшеліктерін көрсету.

Сараман міндеті:

- далалық ғылыми-зерттеу жұмысының әдістемесін меңгеруді қамтамасыз ету;
- табиғатта және лабораторияда ботаника бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың негізгі қағидаларымен таныстыру;
- өсімдіктердің кейбір топтарының негізгі даму кезеңдерімен таныстыру;
- студенттерде экологиялық-табиғатты қорғау көзқарасын қалыптастыру.

Далалық сараман уақытында студенттерді қоңыржай белдеу өсімдіктерінің даму циклінің ерекшеліктерімен таныстыру қажет. Сараман келесі негізгі жұмыс формаларынан тұрады: экскурсия, камеральді өңдеу, студенттердің өзіндік жұмысы, есеп беру.

Биология бойынша сараман жаратылыстану ғылыми профиліндегі көптеген

пәндер білімін жалпылама жинақтайды және нақтылайды. Пәнаралық байланыстар бірнеше қызмет атқарады:

Методологиялық қызмет, әдістеме негізінде ғана студенттерде диалектикалық–материалистік көзқарастарды, қазіргі таңдағы көзқарастарды қалыптастыруға көмектеседі, себебі, пәнаралық байланыстар әдістемелік оқыту барысында қазіргі кездегі жаратылыстануды бейнелеуге негіз болады және танымдық процесте жүйелік тәсілді қолдануға көмектеседі.

Білімдік қызмет көмегімен оқытушы студенттерде жүйелік, тереңдік, саналылық, жан-жақтылық секілді қасиеттерді қалыптастыруға көмектеседі. Пәнаралық байланыстар ұғымды дамыту қызметін атқарады, олардың арасындағы байланысты, сондай-ақ жалпы жаратылыстанымдық ұғымдарды қабылдауға көмектеседі.

Дамытушылық қызметі студенттердің жүйелі, творчестволық ойлауын дамытуда, олардың танымдық белсенділігін қалыптастыруда, өзіндік жұмысын және танымдық қызығушылығын қалыптастырудағы рөлін анықтайды.

Конструктивті қызметі оқытушы көмегімен оқу материалының мазмұнын жетілдіру, оқу әдістері мен формаларын ұйымдастыруға негізделеді.

Оқу сараманы белгілі бір режимде ауа райына байланысты, теориялық курс қарастырылғаннан соң, маусым-шілде айларында өткізіледі. Алдын-ала сараман өту көлемі, уақыты, ұйымдастырылу барысы анықталады. Сараманның бастапқы күні: сараман тақырыбы, экскурсияның өткізілу орны, экскурсия мақсаты, орындалатын жұмыс тізімі, бөлінетін сағат саны анықталады (кесте 1).

Кесте 1

Сараман көлемі, өту уақыты және ұйымдастырылуы

Тақырыбы	Экскурсияның өткізілу орны	Экскурсия мақсаты	Орындалатын жұмыс	Сағат саны Ауд/ СӨЖ
	Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықпен танысу (ҚТ) Сараманның күнтізбелік жоспарын құру			1/-
Барлығы				36/20

Сараман соңында студенттер атқарған жұмысы бойынша есеп береді. Сараман бойынша есеп беру формасы және түрлері болады. Олар: күнделік, кеппешөп үлгілері, жеке жұмыс.

Күнделікте титул беті, сараман мақсаты мен міндеті, әрбір өткізілген экскурсия орны, сараман барысында қарастырылған аймақ сипаттамасы, жергілікті жерге тән анықталған өсімдік түрлері, олардың ерекшеліктері, қолданылған әдебиеттер көрсетіледі.

Кеппешөп үлгілерін тапсыру барасында әрбір студент 20 кеппешөп бетін тапсыру қажет. Бетте арнайы этикеткада анықталған өсімдік атауы, тұқымдасы (латынша, қазақша), алынған орны, өсімдікке тән өсу аймағы, жинаған студенттің аты-жөні, уақыты көрсетіледі.

Жеке жұмыс 2 студентке 1 тақырып беру арқылы жүргізіледі. Жеке жұмыс тақырыбы алдын-ала әрбір топқа беріледі, сондықтан сараман барысында тақырыпқа сай материалдарды негізгі кеппешөп үлгілерімен қатар жинақтаған дұрыс. Жеке жұмыс тақырыптарының үлгілік тізімі:

- негізгі зерттелетін тұқымдастардың жемістері мен олардың түрлері;
- жапырақ тақтасының пішіндері;

- жапырақ жиегінің түрлері;
- күрделі жапырақтар;
- жай жапырақ пішіндері;
- анықталмаған гүлшоғыры;
- анықталған гүлшоғыры;
- дұрыс гүл;
- бұрыс гүл;
- тамыр түрлері.

Далалық сараман бойынша студенттердің бағдарламаны меңгеру сапасын анықтау формалары түрлі бағытта жүреді.

1) *Оқу жұмысын бақылау* (студенттердің инициативтілігі). Бұл әдіс студенттердің зерттелетін материалды меңгеру және ұғыну деңгейін, сонымен бірге практикалық білігі мен дағдысындағы өздігінен жұмыс жасау қабілетін анықтауға көмектеседі.

2) *Өзіндік жұмыс*. Үй тапсырмасы бойынша өзіндік жұмыс белгілі бір білімді, біліктілікті ғана тексеріп қана қоймай, сонымен бірге студенттердің творчестволық қабілетін арттыруға көмектеседі.

3) *Сынақ.* Оқытудағы қорытынды нәтижелерді анықтау үшін қолданылады. Материалды меңгеру алдында студенттер сұрақтар тізімімен және тақырып бойынша міндетті талаптармен, сондай-ақ қосымша тапсырмалар және сұрақтармен танысады. Сынаққа жолдама алу үшін студент бірнеше талаптарды орындауы қажет.

- Білім (фактілер, терминология, теория, әдістер).
- Ұғыну (құбылыстар арасындағы байланыс, қорытынды сипаттамасы).
- Қолдану (ұғымдарды, қағидаларды, нақты мәселелерді пайдалану).
- Талдау (жасырын ұсыныстарды бөліп алу, логика, талдау).
- Синтез (өзіндік жұмысты жазу, білімге сүйене отырып мәселені шешу).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. ҚР МЖМ 3. 08. Астана, 2006.

2.Андреева И.И., Родман Л.С. Ботаника:учебное пособие. 2-е издание-М.:Колос, 2001.

3. Барабанов Е.И. Ботаника. М.: Академия,2010

4.Дарбаева Т., Отаубаева А., Цыганкова Т. Батыс Қазақстан облысының өсімдік әлемі. Орал, 2001

5. Петренко А.З., Фартушина М.М. и др. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые обьекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. Уральск, 1998.

6. Тимонин А.К. Высшие растения. М.: Академия 2007.

***

В статье рассмотрены методологические аспекты полевого исследования почв на основе краеведческих материалов.

***

Article considered the methodological aspects of the field study of vegetation on the basis of local history materials.

УДК 372.874

Кайнбаева Ж.С. *– к.п.н., ст.преподаватель,*
ЗКГУ им. М. Утемисова

ФОРМИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ КУРСА «МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЧЕРЧЕНИЯ»

В системе современного вузовского образования проблема формирования профессионально-педагогической культуры и культура ее организации приобретает принципиальное существенное значение. В связи с этим, сегодня в Казахстане предпринимаются попытки создания альтернативных технологий, продолжается поиск эффективных методик и технологий обучения, исходящих из возможностей современной педагогической практики. Внедрение новых технологий обучения указывает на то, что стержнем вузовского образования выступают жесткие дидактические нормы и центрированность на деятельности преподавателя (поскольку именно он – носитель технологии, он определяет ход обучения и добивается запланированных им результатов), то ориентация на профессионально-педагогическую культуру будущего учителя, предоставление студентам права участвовать в выборе форм обучения углубляют содержание образовательных процессов, в которых в полной мере начинают действовать культурные нормы самообразования студента, сотрудничества и взаимодействия преподавателя и студента, управления и самоуправления процессом обучения.

Курс «Методика преподавания черчения» вводится в учебный процесс на III курсе и имеет своей целью ознакомить студентов с различными методиками и технологиями обучения, существующими в настоящее время, помочь им выбрать оптимальные для себя варианты преподавания. К этому моменту студентами уже изучены курс общей педагогики, этнопедагогики, психологии, методики организации внеклассной работы в школе и пройдена сквозная педагогическая практика третьего курса.

Курс состоит из серии проблемных лекций, отражающих следующие разделы: структура и содержание курса черчения в общеобразовательной школе РК; развитие пространственных представлений у школьников на уроках черчения; основные дидактические принципы в обучении черчению; проблемное и программированное обучение (Ньюэпл А., Дм.Шоу, Саймон Г., Пойа Д., Энгельмейер П.К.); методика активизация познавательной деятельности учащихся на уроках черчения (Термен Л., Иден М., Гончаренко Н.В., Моисеев В.Г.); разработка и составление графических задач и их использование (Кругликов Г.И., Симоненко В.Д., Цырлин М.Д.); типы и структура уроков черчения (Ботвинников А.Д., Вышнепольский И.С., Борисов М.Д., Василенко Е.А., Ляпунов Б.А., Преображенская Н.Г., Ройтман И.А., Эйдельс Л.М., Севостопольский Н.О.); методика организации и планирования факультативных, кружковых занятий в школе по черчению (Виноградов В.Н., Василенко Е.А.); современные тематические кружковые занятия по черчению в общеобразовательной школе; методика изучения основных тем курса черчения; практические работы по методике преподавания черчения, адаптированные для общеобразовательной школы. При изучении данного курса студентам предоставляется возможность проанализировать, сравнить

существующие методики, попытаться их использовать самостоятельно на семинарских, лабораторных занятиях и СРСП, осознать достоинства и недостатки каждой их них.

Мы считаем, что именно этот курс помогает формированию профессионально-педагогической культуры студентов, что является главным системообразующим, структурирующим фактором становления современного педагога. Поэтому в основу разработки содержания, технологий, организационных форм педагогического образования должна быть положена концепция формирования профессионально-педагогической культуры. Такой подход может обеспечить в современных условиях конкурентноспособным ресурсом деятельности учителя, специальными знаниями, технологиями и методами обучения и воспитания, поскольку общая профессиональная подготовка будущего учителя обеспечивается личностным развитием, выходом личности педагога за пределы нормативной деятельности, способностью создавать и передавать ценности будущему поколению.

В решении проблем формирования «профессионально-педагогической культуры» будущего учителя важно не только овладение совокупностью педагогических технологий, детерминированных инновационными целями образования (педагогическое мастерство, эмоциональная восприимчивость к новаторству), но и развитие интегративных качеств личности преподавателя (креативность, критичность, рефлексивность).

На наш взгляд, именно такой деятельности студенты обучаются во время изучения базовой профилирующей дисциплины «Методика преподавания черчения». Это происходит прежде всего на лекциях, где студентам разрешается активно обсуждать плюсы и минусы различных педагогических технологий, сопоставляя их определенным законам педагогической логики, задавать вопросы по изучаемой теме касательно функций, структуры, содержания, механизмов и результатов изучаемого процесса. Преподаватель, в свою очередь, строит лекцию в форме ряда проблемных вопросов, призванных стимулировать мыслительную активность и развивать творческие способности студентов. Например, на лекциях студенты знакомятся с методами коллективного поиска технических решений, как мозговой штурм, обратная мозговая атака, используемых на уроках черчения при выполнении различного рода графических заданий и упражнений.

На семинарских и лабораторных занятиях подробно обсуждаются различные методики построения символической аналогии, генерации идей, развития творческого воображения при решении технических и производственных задач. Студенты получают возможность самостоятельно давать уроки по каждой из данных методик, использовать различные методы и приемы построения учебного процесса при изучении сложных технических тем по черчению, сочетать элементы из разных методик и технологий обучения. Разрабатывать и представлять на обсуждение варианты графических упражнений предоставляемых ученикам после изучения определенной темы с целью повторения и закрепления изученного материала. Все это способствует повышению уровня профессиональной педагогической культуры.

На лабораторных занятиях по курсу «Методика преподавания черчения» нами были разработаны и предложены студентам для выполнения следующие задания и упражнения, которые направлены на совершенствование и развитие профессиональных интересов и педагогических умений:

1. «Урок – диалог». Основное назначение урока - создание условий

диалога, уважения иной точки зрения, формирование умений находить культурный способ выхода из конфликта.

На занятии студентами обсуждаются в форме диалога следующие темы и вопросы:

- Краткий исторический экскурс в историю развития черчения.
- Пути повышения общественного производства и вкладе новаторов в научно-технический прогресс.
- Творческие способности человека и его возможности. Их развитие на путях технического прогресса и т.д.

В ходе данных занятий студенты получают первичные понятия об уровнях творчества, изобретениях, рацпредложениях, технических системах, закономерностях и этапах развития черчения в стране и мире. Учатся вести диалог, отстаивать свою точку зрения, слушать другого, принимать и понимать другую точку зрения и т.д., через диалог студенты опосредуют свое вхождение в социокультурный мир, в коммуникативное пространство диалога с Другими.

Диалоги используются нами на групповых занятиях как на лекциях, так и на семинарских, лабораторных и СРСП, так и в период педагогической практики в школе. Во время диалога студенты совершенствуют педагогическое мастерство, у них формируются артистические способности - умение выражать свои мысли в жестах, мимике, интонации голоса; вести свободно диалог; быть раскованным, раскрепощенным, уверенным в себе и своих действиях.

2. «Урок – деловая игра». Важным элементом успеха, который должен быть достигнут в результате изучения метода обратной мозговой атаки, должно стать активное и заинтересованное участие всех студентов в работе. Это станет возможным, если объектом оценки с точки зрения его совершенства станут хорошо знакомая технология, инструмент, приспособление или метод. *Цель данного занятия*: привить навыки и развить логику поиска творческих подходов к идеям, решению и ответу на задачу ситуации.

Варианты задач:

1. Генерация идей (без всякой критики и доказательств того или иного решения). Технология: Преподаватель описывает ситуацию и предлагает вниманию студентов нереальную идею, поданную на этапе генерации. Студенты вместе с преподавателем анализируют предложенную идею. Главное в случае нереальной идеи – найти рациональную основу.
2. Раскрыть скрытые свойства объекта (с защитой своей точки зрения автором и критикой со стороны оппонентов). Технология: Преподаватель называет предмет и задает вопросы типа: “Какими скрытыми или явными свойствами обладает предмет?». Студенты составляют список свойств. Преподаватель и студенты вместе уточняют, дополняют его и анализируют с точки зрения полноты и оригинальности.

При выполнении такого рода заданий у студентов развиваются невербальные средства общения, творческие способности студентов, эмоциональная отзывчивость, экспрессия - как основа развития эмпатии. Раскрываются деятельностный, эмоциональный, познавательный компоненты творческой деятельности.

3. «Урок-поиск». Этот урок начинает знакомство студентов с методами логического поиска, в частности, с алгоритмом решения изобретательских задач. Большой интерес у студентов должен вызвать рассказ о драматической и необычной судьбе автора метода – Генриха Сауловича Альтшуллера, изобретателя и писателя-фантаста (псевдоним Г.Альтов).

Коллективный анализ метода Г.Альтова, выявление его слабых мест, рекомендации по их устранению, его защита и презентация, его обоснование. В данном случае происходит формирование целенаправленности, независимости в суждениях, умения отстаивать свою точку зрения, приводить весомые доводы в защиту метода, способности творчески мыслить. Знания, умения, приобретенные студентом в ходе урока, могут быть использованы в воспитании и обучении детей техническому творчеству, и стать основой для его профессиональной компетентности.

Также нами на СРСП используются различные методы, формы и механизмы организации учебных занятий:

- методы (рассказ, объяснение, лекция, беседа, дискуссия, диалог, работа с книгой, метод иллюстраций, демонстрация слайдов, устные, письменные и графические упражнения, метод проблемного изложения, эвристический и исследовательский методы);

- формы учебно-воспитательной работы (конкурсы и смотры наглядных пособий, презентации методических разработок кружков и факультативов по черчению, диспуты на педагогические темы, коллективное обсуждение творчества известных новаторов и рационализаторов, экскурсии на производство, практикумы, мастерские, семинары, зачеты и др.).

- механизмы (подражание, перенос, компенсации, идентификации, генерация).

В рамках учебной дисциплины «Методика преподавания черчения» создаются специальные педагогические условия, способствующие формированию профессионально-педагогической культуры будущего учителя. Студенты во время учебного семестра осуществляют подготовку методических разработок по различным разделам учебного курса черчения, это графические задания-карточки, кроссворды, презентации по темам, календарные планы, поурочные планы-конспекты уроков, наглядные пособия и т.д. Все проекты проходят публичную защиту и презентацию. Данный вид работ позволяет студентам в полной мере реализовать свои методологические знания и продемонстрировать профессиональное и педагогическое мастерство.

Как известно, формирование профессионально-педагогической культуры невозможно без педагогического творчества. Взаимосвязь творчества и педагогической культуры объясняется тем, что творчество органически присуще педагогической деятельности. Творческая активность преподавателя есть свойство и результат высокого уровня развития его педагогической культуры, предполагающей наличие профессиональных знаний, осознание целей и общественной значимости деятельности, чувство ответственности за ее последствия, потребность в познании педагогической реальности и себя как профессионала. Всплеск исследований по данной проблематике приходится на конец XX в. и начало XXI века (Л.Б.Соколова, В.А.Сластенин, В.В.Краевский, Н.Д.Никандров, Е.В.Бондаревская и др.) В их работах педагогическая культура понимается как важная часть общей культуры учителя, выражающейся в системе профессиональных качеств и специфике педагогической деятельности.

Таким образом, учебно-воспитательная деятельность, организованная на занятиях по дисциплине «Методика преподавания черчения» способствовала формированию профессионально-педагогической культуры будущего учителя, максимальному проявлению творческих способностей и самостоятельности мышления, создавала воспитательный эффект в коллективном творчестве. Профессионально-педагогическая культура будущего учителя

понимается нами как способ творческой самореализации личности в разнообразных видах педагогической деятельности, направленной на интеграцию, реализацию, освоение, преобразование и передачу педагогических ценностей.

Формирование профессионально-педагогической культуры происходило в процессе рефлексии педагогической деятельности, выработки определенного отношения к ней. Психологическим способом, позволяющим воссоздать свое отношение, выступал механизм «взращивания» чувственного опыта. В этом случае мы напоминали студентам слова А.Н.Леонтьева: «Чтобы значение начало функционировать в реальных жизненных связях субъекта, нужно прожить его», т.е. пережить.

Список использованной литературы:

1. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. Алматы.: Ғылым; 1998.- 320 с.

2. Сарсембаева Б. И. Психология личностного и профессионального самосовершенствования будущих педагогов: Монография.- М.,2005.-176 с.

3. Советова Е.В. Эффективные образовательные технологии.- Ростов н/Д.: Феникс, 2007.- 285с.

4. Яковлева Е. Л. Эмоциональные механизмы личностного и творческого развития // Вопр. психологии. - 1997. - № 4. - С. 20-27.

5. Джонс Дж. К. Инженерное и художественное конструирование. М: Мир, 1976.-374 с.

6. Каримов Х.К. Техническое творчество в системе познавательной деятельности. Диалектика научного познания. – Самарканд: 1983. – С.25-30

7. Методика обучения черчению: Учебн пособ для студентов /В.Н.Виноградов, Е.А.Василенко и др.; Под ред. Е.А.Василенко.- М.: Просвещение, 1990.- 176 с.: стр. 45

8. Ботвинников А.Д., Вишнепольский И.С., Черчение в средней школе. – М.: Просвещение, 1989

9. Ройтман И.А., Эйдельс Л.М. Методика преподавания черчения. М.: Просвещение, 1983

***

Бұл мақалада болашақ мұғалімнің кәсіби педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға арналған оқу процесінде қолданылатын тапсырмалар және жаттығулар көрсетілген.

***

The article presentation system organized teaching on branch of science "Methods teaching drawing", that permission form professional-teacher cultural coming teachers.

ӘОЖ 37.035:371

Байдалиев Қ.А. *- доцент,*
Жәңгір хан атындағы БҚАТУ,
Искалиева Ш.С. *- оқытушы,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

МЕКТЕПТІҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ «ТЕХНОЛОГИЯ» - БЕЙІНДІ ОҚЫТУДЫҢ КАТАЛИЗАТОРЫ

Қазақстан экономикасының дамуы мен халықтың әлеуметтік дәрежесін көтеру бағытында мемлекет инновациялық бағытта барлық субъект

шаруашылықтарына тән жаңа жобалар мен бағдарламалар қабылдап жүзеге асырылуда. Соның бір саласы индустриалды-инновациялық жоба болып табылады. Осы жоба аясында индустриалды өндірістердің модернизациялануы ғылымның заңдылықтары мен қағидаларына негізделген жаңа техника мен технологиялар жасап құрастыра, өндірістік қатынастарға құрал ретінде бейімдеп, пайдалы, сапалы өнім, шығыны мәнерсіз, адамның тұтынуына ұтымды және қолайлы, өміріне қауіпсіз бұйымдарды игілікке жарату көзделіп отыр.

Индустриалды жобаны жүзеге асыру аясында Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен өткізілген экономикалық форумда, Елбасы Н.Ә.Назарбаев әрбір өндірістік шаруашылық субъектілері өздерінің нысанында ғылыми-зерттеу, өнертапқыш орталықтарын құрып, өндіріс саласының технологиялық процестерін дербес, нұсқалы үлгідегі техникаларды жасау, жетілдіру арқылы өнімнің саны мен сапасын арттыру ресурстарын қарастыру керектігі бойынша форум қатысушыларына міндет жүктеген болатын. Бұл бағыттағы интеллектуалды және шығармашылық іс-әрекетпен шұғылданатын ғылым мен өнертапқыш майталмандарын мемлекет тарапынан, сол жергілікті шаруашылық басшылары әртүрлі еңбек салалары бойынша ынталандыру әдістерін қолдануды қолға алуға кірісті. Оның бірі – гранттар беру, патенттерді заңдастыру арқылы өнертапқыш өзінің жасаған түпнұсқалы, дербес өнімін жалдауға берумен материалды төлем ақы алып отыру сияқты.

Жоғарыдағы мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыру, ғылымның және өнертапқыштың жаңа таным көздері негізінде еліміздің әлеуметтік жағдайы мен экономикасын дамыту, дүниежүзілік экономика, өндіріс пен ғылым саласында Қазақстанның танымал алпауыттар қатарына енуіне үлкен бір жол – адамның интеллектуалды және шығармашылық іс-әрекеті капитал болып табылуын Қазақстан Республикасының 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында анықталған [4].

Қазақстан Республикасы соңғы кездерде білім беруді дамыту бағдарламаларында осы қарастырылып отырған мәселе жиі-жиі орын алып келе жатқаны белгілі.

Адам капиталын мазмұнды іскерлік әрекеттерді орындау, интеллектуалды негізде креативті тұлға қасиеттерімен қамтамасыз ету, өзін әлеуметтік ортада және өндірістік салада қабілеттерін толық жүзеге асыра алу мүмкіндігін жеткілікті жаңа әдіс-тәсілдермен, құралдармен қарулану болып отыр.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының он екі жылдық білім беру тұжырымдамасы [1] мен моделі негізінде бейінді оқыту бағдарламасы қабылданып, жүзеге асыруға үлкен дайындық үстінде [3].

Бұл бағдарлама, әсіресе, мектеп оқушыларының танымдық қызығушылығына, қабілеттеріне, ғылым және оның білім көздерін өз бетімен таңдау мүмкіндіктеріне үлкен серпеліс бермек. Оның себебі, әрбір жеке дара тұлғаның сыртқы құбылыстарын таңдауды қабылдай, ішкі психиканың құрылымын өзіне тән шағылыстыра өзгертеді. Олай болса, сыртқы ортаның өзгерісінде, соның ішінде адам еңбек түрлері сан алуан өзгере «тар біліктілік» (узкоспециализация) орын алып, макроқұрылымнан микро құрылымға түрленуіне ықпал етуде. Білім кеңістігінің диапазоны күннен-күнге артып, ғылым мен оның білім қоры кең және терең бой алып, микро өлшем шамасындағы құбылыстарды қарастыруға көшу өзекті орын алып келеді. Осы тарапта оқушылардың нақты ғылым саласы бойынша үзілді-кесілді оқу материалдарын қабылдап, есіне сақтау, мағынаны ойлана ұғыну мен қарапайым тәжірибелерді қолдану мүмкіндігіне қол жеткізу емес, сонымен бірге,

ғылым саласының танымдық әдістері мен тәсілдерін игере сол ғылым түрінде өзекті, өндіріс пен қоғамға, экономикасында қайшылық тудырып отырған мәселелерді терең, жүйелі зерттеуге жаңа оқу модульдері, оқу процесін дәстүрлі емес формаларын қолдану қажеттіліктен туып отыр. Соның аясында мектеп оқушылары, өздерінің келешектегі мамандықты таңдауға, өзін әлеуметтік өмірде жүзеге асыра алуына толы мүмкіндіктер алатынына бағдар болып табылмақ.

Бірақ, өкініштісі, бейінді оқыту бағдарламасының негізгі қағидалары соңғы ой-түйіннің жаратылыстану, математика ғылым салаларына байланысты басымдылық жасап отырғаны байқалады. Бейінді оқытуда аталған ғылым салалары бойынша пәндердің оқу материалдарының ғылымилылығы мен қисындылығының артылуы жаңа оқу модульдерінің пайда болуына, ғылыми-зерттеу, шығармашылық және жоба жұмыстарын орындау формасында танымдық іс-әрекеттермен оқушылар тағы да дәстүрлі білім мазмұнын меңгеруге ұмтылуы сақталады деген жорамалдың көзделетін орны бар сияқты. Бізге белгілі, Кеңес Одағы кезінде басталған және қазірдің өзінде де жалпы орта білім беретін мектептерде оқушыларға пән бойынша «терең білім беру» сыныптары, мектептері сақталып келеді. Бейінді оқыту осы тәжірибені қайта теңеу болып табылуға жол беретін тағы басқа формасы анықталғанға ұқсайды.

Кеңес Одағы кезінде және Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан бері жалпы орта білім беретін мектептерде жаратылыстану, математика ғылым салалары бойынша оқушылардың терең білім меңгеруіне қаншама формада оқу процесін жетілдіруге өзгерістер енгізіп келді. Мысалы, физика-математика мектебі, математика сыныптары, химия және биологияны терең үйрену сыныптары, физика мен математика пәндерін қарқынды үйрету сыныптары, қаншама сағат бөлінген факультативті сабақтар сияқты. Бүгінгі күнде ұлттың бірыңғай тестіге дайындауға арналған жоғары сыныптардың аталған пәндер бойынша білім деңгейлерін көтеру мақсатында қосымша сағаттардың бөлінуі. Соның өзінде оқушылардың жаратылыстану мен математика ғылым салалары бойынша пәндерден білім деңгейлерінің арту ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелері кепіл бола алмай келеді.

Олай болса, бейінді оқыту бағдарламасының көзделіп отырған мүддесі кезектегі бір жаңа атаудағы мемлекеттік шара болып, жоғарыдағы білімді теориялық меңгерту мазмұнындағы сипатқа ие болуына ықтимал. Бағдарламада белгіленген оқу процесінен тыс формадағы ізденіс, ғылыми-зерттеу, шығармашылық және жоба жұмыстары мақсатқа сай ұйымдастырылуы оқушылардың ғылым саласы бойынша терең білім алып, сол ғылым саласы төңірегіндегі тәжірибелер жүргізіп, болашақ кәсіби қызығушылықтарын тудыруға мүмкіндік алады. Бұл формадағы оқушылардың танымдық іс-әрекеттері шектеулі жоба, ізденіс, тұрпайы тәжірибе жүзінде ғана жүре алады деген пікір саяланады. Яғни, лабораториялық мазмұнда зерттеулер орын алуы мүмкін. Ол жұмысты жүзеге асыруға ықпал ететін оқу пәндерінің материалдық-техникалық базасы жеткіліксіз, ол толық қамтамасыз етілмеген. Мүмкін Қазақстанның орталық қалаларындағы кейбір ғана шектеулі мектептерде ғана материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету жеткілікті орын алуы мүмкін. Қазақстанның көптеген мектептерінде жаратылыстану ғылым салалары бойынша техникалық құралдармен қамтамасыз етілген күннің өзінде, ол ескірген, амортизациялық шығыны әлдеқашан өтіп кеткен, зерттеу жұмыстарында тұрпайы тәжірибелер орындауға ғана мүмкіндік береді. Бізге белгілі кез-келген ғылым салалары, жоғарыда айтқандай «микро», «молекулалы», «генді инженерия» деңгейлердегі зерттеу жұмыстарын орындауға көшу

кезеңіне бірнеше жыл бұрын өткені аян. Оған мәлімет ретінде нанотехнологиялар, ғылыми сыйымдылығы бар технологиялардың қазірдің өзінде өнімдер алу мен жасау қарқынды жүріп жатыр. Оның материзацияльнуы техника ғылым саласында жүзеге асуы болып отыр.

$$p = \frac{RT}{V}, \qquad V = \frac{\alpha}{T} \Rightarrow p = \frac{R}{\alpha} T^2,$$

$$dV = -\frac{R}{T^2} dT \Rightarrow A = \int_{T_1}^{T_2} \frac{R}{\alpha} T^2 \left(-\frac{\alpha}{T^2} dT \right) = RT \Big|_{T_1}^{T_2} = R\Delta T$$

Этот метод предпочтительнее, так как сразу ведет к переменной T, о которой в задаче есть информация.

Аналогично вычисляется работа в задаче 2.47 [1], в которой дано: V_0, η - отношение конечного и начального объемов, $p = \alpha V$, где α - постоянная.

В задаче 2.49 [1] процесс задан условием $p \sim T^{\alpha}$.

Чтобы решать задачу, необходимо от указанной пропорциональности величин p и T^{α} перейти к равенству, введя коэффициент пропорциональности. В конечный результат этот коэффициент не войдет.

Интересна задача 2.50 [1], в которой задана функция внутренней энергии U и её приращение ΔU.

Работа $A = \int pdV$. Необходимо перейти к переменной U. Перейдем к равенству $U = \kappa V^{\alpha}$

$$U = \frac{1}{\gamma - 1} RT = \frac{1}{\gamma - 1} pV \Rightarrow p = \frac{U(\gamma - 1)}{V} = \frac{\kappa V^{\alpha}(\gamma - 1)}{V} = \kappa(\gamma - 1)V^{\alpha - 1}$$

$$A = K(\gamma - 1)\int V^{\alpha - 1} dV = \frac{K(\gamma - 1)}{\alpha} V^{2} = \frac{K(\gamma - 1)}{\alpha K} U \Big|_{U_1}^{U_2} = \frac{\gamma - 1}{\alpha} \Delta U$$

Решение задач указанного типа имеет важное значение в подготовке учителя физики. Используемые при их решении интегралы вполне доступны учащимся классов физико-математического направления. А необходимые для их вычисления преобразования функций одних переменных в функции других переменных углубляет понимание связи термодинамических параметров при различных политропных процессах.

Список использованной литературы:

1. И.Е.Иродов. «Задачи по общей физике» Учеб. пособие. – М:Наука, 1988. – 416 с.

2. Н.В.Турчина, Л.И.Рудакова, и др Физика: 3800 задача для школьников и поступающих в вузы – Москва: Дрофа 2000 – 672 с.

***

Мақала термодинамика есептерінде интегралдау және дифференциалдаудың математикалық әдістерін пайдалануға арналған. Осы әдіспен есептерді шығару оқушыларға физика мен математиканың өзара байланысын айқын көруге көмектесіп, әртүрлі политропты үдерістерді түсінуді тереңдетеді.

***

Article is dedicated to the use of mathematical methods of integration and differentiation in the problems of thermodynamics. Solution of problems by this method helps students see the relationship of physics and mathematics, deepens understanding of the various polytropic processes.

ӘОЖ 3712.

Ихласова Ж. М. *- оқытушы,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

БИОЛОГИЯ САБАҒЫН МОДУЛЬДІ–БЛОКТЫ ЖҮЙЕМЕН ОҚЫТУ

Қазіргі заман жаңашылдық, жаңа көзқарас, жаңалықтар заманы. Сондықтан да оқыту үрдісі, әдістері де осы жаңашылдықтарға сәйкес болуы тиіс. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ тәрбиелеу заман талабы. Педагогика ғылымының негізгі мәселелерінің бірі – жеке тұлғаны жетілдіруде, жан-

жақты дамытуда, білім беруде ғылымның соңғы жаңалықтарын қолданып шығармашылық жұмыстарды жасауға қабілетті, дүниетанымдық көзқарасы мол, рухани бай азамат дайындау. Яғни, білім беру жүйесінде ақпараттық технологияларды қолдану, жетілдіру болып табылады.

Республика өміріндегі соңғы өзгерістер білім беру саласына, соның ішінде мектепте оқушыларды дара тұлға етіп тәрбиелеу ісіне де әсерін тигізуде. Мектеп оқушыларын ғылыми білімнің қажетті деңгейімен қамтамасыз ету, оларды отандық және әлемдік мәдениет арналарынан сусындату басты міндет болмақ. Осыған байланысты оқушыларды дара тұлға етіп тәрбиелеу үшін жүргізілетін жұмыстар мынадай болуы тиіс: қиыншылықтан қорықпай, еркін өмір сүруге бағыттау, біліміне сай келетін бағыт-бағдар таңдап алатындай етіп тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын және ойлау қабілеттерін дамыту.

Қазіргі қоғамда жүріп жатқан әлеуметтік өзгерістер білім беруді дамытудың жаңа жолдарын, яғни педагогика ғылымының әдістемесін өзгертуді талап етеді. Оқу үрдісінде мұғалім емес, керісінше оқушы белсенділік көрсетіп, сол арқылы өз қажеттілігін қамтамасыз етуі тиіс. Оқыту мотиві – таным мотиві, себебі таным арқылы балаға оқу тұрақты қызығу әкеледі. Оқытудың негізгі мақсаты өз бетінше дами алатын жеке адамды қалыптастыру болғандықтан, оқушылар өз бетінше танымдық әрекет етудің әдістері мен дағдыларын меңгеруі керек. Сабақ түрі заман талабына сай жаңарып отырса, оқушыларға оның әсері ерекше болады. Бұның бәрі мұғалімнің тың еңбегінің арқасында жүзеге асады.

Оқу үрдісіне – жаңа педагогикалық технологияларды енгізу көптеген мәселелерді шешетіні сөзсіз. Оқушы өз қабілетіне қарай таңдау жасап, білімін терең дамытуына мүмкіндік алады. Қазіргі кезде оқыту үрдісінде жаңартылған педагогикалық технологиялар көбейе түсуде. Олардың әрқайсысы ғылыми тұжырымдамаларға негізделген мазмұны мен әдістемесінде ерекшеліктері бар, оқу үрдісінің мәнін түсіндіре алатындай негізде құрылған. Бірақ соның ішінен қажеттісін таңдап алу - мұғалім үшін жауапты және іскерлікті қажет ететін іс [2].

Оқу үрдісінің осындай жаңа технологиясының бірі – пәндерді модульді – блокты жүйе бойынша оқыту.

«Технология» ұғымы – (В.И.Шепель бойынша) өнер, шеберлік, біліктілік, жағдайды зерттеуге бағыттаған іс-әрекеттерінің жиынтығы дегенді білдіреді. [1]

«Модуль» - (С.И.Ожегов бойынша) белгілі бір жүйенің, құрылымның өз бетінше бола алатын, бөліне алатын бөлшегі. Кез-келген үлкен модуль блоктарға бөлінеді. Блок - материалдағы мәселені ашып, шеше білу, ондағы негізгі түсініктерді сараптап көрсете білу және олардың арасындағы байланысты көрсету [1].

Модульді оқыту – блоктық оқытудың жетілдірілген түрі. Мұнда оқушылар модульдерден тұратын оқу бағдарламасымен жұмыс жасайды. Модульді оқыту мына сатылардан тұрады:

1. Оқу үрдісінің белсенділігін арттыру.
2. Оқушылардың өзіндік жұмысын басқару.
3. Әр түрлі дәрежеде бақылау жүргізу.
4. Оқушылардың жетістігі мен білім деңгейін анықтау.

Модульдік технологияның негізгі критерийлері мынаны қамтиды:

1. Тұжырымдамалығы.
2. Жүйелілігі.
3. Басқаруға икемділігі.
4. Тиімділігі.
5. Қайта жаңғыру мүмкіндігі.

Модульді оқытудың негізгі көзі бағдарламалап оқытудан алынған. Ол дәстүрлі оқытудың жоғары дәрежеде ұйымдастырылған түрі. Биология сабағында модульді–блокты жүйемен оқыту үш бөлімнен тұрады: кіріспе бөлім, сөйлесу (диалог)бөлімі, қорытынды бөлім [3].

Кіріспе бөлімінде мұғалім оқу модулінің жалпы құрылымымен және мақсат- міндеттерімен таныстырады. Оқу модулінің барлық уақытына есептелген оқу материалын қысқаша кесте, сызба-нұсқа, т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді(10-15мин).Тақырып мазмұны қарапайымнан күрделіге қарай құрылады.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс негізінен, сыныпты 8-10 адамнан аспайтын шағын топтарға бөлу арқылы оқушылардың өзара белсенді әрекет етуіне сәйкестендіріп құрады. Сабақ барысын ұйымдастыру әртүрлі белсенді сабақ түрлері (ойын, пікірталас, дебат, т.б.) арқылы жүзеге асады. Оқу материалын қайта жаңғырту және білік пен дағдыны қалыптастыру мақсатында, кейін алынған білімді талдау, бекіту және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданылады. Оқушылар кез-келген деңгейдегі тапсырмаларды өздері орындай алу шамасына қарай таңдайды.

Қорытынды бөлімінде бақылау жұмыстары жүргізіледі. Оқушы сөйлесу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдысын көрсетеді. Білімді бақылаудың формалары ретінде тест тапсырмалары, бақылау жұмыстары, сынақ, биологиялық диктант, т.б. қолданылады [3].

Біз бұдан модульді-блокты жүйемен оқытудың мынадай құрылымын көреміз:

1. Оқушыларды тақырыптар немесе тарау бойынша жасалған модульмен таныстыру.
2. Мұғалімнің оқу материалын баяндауы.
3. Сөйлесу бөлімі арқылы оқушылардың танымдық қызметін ұйымдастыру.
4. Оқу материалын өсу бағытымен әртүрлі сабақ формаларын қолдана отырып, оқып-үйрену.
5. Тақырып немесе тарау бойынша қорытындылау, тестілеу.
6. Сынақ (өзіндік жұмыс, биологиялық диктант, т.б.)

Модульді–блокты жүйемен оқытуда мұғалім төмендегідей іс-әрекеттерді орындайды: берілген тарау немесе тақырыптың мақсат - міндеттерін айқындау; оқу материалының мазмұнын оқып зерттеу; модуль бойынша берілген ұғымдарды, негізгі ақпарат беретін тірек сөздерін анықтау; тарау немесе тақырып бойынша тірек сызбаларын құрастыру; модуль бойынша тұтас тест тапсырмаларын құрастыру; модульдің тұтас мазмұны бойынша сынаққа қажетті сұрақтар құрастыру; оқу материалының мазмұны бойынша күрделілік дәрежесі әртүрлі ізденушілік тапсырмалар әзірлеу [2].

Заман талабына сай білім беруде соңғы кездерде мектепте, биология пәні бойынша модульді жүйемен оқыту жиі қолданылып жүр. «05113-Биология» мамандығы бағытында білім алып жатқан студенттер, мұғалімнің педагогикалық әрекетінің негізгі қызметін меңгеру және болашақ кәсіби тұлға ретінде қалыптасу үшін педагогикалық практикаға шығады. Мамандығы бойынша биология сабақтарын дайындау, өткізу барысындағы оқу-таным жұмыстарын атқарады. Биология сабағында модульдік технологияны қолданып, сабақ береді. Модульді жүйемен оқыту барысында студент-практиканттар оқушылардың оқу-таным әрекетін ұйымдастырудың барлық әдістерін қолданады. Мысалы: жеке, жұптасып, топтасып, оқытудың қай жүйесінде де модульді

пайдаланады. Педагогикалық практика барысында студенттер 6-10 сыныптарға биология пәнінен сабақ береді, яғни оқу бағдарламасы модульді–блокты жүйеге келтіріледі. Мұғалім сабақ мазмұнын, көлемін, ретін, уақытын, т.б. анықтайды. Сабаққа қажетті көрнекі құралдар, қосымша материалдар, тапсырмалар іріктеледі. Оқушылар нұсқау-жоспармен өз бетінше жұмыс істейді. Жұмыс барысында әр бір оқушымен жеке байланыс жасайды. Осы мақсатта үлгі ретінде өсімдіктану, жануартану, тәнтану пәндері бойынша құрылған модульдік сабақтың құрылымын ұсынып отырмын [4] .

Өсімдіктер бөлімі

Тақырыбы: «Жапырақ»

Модульдің құрылымы	**Сабақ саны**	**Сабақтың мазмұны мен түрі**	**Уақыты**
Кіріспе бөлімі	1-сабақ	1. Модульдің құрылысымен таныстыру. 2. Тақырыптың мақсаты мен міндетін түсіндіру. 3. Тірек-сызбалармен жаңа сабақты түсіндіру. 4. Оқулықпен жұмыс. 5. Үй тапсырмасын беру.	5 мин. 5 мин. 30 мин 4 мин. 1 мин.
Сөйлесу бөлімі	2-сабақ	1. «Қаралы кесек» оқыта үйрету Мақсаты: оқушылардың алған білімдерін пысықтау, тереңдету. 2. Қорытындылау. 3. Бағалау.	40 мин. 3 мин. 2 мин.
	3-сабақ	1. «Кім жүйрік?» ойыны. Жапырақ. Оның ішкі құрылысы, түр өзгеріс-тері. Фотосинтез. Судың булануы. 2. Бағалау. 3. Үй тапсырмасын беру.	40 мин. 3 мин. 2 мин.
Қорытынды бөлімі	4-сабақ	1. №10 зертханалық жұмыс. 2. «Бестік кімге бұйырады?» тест тапсырмасымен жұмыс. 3. Материалды қорытындылау. 4. Бағалау.	20мин. 15 мин. 7 мин. 3 мин.

Жануарлар бөлімі

Тақырыбы: «Біржасушалы жәндіктер немесе қарапайымдар»

Модульдің құрылымы	**Сабақ саны**	**Сабақтың мазмұны мен түрі**	**Уақыты**
Кіріспе бөлімі	1-сабақ	1. Модульдің құрылысымен таныстыру. 2. Тірек-сызбалармен жаңа сабақты түсіндіру. 3. Оқулықпен, дәптермен, кестемен жұмыс. 4. Үйге тапсырма беру.	3 мин. 30 мин. 10 мин. 2 мин.
Сөйлесу бөлімі	2-сабақ	1. Баспасөз-конференция сабағы. 2. Материалды қорытындылау.	40 мин. 3 мин.

		3. Үйге тапсырма беру.	2 мин.
Қорытынды бөлімі	3-сабақ	1.«Қарапайымдылар» тарауы бойынша деңгейлік тапсырмалар. 2. Тест 3. Қорытындылау. 4. Бағалау.	25 мин. 15 мин. 3 мин. 2 мин.

Тәнтану бөлімі

Тақырыбы: «Жүйке жүйесі. Жүйке жүйесінің маңызы. Жұлын. Ми. Вегататившік жүйке жүйесі»

Модульдің құрылымы	**Сабақ саны**	**Сабақтың мазмұны мен түрі**	**Уақыты**
Кіріспе бөлімі	1-сабақ	1. Модульдің құрылысымен таныстыру. 2. Тірек-сызбалармен жаңа сабақты түсіндіру. 3. Білім бекіту. 4. Үйге тапсырма беру.	5 мин. 30мин. 8 мин. 2 мин.
	2-сабақ	1. Дәріс сабағы. 2. Оқу материалын жүйелеу.	40 мин. 5 мин.
Сөйлесу бөлімі	3-сабақ	1. Топ бойынша жұмыс. «Қаралы кесек» оқыта үйрету ойыны. 2. Қорытындылау.	40 мин. 5 мин.
	4-сабақ	1. Тренинг сабақ. 2. Ой қорыту, талдау.	40 мин. 5 мин.
Қорытынды бөлімі	5-сабақ	1.Сарамандық жұмыс. 2.Дидактикалық материалдармен жұмыс. 3.Танымдық сұрақтар бойынша жұмыс.	30мин. 10 мин. 5 мин.
	6-сабақ	1. Тест. 2. Сынақ. 3. Бағалау.	20 мин. 20 мин. 5 мин.

Модуль оқушыда интеллектінің, өз бетімен еңбектену қабілеттерінің, ұжымшылдықтың, оқу-танымдық процесті басқара алу икемділіктерінің дамуын қамтамасыз етеді. Сондықтан да өздігінен жұмыс істеуде, өз білімін өзі бағалауда, тексере білуде бұл беріліп отырған модуль құрылымының маңызы зор деп есептеймін.

Іскер, мамандықтарына сай сауатты және жауапкершілікпен атқара алатын жоғары дәрежелі мамандар даярлау мәселесін шешу үшін оқыту үрдісіне үзбей жаңа инновациялық әдістер енгізіп отыру керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Әлқожаева. Жоғары мектептің оқу үрдісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану. – А.: «Қазақ университеті», 2009ж.

2. М.А.Гендельман. Активные методы и формы обучения в вузе. - Л.: Просвещение, 1990г.

3. К.Өстеміров. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – А.: 2007ж

4. «Биология, география және химия» журналы, №2 1999ж.

***

В статье рассмотрены методика и структура блочно-модульной системы по курсу биологии которые могут быть использованы студентами во время педагогической практики.

***

The article reviews a method and structure of a block modular system in biology, which can be in use by students during the teaching practice.

ӘОЖ 792. 3713

Сұлтанова М.Е. *- оқытушы,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ИНСЦЕНИРОВКА ӨНЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ КЕЙБІР ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕР

XX ғасырдың бірінші жартысында қазақ мәдениетінде тұңғыш рет театр өнерінің іргетасы қаланып, кәсіби тұрғыда дамып, қалыптасу кезеңі бастады. Драматургтер репертуарлық ізденіс мақсатында ғасырлар қойнауынан жеткен халық шығармашылығының эпикалық туындыларын арқау ете отырып, Еуропа, орыс, татар әдебиеттеріндегі драмалық туындылар жетістіктерін пайдаланып, жаңа ұлттық драматургияның үлгілерін жасауға талпынған. Сюжеті, образдары эпостан, ауыз әдебиетінен алынған Ж. Шаниннің «Арқалық батыр», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы көрпеш – Баян сұлу» пьесалары драматургияның жанрлық сырларын, поэтикалық ерекшеліктерін меңгерудегі қазақ инсценировкасының ең алғашқы тәжірибелері. Бұл шығармаларда эпоста баяндалатын оқиғаларды диалогқа көшіру, жырдағы толғауларды өз қалпында алу, көптеген тіркестерді сөзбе-сөз пайдалану жиі кездеседі. Яғни, эпос үлгілерін сахнаға ықшамдап, актерлер ойынына лайықтап, драмалық элементтерді барынша үйлесімді пайдаланып, инсценировкалау тәжірбиесін көреміз. Эпостан алынған дүниелер көп зерттеліп, авторлық идея, суреткерлік түйсік тұрғысынан зерделеніп, қайтадан құрылып шыққан. Қаламгерлер халық даналығына өз тараптарынан көп ой қосып, шынайы, типтік деңгейге көтерілген образдар жасап, драма өнерін байытты.

М.Әуезовтің «Еңлік - Кебек», «Қара Қыпшақ Қобыланды» , «Айман - Шолпан», Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш - Баян Сұлу», «Қыз Жібек» пьесалары - эпостық дәстүрлермен әлемдік драматургия мұрасымен шебер ұштастырудан туған кесек шығармалар, әдеби дамуға ықпал еткен ұлттық классика.

Ауыз әдебиетінің озық үлгілері, бірнеше ұрпақ өңдеген аңыздар, күлкілі әңгімелер мен болған оқиғалар алғашқы комедиялық туындылардың сюжеті мен образдарының негізі болды. Мәселен, Ж Шаниннің «Торсықбай», «Айдарбек» секілді комедияларының желісі ел аузынан алынған қалпынан көп өзгеріске түспеген. Фольклор материалын сахнаға лайықтау, диалогтар жасау, кейіпкерлер мінезін айқындау, тартысты күшейту арқылы драматург төл шығармалар берген [1].

Ал, әлем театрының тарихы деректеріне назар аударар болсақ, әдеби шығармаларды сахнаға лайықтап жасау тәжірибесі орта ғасырдың екінші

кезеңінде қолға алына бастады.

Шіркеу қызметі театрдың үгіттік қасиетін өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін пайдаланып, IX ғасырда Иса пайғамбардың тууы мен өліп, қайта тірілуіне байланысты аңыздардың эпизодтарын мистериялық қойылым түрінде көрсетуге тырысты.

Осындай мистериялық қойылымдарда инсценировканың кейбір қағидаттары көріне бастайды:

- Негізге бұрын жазылған дайын материал алынады.
- Соның ішінен инсценировка үшін нақты эпизодтар таңдалады.
- Көбіне әрекеттер сахналанды (Інжіл сюжетінде тура мағынадағы сөздер қолданылмайтындықтан).
- Кейбір эпизодтардың сахналық және мазмұндық байланысына қатысты туындайтын мәселелер әрекет орнын (оқиға орнын) ауыстыру, өзгерту арқылы шешіледі [2].

Мистериялық қойылымдар орта ғасыр театрының тақырыптары шеңберін кеңейтуге ықпал жасады. Оның тәжірибесі дамыған театрлардың репертуарлық, жанрлық кемелденуіне әкелді.

Репертуар мәселесін ұтымды шешу - қазіргі заман театрының негізгі міндеті. Театрлардың әсіресе қазақ театрының жақсы драматургияға тапшылық көріп келе жатқаны туралы театр қайраткерлері арасында жиі айтылып жүр. Сондықтан да болар, көптеген режиссерлер өздеріне ұнаған шығармаларды (театрдың репертуар саясаты талаптарына сай) сахнаға лайықтап жазып, ұтымды сахналаған.

Мәселен, Ә.М. Мәмбетов (КСРО Мемл. Сыйлығының лауреаты, 1974) Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романын (1973), Ш.Айтматовтың «Ақ кемесі» (1984) мен «Боранды бекетін» («Ғасырдан да ұзақ күн» деген атпен, 1990) инсценировкалап, сахнаға шығарды.

Сол сияқты, Шахимардан мен Қ.Ысқақ С.Торайғыровтың «Қамар сұлуының» инсценировкасын жасаған. Т.Өтебаевтың С.Жүнісов шығармасы бойынша «Ажар мен ажал» және С.Мұқановтың «Ботагөз» шығармасының желісі бойынша қойған қойылымы, Н. Ораздың «Қайыршының жұлдызы» атты әңгімесінің желісімен «Адасқан жұлдыз» драмасын Б. Сейітмамытұлы сахналаса, Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббатын» режиссер Ә.Рахимов, ал, «Балуан Шолақ» шығармасының желісі бойынша жасалған «Жау жүрек» драмасын көрермен назарына алғаш рет белгілі драматург, жазушы Дулат Исабеков ұсынды.

Бүгінгі таңда әлемге әйгілі шетел әдебиетінің көбінің инсценировкасы жасалып, бұл үрдіс өзінің жемісті жалғасын табуда. Яғни, режиссерлердің әдеби «жауһарларды» сахналауы репертуар мәселесін шешуде орасан зор рөл атқарады деуге негіз бар.

Инсценировканың диффиренциясы (латын т. in және scaena (scena) - сахнаға) - әдеби көркем шығарманың сахнаға қоюға лайықталған драмалық нұсқасы [3].

Бұл түсінік екі түрлі ұғымның жиынтығы; алғашқысы, ол әдеби шығарманы диалогқа айналдыру, екіншісі – театрға арналған әдеби сценарий жасау, яғни, сахна заңдылығына лайықтап шығарманың драматургиялық нұсқасын жазып шығу [4].

Әдеби туындыны сахнаға лайықтау жұмыстары барысында драма құрылымы заңдылықтарын ұтымды пайдалану; оның жанрлық басым ерекшеліктерін анықтау, әрекет қалай байланысып, қалай дамиды,

сахналық жағдайларды қисынды орналастырып мәнді қолдану, т.с.с. мәселелер түгел қарастырылады.

Режиссер инсценировкамен жұмыста жазушыдан, идеясын екінші шындыққа айналдыру барысында автордан да нақтырақ болуы керек. Сол кезде ғана шығарма өмірдің құр көшірмесі емес, көркем шындық ретінде көрерменге әсер етіп, біз сахналап отырған шығарма авторының негізгі ойы баяндалады.

Сахналауға алынатын прозалық шығарма диологтарға бай, характері драмаға жақын, ал, шиеленіс характері драмалық талаптарға сай болуы керек. Алайда, диологқа құрылған кез-келген шығарма инсценировкалауға жарайды десек қате пікір болар еді. Сахнадағы әрекет кейіреулер ойлағандай тек тартымды, ақылды сөз құрылымы емес. Әрекет - бұл дүниетанымдар, өмірлік ұстанымдар, қызығушылықтар қақтығысы.

Сөзден сөйлем құрау оңай көрінгенімен, сахнада айтылар ойды көркемдеп жазу, жеткізу - аса күрделі шығармашылық. Оған да өзгеше қабілет, өзіндік дарын қажет.

Инсценировка жасау кезінде шығарма көркем әдеби болмысын жоғалтып драмалық – мәнерлі, әрекеттік бағытқа ауысады. Сондықтан да драма мен әдебиеттің қыр-сырын түгелдей біліп қана жұмысты бастау шарт. Олардың айырмашылықтарын саралай отырып, театрдың не жасай алатынынына көз жеткізу керек.

Әдеби шығармаларды оқыған кезде біздің міндетіміз - сол шығармадағы уақыттың тынысын терең түсіну. Ең басты мәселе, жазушының айтқанын сахнаға көшіру емес, жасалатын өнер туындысын автор шығармасынан қалыспайтындай көркем деңгейге жеткізу.

Үлкен немесе кіші болсын прозамен жұмыс жасаған кезде режиссердің алдында әдеби шығарманың шешімі (театрдың пікірі, көзқарасы) жайында әңгіме қозғалады. Себебі, әдеби шығарма қойылып қана қоймай, сахна тілінде шешілу қажет. Өз қиялыңа қатысы жоқ дайын мәтін негізінде қалыптасатын ниеттің тууы, дамуы инсценировка жасаушы үшін қарапайым дүние секілді, шындығында ол үлкен қиындықтар туғызады. Автордың стилі, оның мәнері, «тынысы», ойынның бағыты көбіне театр қойылымының шеңберіне кірмей қалып қояды. Инсценировканың қадағаланатын ең негізгі мәселесі де осында.

Инсценировкамен жұмыс жасаудың әдістері өте көп. Әрбір автор, әрбір режиссердің өз жолы бар, әркімнің әдеби шығарманы сахнаға лайықтап қоюының өзіндік тәсілі бар. Егер бұл мәселеге әдістемелік қағидаларға сүйеніп қарайтын болсақ, онда инсценировкамен жұмыс жасауды 3 кезеңге бөлуге болады:

1. Әдебиеттегі оқиғаларды драмаға «аудару».

2. Драмалық материалды сахна заңына сай «аудару», көркемдеу.

3. Композиция жасау.

Осы жағдайларды ескере отырып, біз инсценировкамен жұмыс жасау әдісін жүйелеуімізге болады:

1.Тақырыпты таңдау.

Ол өз көзқарасымызға байланысты таңдалады. Бұл кезеңде міндетті түрде не жасау керек деген сұрақ айналасында ой тұжырымдалады. Оның қалай жасалатындығы жұмыс барысында айқындалады.

2. Инсценировкаланатын шығарманы талдау:

- оқиғалар желісін айқындау,
- фабула,
- сюжет.

3. Инсценировка қаңқасының пайда болуы (идеялық-тақырыптық ниеттен бастау алатын фабуланың әрекетті қозғалысы).

4. Сюжеттің (сценарийдің) жазылуы:

- тақырыптарды өңдеу,
- кейбір бөліктерді күшейту,
- таңдалған сахналарға мәтіндерді қосымша жалғау,
- мәтінді қысқарту.

5. Әдеби шығарма оқиғаларын әрекетті драмаға «аудару»:

- әңгімелеуді кіргізу,
- суреттеуді «әрекетке» аудару,
- ішкі монологтарды мәтінге айналдыру,
- әрекетті жандандыру.

6. Драмалық материалды сахнаға сай көркемдеу:

- сахна мүмкіндіктерін пайдалану (түрлі кеңістік, әрекет орны).
- театрлық мәнерлеуші құралдарды қолдану (сценография, мизансцена, жарық, әуен және т.б.)
- түрлі жанрлық шешімдерді қолдану (пантомима, ән, балет, би, көлеңкелі және қуыршақ театр, т.б.).

7. Композиция:

- бір шығарма негізіндегі құрылым,
- шығарма желісіне байланысты даму,
- автор шығармаларына байланысты,
- коллаж (бірнеше автор шығармасын пайдалану).

Инсценировка жасау барысында қарастырылатын принциптер:

- бір идеяға қазықтау,
- иллюстрациялау,
- қарама-қайшы орналастыру арқылы айтылар ойды айшықтауға болады.

Инсценировканы дайындау барысында мына шарттарды басшылыққа алу қажет:

1. Шығарманың тақырыбы мен айтылар ойды, автордың осы мәселеге дейінгі көзқарасының маңыздылығын анықтау, дәлелдеу.

2. Режиссер ретінде қойылым ниеті және оны жүзеге асыру жолдарын қарастыру.

3. Инсценировканы әрекет арқылы толық талдаудан өткізуге міндетті[4].

Әрине, әдеби шығармадағы жазылған барлық суреттеулердің инсценировкаға сыймайтыны белгілі. Сахна әрекет орны болғандықтын, режиссер, ең маңызды диалогтарды ғана қалдырып, инсценировкасын әрекет желісіне тізбектейді.

Өмірдегі шындықтың шынайы шығармаға айналуы, әдебиеттегі мазмұннан мазмұнды пішінге көшуі, тақырыптың идеологиялық көркемдік шешімін табу процесінде композицияның атқарар рөлін еш нәрсемен ауыстыру мүмкін емес. Сондықтан инсценировканың құрылуы заңдарының қағидаттарын меңгеру үшін драматургияның тарихын білу аса қажет.

Әдеби шығарманы толық талдау: бастапқы оқиғадан - негізгі, одан орталық, соңғы оқиғалары арқылы - басты оқиғаға өтудің жолдарын, көкейкесті мақсатқа жетудегі әрекет арқауын анықтау арқылы ғана театр талаптарына сай шығармалар жасауға болады. Инсценировкаға үзінді таңдағанда оның аяқталғанын сезу маңызды, яғни онда оқиға басталуы, оның дамуы және аяқталуы айқын көрініп тұруы негізгі шарт. Шығарма желісінен оқиғалар легінің бізге аса қажетті тұстарын таңдап, ортақ қақтығысқа топтастырып, бір

тақырыпқа жұмылдырып, оны сахна заңдылығына бағындыра білуіміз керек.

Инсценировкамен жұмыс барысында автордың баяндауларын қажеттілігіне қарай диалогқа айналдыруға, ұтымды ойларды қосуға, өзгеше жанрда мейлінше көрсетуге болады. Тәжірибеде бұл автордың ойына жаңаша көзқараспен қарап, шығарманың жаңа қырын ашу үшін жасалады. Ал, тақырыпты кеңейтіп, айтар ойды өткірлеу үшін қосымша кейіпкерлер қосу, инсценировка жасау барысында қолданылатын ғасырлар бойы сахнада тәжірибеден өткен режиссерлік «айла-тәсілдер».

Көркем әдебиет көтерген тақырыптың жаңашылдығы, өміршеңдігі, ойдың тереңдігі мен қақтығыстың ауқымдылығы, кейіпкерлер тағдырының қызықтылығы театр мамандарының назарын әр кезең сайын өздеріне аударып отыратыны заңдылық. Режиссердің бар болмысында қашан да драматургке тән қабілет болуы ықтимал. Яғни, бұл мамандықтың түп-негізі драматургиямен сабақтас.

Режиссура мамандығы бойынша студенттерді дайындау, соның ішінде, жалпы шығармашылық ой-өрісін кеңейту, режиссерлік-шығармашылық жұмыстардың қағидаттарын меңгеру және кәсіби дүниетанымын қалыптастыру - аса күрделі процесс. Мамандық студенттері 2,3 курстың оқу жүктемесінде әдеби шығарманың сахналық-театрлық спектакльге айналу кезеңдерімен танысады. Бұл уақытта олар кішігірім драматургқа айналып, тәжірибе жүзінде драма құрылымы заңдылықтарын; оның жанрлық ерекшеліктерін меңгеруге тырысып, әрекетті байланыстырып, дамыту, сахналық жағдайларды ұтымды орналастыру, мәнді қолдану, т.с.с. мәселелерді қарастырады.

Инсценировка жасау шеберлігі, проза немесе поэзия шығармасын сахна тіліне аудару тәжірибесі - режиссерлерді дайындаудың негізгі тапсырмаларының бірі. Бұл кезеңде әдеби-көркем талғам қалыптасып, шығарманы сахна тіліне аударуды (айналдыруды) үйрену барысында драмалық өнердің оқиғалы, әрекетті табиғатын сезу күшейіп, студенттердің авторға, театрдың мәнерлеуші құралдарына қатысты ойлар айқындалады. Болашақ драмалық шығармамен жұмыста қажетті кәсіби дағдыларды меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғалиев Р. Драма өнері. А., 2001.66 б.

2. История зарубежного театра. (Под редакцией Г.Бояджиева, А.Г.Образцовой). М., 1981.

3. Краткий словарь театральных терминов для студентов режиссерской специализации / Кутьмин С.П.;ТГИИК; Каф.реж. и акт. мастерства.- Тюмень, 2003.- 31с.

4. Рахимов Ә. «Режиссер шеберлігі». А., 2002. 130б.

***

В статье рассматриваются проблемы методики обучения инсценировке.

***

In this article are considered problems of screen teaching methods.

ӘОЖ 002.6:37.001.31

Хамзина А.О. *- оқытушы,*
Ж.Досмұхамедов атындағы
педагогикалық колледж

ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМІНІҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ МӘРТЕБЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Педагогтық мамандықтың өзіндік ерекшеліктері бар. Ол - өте күрделі және сан қырлы. Педагогтық мамандық иесі алдымен терең және жан-жақты ғылыми білімді болуын, мамандық шеберлігі шыныққандықты, саяси-адамгершілік сапаларды, мықты ерік қасиеттерді, адамшылық пен ұстамдылықты талап етеді. Мұндай зор талап өз өмірлерін жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне арнаған педагогтардың өздеріне көп міндеттер жүктейді.

Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының жаңа редакциясында педагогтың дәрежесін көтеруге ерекше көңіл бөлінгенін, осы орайда ең маңызды үш бағыт бойынша жұмыстарды қолға алғандарын айта отырып, «Біріншісі – мұғалімдерді лайықты жалақымен қамтамасыз ету, екіншісі – мұғалімдердің біліктілігін арттыру бойынша батыл шаралар жүргізу, үшіншісі – бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мұғалімдердің ең жақсы жетістіктерін насихаттау, педагогикалық шеберлік байқауларын өткізіп, үкіметтік емес ұйымдар, ата-аналар, жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнату және басқа шаралар арқылы педагогикалық мамандықтың қоғамдық беделін жүйелі түрде көтеру», – деп министрліктің алдына қойып отырған бағыт-бағдарын санамалап берді.

Мұғалімнің, әсіресе информатика пәні мұғалімінің қазіргі кезеңдегі құзыреттілікке бағытталуды басшылыққа ала отырып, жұмыстанатын кезеңдегі мәртебесінің деңгейін, оны құраушылар мен әсер ететін факторларды анықтау мақсатымен жүргізілген зерттеулер барысында қоғам мүшелерінің көпшілігінің мұғалім мәртебесін тек мұғалімдердің өздеріне ғана, олардың біліміне ғана жүктейтіні анықталды. Информатика мұғалімінің негізгі міндеті жөнінде қойылған сауалға тіпті кейбір ата-аналар оларды оқу орнының хатшысы, операторы, іс-қағаздарын жүргізушісі, т.с.с. түсінетіндігін аңғартты.

Информатика ғылым және оқу пәні ретінде XX ғасырдың екінші жартысының соңына қарай қалыптаса бастады. Ол кезде информатика ғылымының пайда болуына әкеліп соққан бірқатар оқығалар орын алды: алғаш сандық ЭЕМ пайда болуы, Н.Виннер, К.Шеннон, фон Нейманның фундаменталды еңбектерінің жарық көруі. Ғылыми ортаға «кибернетика» термині енді, ал одан соң АҚШ, Канада, басқа да елдерде кең тараған ағылшын тілінің «Computer Science» (компьютерлік ғылым) термині кірді. Бұл термин компьютерлер мен телекоммуникациялық жүйелер көмегімен ақпаратты өңдеу, сақтау, тарату үдерістерін зерттейтін ғылыми және оқу пәнін белгіледі.

Информатиканың зерттейтін салаларының аймағы – бұл ақпараттың құрылымы мен жалпы қасиеттері, ақпаратты іздеу, жинақтау, сақтау, түрлендіру, тарату мен адам іс-әрекетінің түрлі салаларында пайдаланумен байланысты сұрақтар. Ақпараттың үлкен көлемі мен ағынын өңдеу автоматизация мен телекоммуникация жүйелерінсіз мүмкін емес, сондықтан электронды есептеуіш машиналар мен заманауи ақпараттық және коммуникациялық технологиялар информатиканың фундаментальды өзегі және материалдық базасы болып табылады.

Ғалым-әдіскер Д.А.Поспеловтың пайымдауынша, информатиканың құрылымын қазіргі кезде келесі негізгі зерттеу салалары құрайды:

- алгоритмдер теориясы (алгоритмдердің формальды модельдері, есептелу мәселелері, есептеулердің күрделілігі, т.б.);
- логикалық модельдер (дедуктивтік жүйелер, шығару күрделілігі, дәстүрден тыс есептеу жүйелері: индуктивті және дедуктивті шығару, аналогия бойынша шығару, шындыққа жанасар шығару, монотонды емес қорытындылар, т.б.);
- мәліметтер қоры (мәліметтер құрылымы, сұраныстарға жауаптар іздеу, мәліметтер қорларындағы логикалық қорытынды, белсенді қорлар, т.б.);
- жасанды интеллект (білімдерді көрсету, білім негізінде қорытынды жасау, оқыту, эксперттік жүйелер, т.б.);
- бионика (биологиядағы математикалық модельдер, мінез-құлық модельдері, генетикалық жүйелер мен алгоритмдер, т.б.);
- образдарды тану және көру аумағын өңдеу (танудың статистикалық әдістері, белгілік кеңістіктерді пайдалану, тану алгоритмдерінің теориясы, үшөлшемді аумақтар, т.б.);
- роботтар теориясы (автономды роботтар, әлем жөнінде білімдерді көрсету, орталықтандырылмаған басқару, мақсатқа бағытталған мінез-құлықты жоспарлау, т.б.);
- математикалық қамтамасыз ету инженериясы (бағдарламалау тілдері, бағдарламалық жүйелерді жасақтау технологиялары, аппараттық жүйелер, т.б.);
- компьютерлер мен есептеуіш желілердің теориясы (архитектуралық шешімдер, көпагенттік жүйелер, ақпаратты өңдеудің жаңа жүйелері, т.б.);
- компьютерлік лингвистика (тіл моделдері, мәтіндер анализі мен синтезі, машиналық аударма, т.б.);
- сандық және символдық есептеулер (есептеулердің компьютерге бағытталған әдістері, түрлі қолданбалы салаларда ақпаратты өңдеу моделдері, шынайы-тілдік мәтіндермен жұмыс, т.б.);
- адам-машинааралық әрекеттесу жүйелері (дискурс моделдері, аралас жүйелерде жұмыстарды бөлу, ұжымдық процедураларды ұйымдастыру, телекоммуникациялық жүйелерде әрекеттену, т.б.);
- нейроматематика және нейрожүйелер (формальды нейрондық желілердің теориясы, оқытуда нейрондық желілерді пайдалану, нейрокомпьютерлер, т.б.);
- компьютерлерді тұйық жүйелерде пайдалану (реал уақыт моделдері, интеллектуалды басқару, монитринг жүйелері, т.б.).

Егер информатиканың, информатика пәнінің анықтамасының, пәндік мақсатының дамуын бақыласақ, төмендегідей өзгерістерді көреміз.

Кесте 1.

Түрлі оқу құралдарындағы информатика мен оқу курсының негізгі мақсатының анықтамасы

Оқу құралының авторы мен атауы	**Информатиканың анықтамасы**	**Информатика курсының негізгі мақсаты**
А.П. Ершов, В.М. Монахов, т.б. Основы информатики и вычислительной техники: 10-11 кл.: В 2-х ч. - М.: Просвещение. 1985	ЭЕМ көмегімен ақпаратты жинақтау, өңдеу мен тарату (+пайдалану) әдістерін зерттейтін ғылым.	Алгоритмдік мәдениет пен компьютерлік сауаттылықты қалыптастыру

А.Г. Кушниренко, Г.В. Лебедев, Р.А. Сворень, т.б. Основы информатики и вычислительной техники. - М.: Просвещение, 1991	ЭЕМ көмегімен ақпаратты беру, жинақтау, тарату мен өңдеу әдістерін зерттейтін пән.	Алгоритмдеу білігін қалыптастыру
А.Г.Гейн, В.Г.Житомирский, Е.В.Линецкий, т.б. Основы нн-форматики и вычислительной техники: 10-11 кл. - М.: Просвещение. 1993	Анық қалыптаспаған	ЭЕМ көмегімен есептерді шығаруға үйрету
Ю.А.Шафрин. Информационные технологии: Учебное пособие. - М.:Бином, 1996	Ақпараттың қасиеттерін, сонымен қатар техникалық құралдар көмегімен ақпаратты беру, жинақтау, өңдеу мен тарату тәсілдерін зерттейтін пәндер жиынтығы.	Заманауи бағдарламалық құралдарды меңгерту
Информатика: Учебник для экономическнх спец. вузов. Под ред. Н.В. Макаровой. - М: Финансы и статистика. 1997	Компьютер көмегімен ақпаратты түрлендіру және пайдаланумен байланысты адам іс-әрекетінің саласы.	Ақпараттық мәдениетті қадыптастыру
И.Г. Семакин, Л.А. Залогова, С.В. Русаков, Л.В. Шестакова. Информатика: Учебннк по базовому курсу. - М.: Лаборатория Базовых Знаний, 1998	Ақпаратты алу, сақтау, түрлендіру, тарату және пайдаланудың барлық аспектілерін зерттейтін ғылым.	Ақпараттық цикл пәндерінің негізгі пәні ретінде ақпаратпен және ақпаратпен жұмыстың құралы, зерттеу мен жетілдіру нысаны ретінде компьютермен таныстыру
Л.З. Шауцукова. Информатика: Учебное пособне для 10-11 клас-сов. — М.: Просвещение. 2000	Ақпараттың құрылымы мен жалпы қасиеттерін, сонымен қатар адам іс-әрекетінің түрлі салаларында оны жасақтау, сақтау, іздеу, түрлендіру, тарату мен пайдаланудың заңдылықтары мен әдістерін зерттейтін, компьютерлік техниканы пайдалануға негізделген пән.	Нақты анықталмаған
С.А. Бешенков, Е.А. Ракитина. Информатика. Систематический курс: Учебник для 10 класса. -М.: Лаборатория Базовых Знаний. 2001	Түрлі табиғатты жүйелерде орын алатын ақпараттық процестерді, оларды автоматтандыру мүмкіндіктерін зерттейтін фундаментальды ғылыми пән.	Информатикамен гуманитарлық мәдениеттің маңызды элементі ретінде танысу

Соңғы онжылдықтағы Қазақстан авторларының оқулықтарында кестедегі соңғы автордың белгілеген мақсатындағыдай ерекшелікті байқаймыз. Бастапқы құралдарда авторлар білім беру процесіндегі басты рөлді мұғалімге беріп келсе, соңғы кезең авторлары білім алушының белсенділігін арттыра келе құзыреттілікке бағытталған оқытудың негізгі аспектілерін ендіре келді. Қазіргі кезеңдегі информатика мұғалімінің басты міндеті – білім алушылардың қызығушылығын тудырып, олардың өз бетімен құзыреттілікке жетуін сауатты ұйымдастыру.

Осы орайда білім берудің сапалы әрі қызғылықты, жан-жақты қамтыған болуының кепілі тек мұғалім мен мемлекет қана емес, ата-ана да осы үрдіске белсене қатысуы тиіс. Біздің қоғамда мұғалімнің мәртебесіне күмән

тудырып, барлық ауыртпалықты тек мұғалімнің, мектептің мойнына жүктейтін тенденция қалыптасып келді.

Алдымен пән мұғалімдерінің сапалық көрсеткішін арттыру үшін олардың педагогикалық бағыттылығын, қасиеттерін жан-жақты саралап, «өмір бойы білім алу» кредосын өз бетімен жүзеге асыратын деңгейге жеткізуіміз тиіс.

Ал осы мәселенің ең шешуші факторы ретінде қоғаммен, әлеуметпен жан-жақты жұмыс жүргізу керек. «Ана-ұстаз, бала-ұстаз – адам-ұстаз» деген пікірді қоғам санасына енгізіп, неғұрлым мұғалімнің, пән мұғалімінің мәртебесін өркендетуге атсалысқанымыз жөн. Бастапқы білім мен тәрбие ана құрсағынан берілсе, ата-ананың, аға-әпкенің мінез-қылығы, іс-әрекеттері бала жанына өшпес таңба қалдыратыны сөзсіз. Қоғам мүшелерінің ұстаздық рөлін, функциясын меңгерту жұмыстарын бірегей жүргізген жөн. Ұрпақ тәрбиесіне қатысты адамдардың бәрі де қатынасты түрде мұғалімнің қызметін атқарып келеді. Жақсы ұстазға деген құрмет, оны ардақтау, сену, еліктеу, ұстаз қызметінің жетістіктерін мадақтап, ұстаздыққа кәсіби бағдар беру, мұғалімдердің осы қоғам сенімінен шығуын жолға қоюға бәріміз де атсалысқанымыз абзал.

Өмір бойы білім алу әр адамның кредосына айналуы тиіс дегенді Елбасы Н.Назарбаев өзінің халқына кезекті жолдауында баса айтты. Тәуелсіздіктің 20 жылы бойына қазақ елінің әр азаматы Елбасының көрсеткен дұрыс бағытымен жүріп келіп, көп жетістікке жетіп, түрлі белестен асты. Саналы, білімді ұрпаққа, зиялы қауымға еліміздің, жеріміздің берері көп. Осы мүмкіндікті жіберіп алмай, ерінбей еңбек етсек, 2030 жылға межеленген жарқын болашаққа жетуіміз сөзсіз болар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Білікті ұстаздан білікті шәкірт шығады.//Алматы ақшамы,11 шілде, 2002.

2. Введение в педагогическую деятельность: Учеб. пособие для студ. высш. пед. Учеб.заведений. М.: Академия, 2002.

3. Митина Л.М. Учитель на рубеже веков: психологические проблемы. – М. «Психологическая наука и образование» (№3-4, 1999).

4. Педагогтың кәсіби құзырлылығы жоғары білім сапасының басты көрсеткіші // Качество педагогического образования: проблемы и перспективы развития /материалы Международной научно-практической конференции.– Алматы: КазНПУ им. Абая. – 2004.

5. Жаңа формациядағы ұстаз, оның кәсіби мәдениеті. Н.Мұратәлиева, Мектеп директоры №3 – 2006ж. және т.б

6. Тағы да мұғалімнің кәсіби шеберлігі хақында. //Егемен Қазақстан, 29 шілде 2003.

***

В статье говорится о формировании статуса и об особенностях профессиональной деятельности учителя информатики, об основных направлениях работы учителя в условиях перехода к компетентностно-ориентированному обучению. Приведены таблица формирования понятия науки информатики и ее основной цели, идея самообразования в течение всей жизни.

***

The article informs about forming status and about especiality professional skills of the teacher of informatics, the main directions of teacher's work in condition of transition to competence of orienting teaching. There are tables of forming, meaning science of informatics and the main aims, an idea of selfeducation during all the life.

УДК 371.214

Габидуллина А.Р. *– д.ф.н., профессор,*
Донбасский государственный
педагогический университет (Украина)

ПРЕЦЕДЕНТНЫЙ ФЕНОМЕН НА ПРИМЕРЕ УЧЕБНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ДИСКУРСА

Прецедентность является одной из важнейших категорий учебно-педагогического дискурса (УПД), поскольку основной корпус «хрестоматийных» текстов усваивается языковой личностью именно в школе. Задача учебных заведений – дать учащимся знания и представления об окружающем мире (во всем разнообразии его проявлений), о различных предметах и связях между ними. И хотя «наборы» знаний у разных людей свои, ядро таких наборов всегда носит надындивидуальный характер. В это базовое ядро, формирующееся в школе и вузе, входят знания и представления о феноменах, хорошо известных и не требующих каких-либо объяснений и комментариев. Цель статьи – показать особенности функционирования прецедентных текстов в учебно-педагогическом дискурсе, под которым мы понимаем речевое взаимодействие преподавателя и учащихся в рамках целостной коммуникативной ситуации, погруженной в образовательную сферу общения.

Прецедентные тексты могут усваиваться языковой личностью добровольно или принудительно. Во втором случае происходит «текстовое насилие» (термин означает усвоение текста при отсутствии у адресата самостоятельно сформировавшейся интенции ознакомления с текстом и не подразумевает отрицательной коннотации). Институциональное текстовое насилие осуществляется, по мнению Г.Г. Слышкина, двумя основными способами: во-первых, директивным методом, во-вторых, методом паразитической дополнительности [3]. Паразитический способ текстового насилия заключается в присоединении навязываемого текста к каким-либо значимым объектам человеческой деятельности (телереклама). Директивный способ основан на том, что усвоение определенных текстов членами социума предписывается властными институтами. Такой текст есть уже не столько авторское произведение, сколько результат сотворчества писателя и властных институтов – при ведущей роли последних. Неизбежным следствием директивной подачи текста является формализация требуемого от реципиента текстового знания, что нередко подвергается карнавальному осмеянию:

Идет экзамен по литературе. Вопрос:

*- **Что смешалось в доме Облонских**?*

а) всё

б) ничего.

Директивный способ текстового насилия всегда вербализуется в форме легитимных для данного общества документов. Наиболее распространенной формой осуществления данного способа в любом социуме является школьная программа, которая формирует весьма существенную, если не основную, часть

национального корпуса прецедентных текстов, составляющего один из базовых элементов культурной грамотности. Школа и вуз – это те учреждения, где носителей языка обязывают читать, учить наизусть и анализировать текст. Прецедентные тексты, которые ложатся в основу обучения, должны быть образцовыми, «канонизированными».

Каноническими прецедентными текстами мы считаем тексты учебников и опорных конспектов (таблиц): формулировки дефиниций, правил, образцы разбора (фонетического, морфологического и пр.). Символами этих ПФ являются термины, орфограммы и пунктограммы, графические схемы анализа языкового явления. Приведем пример:

Для проверки безударного гласного в корне слова нужно подобрать к данному слову такое однокоренное или изменить его так, чтобы этот безударный гласный оказался под ударением

Орфограмма
«Проверяемые безударные гласные в корне»

Л̲е̲сни́к – л̲е̲с.

Название орфограммы или пунктограммы – это прецедентный знак, актуализация которого приводит к разворачиванию целого текста (правила или определения понятия): (во время диктанта «Орфографическая разминка» в начале урока) *Пишем: никто не приходил, ничего не чувствую, некому звонить… Какие здесь орфограммы?- «НЕ с глаголами». – Только ли с глаголами? – И с местоимениями. – Итак, здесь две орфограммы: «Слитное и раздельное правописание приставок в отрицательных и неопределенных местоимениях» и «Правописание НЕ и НИ в отрицательных местоимениях». Вспомним правила.* – (Ученики цитируют правила). - *Прокомментируйте написание словосочетаний.*

В роли ПФ на занятии по русскому языку нередко выступают хрестоматийные произведения классиков литературы. Их выбор для школьного и вузовского обучения определяется педагогической нормой. Педагогическая норма, по мнению В.Г. Костомарова, это то, что написано компетентно, утверждено и является обязательным для преподавателя. Всё остальное – это факультатив. Норма должна соотноситься со средой бытования учащегося и языковой /речевой компетенцией (когда Сандро из Чегема задержали на участке и стали допрашивать: «Откуда, горец, так хорошо знаешь русский язык?» - он сказал гениальную фразу: «Базар, армия, Пушкин», т. е. от низших этажей языковой компетенции к высшим).

В понятие «педагогическая норма» входят прецедентные и обязательные тексты. Долгое время для наших предков таким обязательным текстом была Библия. Ее тексты заучивались наизусть (что было основным приемом обучения), и эти выученные фрагменты предоставляли готовые блоки для описания различных жизненных ситуаций и эмоциональных переживаний, автоматически воспроизводились носителем языка, когда он следовал установке на книжный стиль. Сейчас таких обязательных текстов нет, и их отсутствие восполняется обращением к классикам мировой литературы.

В советской школе основным средством пополнения корпуса прецедентных текстов был строго определенный программой список художественных произведений. Однако изменения, происходящие сегодня в общественном сознании, затронули и систему школьного образования,

вследствие чего мы имеем дело не с одной, а с целым рядом программ по литературе (в том числе для классов с широкой гуманитарной ориентацией). Тем не менее, эти изменения, довольно частые и существенные, происходят в пределах «ядерного» списка художественных произведений, который коррелирует с предполагаемым корпусом прецедентных текстов. В это базовое ядро входят образцы устного народного творчества (сказки, загадки, пословицы и поговорки, скороговорки); произведения русских писателей и поэтов: А.С. Пушкина («Евгений Онегин», сказки), В.А. Крылова, Н.В. Гоголя («Мертвые души», «Тарас Бульба», «Шинель» и др.); М.Ю. Лермонтова («Герой нашего времени», «Мцыри»), Н.А. Некрасова («Мороз-Красный Нос»), Ф.М. Достоевского («Преступление и наказание»), Л.Н. Толстого («Война и мир»), А.П. Чехова («Вишневый сад» и некоторые рассказы), М.А. Булгакова («Мастер и Маргарита») и т. д., стихи А. Фета, Ф. Тютчева, М. Цветаевой, А. Ахматовой («Реквием») и др., а также произведения классиков украинской и мировой литературы. На филологических факультетах высших учебных заведений этот список существенно пополняется. Таким образом, базовый компонент отечественного литературного образования мы склонны рассматривать как один из главных источников поступления прецедентных текстов в структуру УПД.

Источниками ПФ в учебно-педагогическом дискурсе могут выступать фрагменты научных исследований авторитетных ученых-лингвистов, например, известная большинству студентов-филологов *глокая куздра* Л.В. Щербы.

Помимо «канонизированных», классических прецедентных текстов в структуре УПД могут функционировать и неканонические ПФ. Источниками неканонизированных прецедентных текстовых реминисценций являются, по мнению А.В. Исаевой [2, с. 13-14], либо хорошо известные произведения искусства и литературы, либо любые объекты культуры (анекдоты, пародии, рекламные тексты, выступления юмористов и сатириков, популярные теле- и радиопередачи, мультфильмы и т. д.), не причисляемые традиционно к разряду классических произведений искусства и литературы и не насаждаемые властными институтами. Как правило, знание такого объекта культуры является приобретенным, усвоенным в процессе жизнедеятельности и общения на родном языке, в противоположность классическим произведениям искусства, знание которых приобретается в процессе специального обучения: *Кто там? – Почтальон Печкин. Я не трус, но я боюсь. Надо, Федя, надо. Красавица, спортсменка, комсомолка. Остапа понесло. Восток – дело тонкое. По три рубля, но вчера.* В отличие от классических ПФ неканонизированные прецедентные высказывания обычно существуют в устной форме, их список всегда открыт: в зависимости от времени и ситуации могут актуализироваться все новые и новые тексты. Они подвержены различным изменениям: как правило, в речи носителей языка бытуют несколько вариантов того или иного выражения, не приводящие к изменению смысла: *Огласите, пожалуйста, весь список. Огласите весь список, пожалуйста.*

Прецедентные феномены выполняют в УПД разнообразные функции.

1. Они позволяют актуализировать в сознании учащихся ключевые лингвистические понятия (концепты прецедентных текстов – по Г.Г. Слышкину).

2. Хрестоматийные тексты, используемые на занятиях как дидактический материал, помогают осуществлять межпредметные связи дисциплин гуманитарного цикла.

3. ПФ выполняют людическую (игровую) функцию. Они являются

бесценным материалом для анализа языковой игры при изучении лексики и фразеологии, стилистики русского языка. Правда, если преподаватель не учитывает фоновые знания аудитории, должного эффекта от использования прецедентных текстов не будет. Так, студенты-филологи 2 курса не смогли восстановить структуру «крылатых выражений» и назвать их источник в таких примерах, как: *Дорога к храму заминирована. Поневоле к штыку приравняешь перо. Протри случайные черты. Но был один, который не сажал. Саддам рубит – руки летят* и др.

4. ПФ (канонические и неканонические) нередко являются косвенным средством педагогического воздействия на учащихся в случаях, когда нужно 1) установить дружеские отношения между партнерами по общению (*Двое учеников подрались из-за девочки. Учитель (обращается к подросткам): - Новая Троянская война? Вспомните, к каким последствиям она привела*); 2) завоевать или укрепить авторитет; 3) разрядить (или сгустить) напряженную обстановку в классе (*В начале урока учитель интересуется, кто из учеников пойдет к доске с выполненным домашним заданием. Школьники опускают головы, стараясь не смотреть в глаза учителю. Учитель:- Ну что, приступим к избиению младенцев?*); 4) помочь критически осмыслить неблагоприятный поступок; не унизить человеческое достоинство учащегося; смягчить укор с помощью иронии: *Я верю в твои рассказы, Иванов, только не забывай говорить: «Клянусь своей треуголкой».* Другой пример*: Два шестиклассника получили по шесть баллов за распределительный диктант. Сравнив свои ошибки, они решили убедить учительницу в том, что та не права, и стали хвалить работы друг друга. Учитель: - За что кукушка хвалит петуха? За то, что хвалит он кукушку?*). Некоторые примеры заимствованы из диссертации О.Б. Афанасенко [1].

5. Прецедентные феномены могут выполнять парольную функцию, направленную на доказательство или эмфатизацию принадлежности отправителя речи к той же группе, что и адресат: *Я не уверена, что Вы – мой студент: не видела Вас на своих лекциях. – Зато я видел. И слышал: «Иллокутивная сила речевого акта может не соответствовать перлокутивному эффекту».- Надо же, запомнил.* В данном случае воспроизводится фрагмент лекции преподавателя по теории речевой коммуникации, являющийся прецедентным (социумно-прецедентным) для студентов данного вуза. Другая ситуация с этим ПФ: (разговор студентов): *Латынь не самое страшное. А как тебе нравится: «Иллокутивная сила речевого акта может не соответствовать перлокутивному эффекту». - Это круто!*

Обычно прецедентные феномены характеризуются в лингвистической и методической литературе как средство обучения русской речевой культуре студентов-иностранцев. Мы же считаем, что ПФ – неотъемлемая черта любого учебно-педагогического дискурса. Категория прецедентности УПД предполагает каноничность, воспроизводимость, повторяемость, облигаторность и каноничность текстов, используемых в общении преподавателя и учащихся.

Список использованной литературы:

1.*Афанасенко О.Б. Методика создания и использования намека как приема педагогического воздействия / О.Б. Афанасенко: автореф. дисс. ...канд. пед. наук. – Екатеринбург, 2002. – 20 с.*

2.*Исаева А.В. Функционирование прецедентных текстовых реминисценций в устной речи носителей русского язика / А.В. Исаева: автореф. дисс. ...канд. филол. наук. – М., 2001. – 23 с.*

3.*Слышкин Г.Г. Лингвокультурные концепты прецедентных текстов: автореф. дисс. … канд. филол. наук / Г.Г. Слышкин. – Волгоград, 1999*[б]*. – 18 с.*

***

Мақалада тілдік-мәдени құбылыс ретіндегі прецедентті феномен қарастырылады.

***

The article is abocit precedent phenomenon as a linguocultural occurrence.

УДК 371.3:811.161.1

***Саяхова Л.Г**. – д. п. н., профессор*
Башкирский государственный университет,
межнационального общения нравственного воспитания школьников / З. Кашкимбаев // Поиск. Гуманитарная наука. – 2000 – № 4-5 – С. 171-175.

4.Кубаева И. Учебники казахского языка как иностранного в США и РК / И. Кубаева // Казахский язык и литература в русской школе. –2004 - №1 – С. 98–108.

5.Минасова К.Р. Двуязычие как способ культурной интеграции этнических меньшинств в многонациональном обществе / К.Р. Минасова //Социологические исследования . – 2002 - №8 (220) – С. 49-56

6.Михальченко В.Ю., Крючкова Т.Б. Социолингвистика в России / В.Ю. Михальченко, Т.Б. Крючкова // Вопросы языкознания. – 2002 - №5. – С. 116–142.

7.О нормах русского языка в современном Казахстане //Русский язык и литература в казахской школе. – 2004 - № 3 – С. 6–12.

8.Сулейменова Э.Д. О казахстанской лингвистике: к десятилетию независимости Казахстана /Э.Д. Сулейменова // Вестник Казахского Национального университета им. Аль-Фараби (серия: филологическая). – 2001 - № 16 – С. 19 – 30.

9. Хасанов Б.Х. Языки народов Казахстана и их взаимодействие / Б.Х. Хасанов. – Алма-Ата, – 1976, С. 216.

***

Мақала жаһандану кезеңіндегі қазіргі адамзат дүниетанымы ретінде қарастырылатын полилингвизм тақырыбына арналған. Мақалада автор полилингвизмнің анықтамасына бүгінгі күннің дамушы әлеуметтік қажеттілігі ретінде жан-жақты талдау жасайды.

***

The given article is devoted to the theme of polyliguizm as the modern person's philosophy of life in the condition of globalization. In the article the author gives the detailed analysis of defining the polylinguizm as today's growing social demand.

ӘОЖ 81'367:811.512.122

Кабошева Н.А. *- магистр, оқытушы,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ДЕРИВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТРАНСФОРМАЦИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРДЫҢ АРА ҚАТЫНАСЫ

Тіл білімінде әлі де тереңірек қарастыруды қажет ететін ұғымдар көп. Солардың бірі ретінде синтаксис саласындағы «деривацияны» айтуға болады. Ғалымдар арасында деривацияны трансформациямен салыстыра зерттеген еңбектер жетерлік.

Синтаксистік деривация мәселесі лексикалық деривацияға қарағанда зерттелуі жағынан кенжелеу қалып жатқаны белгілі. Қазақ тілінде дәл синтаксистік деривацияға тоқталған еңбектер жоқ, бірақ деривацияның түрлі категориялары, оның семантикалық түрі туралы еңбектер бар, бірақ олардың өзі тіптен аз, саусақпен санарлық деуге болады. Олардың қатарында Серғалиев М., Қапалбеков Б., Жалмаханов Ш., Қойшыбаев М.Н. сияқты ғалымдарды атауға болады. Шетел ғалымдары арасында бұл тақырыпты зерттегендер қатарында чех ғалымы Курилович Е., Американ лингвисі Апресян Ю.Д., Хомский Н., Чейф У.Л., Мурзин Л.Н., Потье Б., орыс тіл білімін зерттеушілер Храковский В.С., Кацнельсон С.Д., Москальская О.И., Распопов И.П., Сычев С.Н., Касевич В.Б., Балли Ш, түркі тілдері тұрғысынан келетін болсақ, өзбек тілі бойынша ғалым Турниязов Н.К., Абдуразаков М.А., Бобоев У.Н., Махмудов Н.М., Маманов М.Ш., Гаджиева Н.З. тағы басқа ғалымдарды атауға болады.

Алдымен бұл терминнің мағынасына тоқталсақ, «деривация» латынның derivatio деген сөзінен алынған, оның беретін мағынасы бірнеше вариантта түсіндіріледі. Тоқтала кетейік, кейбір еңбектерде ол «жасалу, яғни бастапқы тіл бірліктерінің негізінде басқа дериваттарды жасау» делінсе, кейбіреулерінде «нақтылаушы, дәлдеуші» немесе «бөлу, құру» деп келеді [1].

Деривацияның тіл білімінің әр саласына қатысты лексикалық деривация, семантикалық деривация, синтаксистік деривация деген түрлері бар.

Лексикалық деривация сөзден сөз тудырушы жұрнақтардың қызметімен айқындалады. Жұрнақтар өзі жалғанған сөзге негізгі мағынаға қатысты қосымша мағына үстейді, яғни оның негізгі мағынасын дәлелдей түседі.

Семантикалық деривация түрлі тарихи-қоғамдық, әлеуметтік жағдайлармен байланысты сөздердің белгілі бір топқа түсініксіз болып мағыналық және мазмұндық өзгеруін қарастырады.

Ал синтаксистік деривация дегеніміз тіл элементтерінің, синтагмалардың күрделенуінен тұратын құбылыс немесе оны жай сөйлемнің бастапқы негізді сақтай отырып, күрделенуі деп түсіндіруге болады.

Синтаксис – гректің syntaxis (құрастыру, түзу – составление, построение) деген сөзінен алынған термин. Синтаксис тілдегі сөздерді байланыстырып сөйлеу құрылысын зерттейді. Бұл жаңалықты, яғни, тілдегі мұндай құбылыстың, синтаксистік деривацияның болатынын ең алғаш, жалпы, тіл білімінің тарихында 1962 жылы чех ғалымы, Париж лингвистикалық мектебінің ірі өкілі Е.Курилович ашқан. Ғалымның жаңалығын «Деривация лексическая и деривация синтаксическая» деген еңбегінен таба аламыз. Ғалым осы еңбегінде туынды бірлік жеке сөзбен қатар сөйлемде де болатындығын айтады.

Тіл білімінде деривация теориясының қалыптасуына үлкен үлес қосқан, синтаксистік деривация мәселесіне барлық шығармашылық өмірін арнаған ғалым, Пермь университетінің профессоры Л.Н. Мурзин болды. Ол 1984 жылы «Основы дериватологии» деген еңбек жазды. Ол осы еңбегінде ғалым дериват құрайтын элементтерді, яғни операторларды актив және пассив деп екіге жіктейді де, пассив операторларға орыс тіліндегі көптіктің (числа), тектің (род) көрсеткіштерін, предлог пен артикльді жатқызады.

Шетел ғалымдарының арасынан синтаксистік деривацияны етістіктің өзгергіштік сипатымен байланыстырған У.Л.Чейфтің тұжырымын ерекше атап кетуге болады. Ғалым етістік сөз табын дериват құраудың басты элементі деп санайды.

О.И.Москальскаяның пікірінше, синтаксистік деривация сөйлемнің мазмұндық құрылымына қосымша мағыналық элементтерді енгізудің нәтижесінде жүзеге асады [2].

Синтаксистік деривацияның тарихында ойды күрделендірудің тілдік тұлғаның шығармашылығымен тығыз байланыстылығына назар аударған Б.Потье сөйленім (высказывание) теориясын синтаксистік құрылымдардың кеңеюімен байланыстырады да, үстірт синтаксистік құрылымдарды түпнегіз сөйлемдерден айыру үшін басты Т+Ә (тұлға+әрекет) элементтерінің үстіне тұлғаны анықтаушы (А) элементі қосылуы тиіс дейді (шетел тіл білімінде бұл элементтер - N+V және Х). Ғалым осы А элементі сөйлемнің күрделенуіне түрткі болатындығын айтады.

Түркі тілдері тұрғысынан келетін болсақ, өзбек тілінің материалдары бойынша бұл мәселені арнайы қарастырған ғалым Н.К.Турниязов болды. Зерттеушінің «Синтаксическая деривация гипотаксиса в современном узбекском

языке» және «Узбек тили деривацион синтаксига кириш» атты зерттеу еңбектері бар.

Түркі тілдерінде сөйлемнің күрделенуіне негіз болатын тілдік құралдар Т+Ә мүшелерінің төңірегіне топтасады. Тіл білімінде сөйлемді күрделендіруге негіз болатын тілдік элементтерді операторлар деп атайды. Оның өзі негізгі және қосалқы болып екіге жіктеледі[3].

Бұл мәселе туралы өзбек тіліндегі мезгіл бағыныңқылы сабақтастардағы синтаксистік деривация мәселесін зерттеген У.Н.Бобоевтың еңбегінен де көруге болады. Ғалым өзбек тіліндегі мезгіл бағыныңқыларды француз тілімен салыстыра зерттеген. Онда «оператор», «оперант», «дериват» деген терминдерді қолданады.

Тіл білімінде деривация туралы сөз қозғаған ғалымдар арасында деривация құбылысы кезіндегі бастапқы құрылымдардың анықталу, анықталмауы жөнінде пікір қайшылықтары кездеседі. Бұл трансформация мен деривацияның арақатысы туралы деген сөз. Алайда, бұл тұрғыдағы еңбектерге сүйене отырып қорытындыласақ, бастапқы негіз пайда болған құрылымнан грамматикалық құрылысы бойынша да, мағынасы жағынан да өзге болып тұрса *трансформация* деп аталады, ал қанша күрделенгенмен бастапқы негізден ауытқымаса онда *синтаксистік деривация* болады. Мұны мысалмен түсіндірсек, *Күн батты* және *Жаздың ұзақ кеші күнді ұясына қондырды* деген сөйлемдерді алуға болады. Синтаксистік деривацияға *Күн батты — Қызарып күн батты — Көкжиекке қызарып күн батты —Жеткенімізше көкжиекке қызарып күн батты – Үйге жеткенімізше көкжиекке қызарып күн батты* деп алып, әрі қарай да күрделендіруге болады. Бұл сөйлемдегі бастапқы негіз - *Күн батты*, Одан әрі қарай оның күрделенуіне бірнеше тіл элементтері себепші болып отыр. Оларды синтаксисте операторлар деп атайды. Жоғарыда келтірілген сөйлемдегі мұндай тіл элементтеріне қ*ызарып, көкжиекке, жеткенімізше, үйге* сияқты сөздер жатқызылады.

Ғалымдар пікірлері арасында осы екі құбылысты бір деп қарау немесе синтаксистік деривацияны трансформацияның түрі деп қарау бар. Оған мысал ретінде Кацнельсон С.Д., Храковский В.С., Распопов И.П., Сычев С.Н., Хомский Н. сияқты ғалымдардың тұжырымдарын алуға болады.

Кацнельсон С.Д. синтаксистік деривация құбылысы кезінде негіз болған бастапқы құрылымдарды анықтау қиынға соғатындығын оның лексикалық құбылыстан өзгешелігі ретінде қарайды.

В.С. Храковский: «Синтаксистік деривация дегеніміз – туынды сөйлем жасауда бастапқы негізден өзінің мазмұны жағынан да, грамматикалық құрылымы жағынан да өзгеше синтаксистік құрылымдар» - дейді [4].

Н. Хомский болса, сөйлемді түсіну үшін алдымен оның пайда болуына негіз болған бастапқы құрылымды және бастапқы негізден осы сөйлемді тудырудың трансформациялық тарихын білу маңызды, - дейді. Ғалымның айтуы бойынша, синтаксистік деривация трансформациялық ережелерді қолданудың нәтижесі ретінде сипатталады. Тіл білімін зерттеуші шетел ғалымдары арасында, оның ішінде синтаксистік құрылымдардың күрделенуін зерттеушілер Чейф У., Теньер Л., Балли Ш. да Н.Хомскийдің пікірін қолдайды.

В.Б.Касевич те трансформацияны деривациямен бір деп қарайтын ғалымдардың қатарына жатады. Ғалым деривацияны трансформацияның бір тәсілі деп қарайды.

Зерттеушінің пікірін еш өзгеріссіз сөзімен берер болсақ: «Трансформация распространения – это правила перехода от элементарных конструкции к

производным и дальнейшего усложнения последних. Сюда относится, прежде всего, введение сирконстантов и разного рода определений».

И.П.Распопов пен С.Н.Сычев те синтаксистік деривацияны трансформацияның бір түрі деп қарайды.

Жоғарыдағы келтірілген пікірлермен келіспейтін, яғни транформация мен синтаксистік деривацияны екі бөлек ұғымдар деп санайтын ғалымдар тобының пікірлеріне зер салып, салыстырсақ, Б.Қапалбеков: «Бүгінгі тіліміздегі әр алуан күрделі құрылымдардың бастапқы көзі - жалаң сөйлемдер. Жалаң сөйлемдер күрделі туынды құрылымдарға негіз бола отырып, өзі тарихтың көшінен қалып қойған жоқ. Жалаң сөйлемдер бүгінгі тілімізде де молынан ұшырасады. Яғни синтаксистік деривация құбылысын диахрониялық тұрғыдан ғана түсінбеу керек. Айтушының қажетіне қарай бүгінгі тілімізде сөйлемдер жалаң, жайылма, құрмалас және т.б. құрылымда келе беретіндіктен, оны психолингвистикалық аспектіде қараған жөн. Десек те, тілдің алғашқы даму сатысында тіліміздің бүгінгі қалпында ұшырасатын сөйлемдердің сан алуан түрлері болған жоқ. Алғашқы предикаттық қатынас зат есім, қимыл атау және жіктеу есімдіктерінің тіркесінен тұрғандығы белгілі. Сөйлемдердегі анықтауыш және пысықтауыш мүшелердің қолданылуы олардың күрделенуіне жатады. Тілімізде сөздердің анықтауыш мүше болып жұмсалуынан сын есімдер, пысықтауыш мүше ретінде жұмсалуынан үстеулер қалыптасқан. Кейін тілдің даму барысында есім мен етістіктің ара жігі ашылып, таза етістік қасиетін молайта түсетін жаңа категориялар қалыптасқан. Етістік негізді туынды формалар да үстеу мен сын есімдердің орнына жүріп, бірі анықтауыштық қатынастар (есімшелер), бірі пысықтауыштық қатынастар (көсемшелер) жасай бастаған. Мына сөйлемдерді салыстырып көрейік:

1. Аңдар жүр.
2. Қашаған аңдар жүр.
3. Қашаған аңдар жайылып жүр.
4. Қашаған аңдар орманда жайылып жүр.
5. Қашаған аңдар орманда бытырай жайылып жүр.
6. Қашаған аңдар келіп, орманда бытырай жайылып жүр.
7. Қашаған аңдар келіп, кейбіреуі орманда бытырай жайылып жүр, т.б.

Байқап отырғанымыздай, келтірілген жеті сөйлемдегі хабар біреу-ақ, бірдей. Алғашқы сөйлем қалған сөйлемдердің тууына, бір-бірінен өрбіп қалыптасуына негіз болып тұр. Синтаксистік деривация мұндай сөйлемдерді түпнегіз (ядерные) құрылымдар деп атайды. Ал одан туындаған сөйлемдерді өрбіген құрылымдар деп атайды. Өрбу түпнегіз құрылымнан жарыса қалыптаспайды. Жоғарыда көрсетілгендей сатылай жүреді. Яғни, екінші құрылымның қалыптасуына бірінші құрылым негіз болса, үшінші құрылымның қалыптасуына екінші құрылым негіз болған, т.с.с. Бұндағы туынды құрылымдар бастапқы сөйлемдегі ойды күрделендіру (екеу ету емес), толықтыру үшін жалаңнан жайылмаға айналады».

Жоғарыдағы мысалдарда көрсетілген ең соңғы жетінші сөйлем күрделенудің шегі емес. Синтаксистік деривация бұдан әрі де жүре беруі мүмкін. Әдетте бұл анықтауыш мүшеге қатысты болады. Мысалы: Кеше бізге ұстатпаған қашаған аңдар келіп, кейбіреулері орманда бытырай жайылып жүр.

Баяндауыш мүшенің де кеңею шегі мұнымен бітпейді. Бүгінгі тілімізде көсемшелер арқылы сабақтасатын көп бағыныңқылы сөйлемдер молынан ұшырасады. Мысалы: Кеше біз қанша қусақ та ұстай алмаған қашаған аңдар

келіп, кейбіреулері тіпті еш сескенбей орман ішінде жайбарақат бытырай жайылып жүр [5].

Автор осы мысалдар арқылы құрмалас сөйлемдер міндетті түрде жеке-жеке жай сөйлемдердің тіркесуінен болған деген кесімді пікірге синтаксистік деривация құбылысы қайшы келіп тұрғандығын айтады.

М.Н.Қойшыбаев «Есімше бағыныңқылы құрылымдардың деривациялану жолдары» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясында Ю.Д. Апресянның пікірін мысалға ала отырып, онымен келіспейтіндігін айтады:

«Құрылымдардың синтаксистік жағынан күрделенуі немесе ықшамдалуы деривация, контамация, конверсия арқылы жүзеге асатындығы белгілі. Екі дербес құрылымның бірігуі арқылы жүзеге асатын құбылысты сөйлемдердің бірігуінен жасалатын күрделі құрылымдар деп атаймыз. Бұндай құрылымдар негізінен салалас құрмаластарға тән. Ал сабақтастардың сыңарларының арасы өте тығыз байланыста болатындықтан, оларды дербес екі сөйлемнің қосындысының нәтижесінде пайда болған құралдар деп кесіп айту қиын. Тіліміздегі сабақтас құрмалас сөйлемдер деривациялық тәсілдердің нәтижесі деуге де болады.

Деривацияға (синтаксистік) қатысты бірнеше тәсіл болатындығын оның зерттелу тарихында алғаш айтқан ғалым Ю.Д.Апресян болатын. Ғалым былай дейді: «Громадное число «молекул» (сложных синтаксических типов) описывается с помощью небольшого числа «элементов» (ядерных типов) и небольшого числа «реакции» /трансформации.

Ғалым синтаксистік жүйелердің түпнегізі және туынды жайылма түрлері болатындығын ажыратқан. Бірақ біздің жұмысымызда трансформация тәсілі синтаксистік құрылымның кеңеюі ретінде қаралмайды. Біз жұмысымызда трасформация мен синтаксистік деривация құбылыстарын екі бөлек әдіс ретінде қарастырамыз. Дегенмен, синтаксистік деривацияның зерттелу тарихында көп ғалымдар осы екі құбылысты бөлмей бір деп қарайды, не шатастырады.

Ю.Д.Апресянның айтуынша, трансформация тізбектерге емес, тармақтарға ғана қолданылады. Сөйлемнің құрылымы күрделеніп, көбейген сайын оның ішкі семантикалық мүмкіндігі де арта түсетіндігі белгілі. Ал трансформация құбылысы сөйлемдердің парадигмасымен бір-біріне қатыстылығы шамалы, күрделенген құрылымдардың қатарымен тығыз байланысты.

Біздің ойымызша, трансформацияларға қарағанда деривацияның ауқымы өте кең. Трансформация – синтаксистік деривацияның жүзеге асуының бір тәсілі ғана. Сондықтан трансформацияны синтаксистік деривацияның бір тәсілі деуге болады. Өз тарапынан, трансформация тарапынан алғанда, деривациядан оны ауқымды деп санауға болады. Өйткені трансформация әдістері арқылы күрделенген сөйлемдерге Т+Ә элементтері сақталған бастапқы бастауыштық және баяндауыштық мағынасы сақталған құрылымдар ғана емес, бастапқы түпнегіз сөйлеммен синонимдік қатар құрайтын құрылымдар да жатқызылады. Яғни мәселенің қай жағынан келуіне байланысты екеуі де бірдей күрделі болып табылады» [6].

Сөйлемнің деривациялық заңдылықтарын зерттеу, оның ішінде құрылымы сан алуан қазақ тіліндегі сөйлемдерді талқылау маңызды әрі күрделі жұмыс болып табылады, өйткені байқап отырғанымыздай тілдің ішкі мүмкіндігі туынды элементтерден көрінеді. Тілдік категорияларды бір-бірінен ажырата білудің ғылыми-практикалық маңызы зор, әсіресе, өзге тілші ғалымдармен салыстырғанда қазақ тіл білімінде бұл теорияларды зерттегендердің сирек екендігі жоғарыдағы мысалдардын айқын көрінеді. Ендеше, деривация мен

трансформацияның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын екшелей отырып зерттеу, жіктеу келешектің еншісіндегі өзекті мәселе болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. «Сөздік-Словарь», 2005, 87-бет.

2.Москальская О.И. Проблемы системного описания синтаксиса. –М., 1981, – 173 б.

3.Турниязов Н.К. Узбек тили деривацион синтаксисига кириш. – Самарқанд, 1990.

4.Храковский В.С.Трансформация и деривация //Проблемы структурной лингвистики. –М., 1973 г.

5.Қапалбеков Б.Синтаксистік деривация //Тіл деңгейлері және олардың өзара қатынасы. –Алматы, 2000, 292-293 бб.

6.Қойшыбаев М.Н. Есімше бағыныңқылы құрылымдардың деривациялану жолдары. фил.ғыл.канд. дисс., Алматы, 2006, 11-12 бб.

7.Хасенов Ә. «Тіл білімі» Алматы – ЖШС –«Санат», 2003.

8.Қарынбаева Ғ. Қазақ тіліндегі күрделенген аналитикалық формантардың мағынасы мен қолданысы //КДА, –Алматы, 2003. –25 б.

***

В статье рассматривается лингвистическое понятие деривации в сопоставлении с трансформацией. Даны примеры отличия данных понятий, схожих по некоторым специфическим особенностям.

***

The lingual concept derivation in comparison with the transformation is given in this article. The examples of the differences between these concepts similar in some specific peculiarities are given.

ӘОЖ 811.512.122.

Калиева А.Т. – *магистр, оқытушы,*
М.Өтемісов атындағы БҚМУ

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АРАБ-ПАРСЫ КІРМЕ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ЖОЛДАРЫ

Басқа түркі тілдерінен өзінің бейнелілігімен, суреттілігімен оқшауланып, біртұтас болып келетін қазақ тіліне шеттен енген сөздердің ішінде ең көрнекті орын алатыны араб-парсы элементтері болса керек. Рас, бірқатар түркі тілдерімен салыстырғанда қазақ тілінің құрамында араб-парсы сөздері онша көп емес. Қазақ тілінде бұл кірме сөздердің аздығын аса көрнекті ғалымдар атап көрсеткен болатын. В.В.Радлов: «Қырғыздардың (қазақтардың) тілі исламның ірітіп-шірітетін ықпалынан аман қалды, әрі ол өзінің алғашқы таза түркі сипатын сақтап қалды. Рас, оның құрамында бұл тілге жат кейбір элементтер еніп кетті, бірақ олар өзге түркі мұсылмандарының тіліндегідей өз дербестігін сақтап қалған жоқ, қайта бұл элементтер қырғыз тілінің дыбыстық заңдарына бағынып, сол арқылы толық халықтың игілігіне айналды» (1.17), - деп жазды.

Бір кездері шығыста: араб тілі – ғылым тілі, парсы тілі – поэзия, әдебиет тілі, ал түрік тілі – әскери тіл деген ұғым болған. Мұның себебін ұлы оқымыстылар Әл-Хорезми, Әл-Фараби, Әл-Беруни, Әбу Әли ибн Сина және өз

қалаларында араб әдеби тілінің орнығуы себепті басқа да көптеген ғалымдар өз шығармаларын осы тілде жазуымен байланыстыруға болады. Бұл араб тілінде ғылыми терминдердің қалыптасуына едәуір ықпал етті. Бірте-бірте Азия мен Европа тілдеріне география, математика, астрономия, т.б. салалардағы терминдер (алгебра, азимут, алколоид, алгорифм, зенит, цифра, т.б.) көптеп ене бастады.

Қазақ тіліне араб-парсы сөздері тікелей қарым-қатынас арқылы емес басқа тілдер арқылы сатылап кірген деп саналады (1.15). Араб-парсы сөздерінің қазақ тілінде қолданылу өрісі мейлінше кең, әрі алуан түрлі. Бұл сөздердің кейбіреулері кейін термин сөздерге ауысқан. Осы араб-парсы тілінен қазақ тіліне ауысқан сөздердің ерекшелігі – олар қазақ тілінің айтылуы бойынша қазақ тілінде қалыптасқан. Сондықтан қазір олардың басқа тілдің сөздері екенін ажырату қиын.

Қосымшалы тілдерде синтетикалық тәсіл терминжасамдық тәсілдің негізгі тәсілдеріне кіреді. Синтетикалық тәсіл арқылы термин жасауда екі тілдік бірлік қызмет атқарады: лексикалық мағынасы бар сөз немесе термин және терминжасамдық жұрнақ. Терминжасамға қатысатын сөздердің толықтай лексикалық мағынасы бар тілдік бірліктердің қатысуы міндетті шарттың бірі болып табылады. Ал оның тұлғасы мен құрамына ешбір шек қойылмайды. Мысалы, *мәтінгер, бисаясат, айлық, білімпаз, кәсіпкерлік, т.б.*

Термин жасаушы жұрнақтардың атқаратын өзіндік негізгі қызметі – жаңа термин жасау. Сонымен қатар терминжасамдық жұрнақтардың ішінде термин сөздің мағынасын өзгертпей, негізгі термин сөздің мағынасын түрлендіретін терминжасамдық жұрнақтар да бар.

Араб-парсы тілдерінен қазақ тіліне енген кейбір жеке сөздер бастапқы лексикалық мағынасында қолданылмай, тек жаңадан сөз тудырушы жұрнақтық қызмет атқарған. Парсы тілінің сөз тудырушы жұрнақтары арқылы қазақ тілінде жаңа сөздер пайда болады. Олар қазақ тіліне алғашында лексикалық элементтердің құрамында ауысқан. Бұл жұрнақтардың қазір тілімізге әбден сіңісіп кеткені сондай, олардың кірме аффикстік морфема екендігін бірден аңғару қиын. Қазақ тілінің байырғы, төл жұрнақтарынан оқшауланып тұратын бір айырмашылығы бар, олар сингармонизм заңына бағынбайды. Араб-парсы кірме жұрнақтары арқылы қазақтың төл сөздерінен де, араб-парсы сөздерінен де жаңа сөздер жасалады. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетейік.

-хана жұрнағы. خانه хане сөзі парсы тілінде «үй, бөлме» деген мағынада қолданылады. Ал қазақ тілінде «хана» сөзі дербес күйінде пайдаланылмайтыны белгілі. Қазақ тілінде біршама фонетикалық өзгеріске ұшыраған «хана» сөз тудырушы жұрнағы рөлін атқарып, белгілі бір үй-жайдың белгілі бір мақсатқа арналғандығын көрсетеді. Мысалы: жатақхана, аурухана, баспахана, асхана, мейманхана, дәріхана, кітапхана, т.б.

-кер, -гер жұрнақтары. Парсы тіліндегі کار «кар» мен کر «кәр», گر «гәр» жұрнақтары парсы және тәжік тілдерінде сөз тудырушы жұрнақтар қызметін атқарады. Фонетикалық тұлғасын өзгерткен (-кер, -гер) бұл жұрнақтар қазақ тілінде де жалғанған сөзіне жаңа мағына үстейтін сөз тудырушы аффикстік морфемалар болып табылады. Алайда қазақ тілінің үндестік заңына бағынбайды. Қазақ тілінде –кер, -гер жұрнақтары сөзге жалғанып, адамның белгілі бір қызметінің атын білдіреді. Мысалы: мерді**гер**лік шарт (2.126), арда**гер** (2.19), кәсіп**кер**лік қызмет (2.86), қызмет**кер** (2.115), талап**кер** (2.166), жауын**гер**лік міндет (2.66), жауапкер (2.66), мұра**гер**лік құқық (2.132), дауа**гер** - целитель (2.49), баспа**гер** – издатель (2.34), бітім**гер**шілік келісім – мировое соглашение (2. 40), борыш**кер** – должник (2.41), сенім**гер**лік басқару –

доверительное управление (2.158), т.б. Бұл термин сөздер қазіргі саяси-әлеуметтік ортада, қоғамның түрлі салаларында кеңінен қолданыс тапқан. Мысалы облысымыздан шығатын газет беттеріндегі мақалаларға үңілейік: Әрекетсіз немесе жоқ *борышкер* кәсіпорындар; Алайда кейбір себептермен ауыр қаржылық жағдайға душар болған адал *кәсіпкерлер* де бар; Бұл орденмен республикаға белсенді қызмет еткен, ғылым мен мәдениет, әдебиет пен өнер, мемлекет және қоғам *қайраткерлері* марапатталады; Еңбек кітапшасы – *қызметкерлер* мен жұмысшылардың еңбек қызметін растайтын негізгі құжат; *Зейнеткерлікке* шығуына байланысты (3);

-дар жұрнағы. Қазақ тіліндегі –дар жұрнағы парсы тіліндегі داشتن «даштән» - бар болу етістігінің осы шақта тұрған негізі. Бұл морфема есімдерге жалғанып, белгілі бір нәрсенің біреуге тиесілі екендігін көрсетеді. Мысалы: діндар, жарадар, хабардарлық – информированность (2.189), қарыздар, т.б.

-дама жұрнағы. Парсы тіліндегі نامه «наме»-нің фонетикалық өзгерген түрі, бұл жұрнақтың қазақ тіліндегі фонетикалық варианттары –деме, -тама, -теме, -нама, -неме. Парсы тілінде «наме» сөзінің хат, грамота, документ деген ұғымды білдіретін өзіндік дербес мағынасы бар. Қазақ тілінде дербес мағынасы жоқ, есімнен сөз тудырушы жұрнақ рөлін атқарады. Соның өзінде «хат» деген мағынасын сақтап қалады. Мысалы: дәлел**деме**лердің растығы – достоверность доказательств (2.49), дәйек**теме**сіз – недостоверный (2.49), еңбек уәж**деме**сі – мотивация труда (2.57), жал**дама**лы қызметкерлер – наемные работники (2.62), жедел сауал**нама** – экспресс-опрос (2.67), рұқсат**нама** бюросы – бюро пропусков (2.152), хабар**лама** – сообщение (2.189), негіз**деме**лік заң – рамочный закон (2.133), салық сарап**тама**сы – налоговая экспертиза (2.154), міндет**теме**-хат – письмо-обязательство (2.128), түсінік**теме** – разъяснение(2.181), жады**нама** – памятка (2.61). Сондай-ақ іс қағаздар тіліндегі бұрыштама, мінездеме, баяндама, сипаттама, суреттеме, мәлімдеме, түйіндеме, заңнама, анықтама, хаттама, т.б. терминдері де осы жұрнақ арқылы жасалған. Мысалы, қолхаттың дерек**теме**лері; Түйін**деме** - белгілі бір адам туралы мәліметтер ықшам әрі нақты түрде берілген құжат. Мінез**деме** – қызметкердің қызметтік, қоғамдық әрекеттерін ресми түрде бағалау, іскерлік қабілеті мен моральдық сапасын ерекшелеп көрсету болып табылады. Хат**тама** – жиналыстарда, кеңестерде, конференцияларда және алқалық органдардың мәжілістерінде мәселені талқылау мен шешім қабылдаудың барысы туралы мәлімет беретін құжат. Анық**тама** – белгілі бір деректерді дәлелдейтін, растайтын, сипаттайтын құжат. Ол көп жағдайда жеке адамға байланысты нақты ақпаратты растау үшін беріледі. Бұрыш**тама** – келіп түскен іс қағаздарының, әсіресе өтініш пен арыздың бұрышына жазатын мекеме басшысының қысқаша нұсқауы (4).

-қор жұрнағы خوردن «хордән» - жеу, ішу етістігінің осы шақтағы негізі болып келеді. Осы хор етістігі біршама фонетикалық өзгерістерге ұшырап, зат есімге жалғанып, қатыстық сын есім жасайды. Мұндай туынды сын есімдерден осы жұрнақтың алғашқы мағынасы, яғни ішіп-жеу деген ұғым аңғарылып тұрады. Мысалы: дүниеқор, малқор, жемқор, т.б. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның талаптарын бұзғаны үшін жаза қолдану жайында ұсыныс түсті (3.2).

-ийәт, -ийат жұрнақтары абстракт ұғымды білдіретін есімдер жасайды. Мысалы, ادبیات әдәбиат – әдебиет, عدلیهәдлийәт – әділет, مدنیت мәдәнийәт – мәдениет, т.б. Сенім білдірушінің жеке басы анықталды, құқықтық іс-әрекетке қабі**лет**тілігі тексерілді (4.54).

Араб пен парсы тілдерінен енген жұрнақтар арқылы тілімізде көптеген жаңа терминдер жасалуда. Бұл сөздердің лексикалық қорымыздағы үлесі едәуір. Араб-парсы сөздері біздің тілімізге судай сіңіп, тастай батқаны соншалық, біз оларды еш жатсынбай, төл сөзіміз деп қабылдайтын дәрежеге жеттік. Себебі бұл сөздердің түгелге жуығы тілімізге біздің дыбыстық жүйемізге, тілдік заңдылықтарымызға бейімделіп барып кірді. Бірақ негізгі себебі – кірме сөздердің біздің тілімізге дыбыстық тұрғыдан икемделуі. Ол кезде жалпыхалықтық тілге енген кірме сөздерді қабылдаудың тәртібін, тілдік нормаларды сақтауды мамандар, қазіргідей арнайы құрылымдар белгілеп бермеген. Халық тіліне енген өзге жұрттардың сөздерін өзінің айту мәнеріне ыңғайлап, табиғи түрде сіңіріп отырған. Рас, араб тілінің де дыбыстық жүйемізге ықпалы болды. Мысалы, көмекей арқылы дыбысталатын «һ» әрпі әліпбиімізге енді. Тілімізде бұл әріп гауһар, жауһар, жиһаз, жиһан, жиһангез, қаһар, қаһарман, айдаһар, шаһар секілді бірнеше сөздердің ғана құрамында кездеседі. Яғни мұндай сөздер саусақпен санарлық. Сондай-ақ х, ф да араб-парсы тілдерінен енген сөздерден келіп дыбыстық жүйемізден орын алғандығы айтылып жүр. Ал жалпылай алғанда, араб тілінен енген сөздердің басым көпшілігі қазақ тілінің заңдылықтарына бейімделіп қабылданды.

Терминжасамның аналитикалық тәсілі – тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген терминдермен толықтырған өнімді тәсілдердің бірі. Ол көпшілік тілдердің терминжасамынан орын алады. Терминжасамның аналитикалық тәсілі деп екі не одан да көп сөзден жаңа бір термин сөздің жасалуын айтамыз. Қазақ тілінде аналитикалық тәсіл арқылы жасалған термин сөздердің құрамындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы мәнін сақтамай, біртұтас мәнге көшкен сөздер. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған терминдер іштей бірнеше түрге бөлінеді: бірігу, қосарлау, тіркесу, қысқарту. Бұлардың әрқайсысы терминжасамда өнімді қызмет атқарады, мұндай жолмен жасалған терминдер қазақ тілінде өте көп. Мәселен, мәнмәтін, тәлім-тәрбие, көпнүкте, кітаби ақын, т.б.

Қазіргі қазақ тілінде араб-парсы сөздері жеке лексикалық элементтер түрінде және сөз тіркестері күйінде де терминдер қатарын толықтырып отыр:

а) екі құрамды терминдерде бірінші компоненті араб-парсы сөзінен болады: *мақала*-рецензия, *астар*лы сөз, *ғибрат* өлең, *мәнер*лі сөйлеу, *наурыз* өлеңдері, *тарихи* жыр, *кәсіби* лексика, *леп* белгісі, *леп*ті сөйлем, *мағына* ауыстыру, *мәтін* бірліктері, *нүкте*лі үтір, *хабар*лы сөйлем, т.б.

ә) екі құрамды терминдердің екінші компоненті араб-парсы сөздерінен жасалады: өзекті *тақырып,* елді *мекен,* домалақ *арыз,* әлеуметтік *салық,* морфологиялық *қағидат,* логикалық *мағына,* сөз *мәдениеті,* сөз *әдебі,* лингвистикалық *әдебиет,*

б) екі компоненті де шығу төркіні жағынан арабизмдер болады: араб әліпбиі, араб әдебиеті, әдебиет пәні, әдебиеттегі тарихилық, бата сөз, кітаби ақын, тарихи мектеп, әлемдік әдебиет.

Кеңестік кезеңде орыс тілінің емле ережелеріне нұқсан келтіріп алмауға тырысып, ол тілден енген сөздерді қаз-қалпында, дәл орыс тіліндегідей нұсқада еш өзгеріссіз қабылдадық. Сондықтан қазіргі жағдайда да біз терминдерді қазақ тілінің заңдылықтарына негіздей отырып қабылдауымыз керек, - дейді ғалым-терминолог Ш.Құрманбайұлы. Бұл пікірді өткен ғасырда А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары айтып кеткен. Олар тілде баламасы жоқ жағдайда шетел терминдерін қабылдауға болады, бірақ шетел терминдерін қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керек деп санаған.

Осы заманғы ұғымдардан туындайтын жаңа терминдер жасауда араб-парсы кірме жұрнақтарының бай мүмкіндігі көмекке келеді. Араб-парсы текті терминдердің тіліміздің ішкі заңдылықтарына бағынып, өз фонетикалық тұлғаларын өзгертіп қолданылатынын және ғылымның әр саласында ықшам, орынды, толыққанды термин болып қалыптасқанын ескерсек, қазақ терминологиясы жүйесінен мұндай терминдердің маңызды орын алатынын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. Алматы, 1982ж.

2. Құқық саласының терминдер сөздігі. Астана, 2009ж.

3. Орал өңірі. №71, 29 маусым, 2010ж.

4. Дүйсембекова Л. Іс қағаздарын қазақша жүргізу. Алматы, 2001ж.

***

В статье рассматриваются способы образования арабо-персидских заимствованных терминов, занимающих особое место в казахской терминологии.

***

Methods of formation Arabic-Persian borrowing terms occupying special role in kazakh terminology are given in this article.

УДК 82:821.111

Медеу К.М.*– преподаватель,*
ЗКГУ им. М. Утемисова

ОЛИВИЯ ЛЭТЕМ И ЭТЕЛЬ ЛИЛИАН ВОЙНИЧ: ДВЕ СУДЬБЫ /О РОМАНЕ ВОЙНИЧ «ОЛИВИЯ ЛЭТЕМ»

Имя английской писательницы Этель Лилиан Войнич широко известно, и известность эта связана, прежде всего, с ее романом «Овод». Изданный в 1897 году с большим трудом, ибо на эту крамольную книгу нелегко было найти издателя, и вышедший вначале в Нью-Йорке, и лишь потом в Лондоне, роман сразу же вызвал интерес и привлек к себе внимание. Он тут же, в том же году, стал печататься в русском переводе, сделанном известным литературоведом и переводчицей З.А.Венгеровой, в журнале «Мир Божий» и пришел к русскому читателю.

В России роман стал культовым: его необыкновенная популярность в среде демократической молодежи, а после Октябрьской революции прямое официальное признание сделали его книгой, которую знали и высоко ценили все. Трудно было найти человека, не читавшего ее. И эта слава романа заслонила то, что Этель Лилиан Войнич – автор еще четырех романов и среди них тот, что непосредственно связан с ее жизнью и судьбой, не менее важный для нее, чем «Овод». Это роман «Оливия Лэтем».

Книга «Оливия Лэтем», вышедшая в 1904 году, автобиографична. В ней нашел отражение российский опыт писательницы, те факты, впечатления и познания, которые собственно и привели ее к перу и сделали писательницей. Она начала с романа о борьбе за освобождение Италии середины XIX века, она вложила в свой знаменитый роман многое из того, что ее сформировало как

писательницу и личность, но рано или поздно она должна была придти к изложению всего этого прямо, а не опосредованно, на материале ее российского опыта. Это был роман о ней самой, о ее муках, ее вере, ее открытиях и жизненной позиции.

Этель Лилиан Войнич родилась в 1864 году в городе Корке, в Ирландии, в семье известного английского математика Джорджа Буля /Boole/. Своего отца она не знала – он умер, когда ей исполнилось всего полгода. Его имя как крупного ученого внесено в Британскую энциклопедию. Ее мать – Мэри Эверест, дочь профессора греческого языка, много помогала мужу в работе и оставила о нем после его смерти интересные воспоминания. Ее фамилия Эверест была также довольно известной: самая высокая вершина планеты в Гималаях была названа в честь ее брата, Джорджа Эвереста, который возглавлял тогда английское топографическое управление. Семья была высокообразованной, но далеко не богатой. После смерти профессора Буля, сиротами остались пять маленьких дочерей. Чтобы растить их, Мэри Буль давала уроки математики и писала статьи в газеты и журналы, ибо скудных средств, оставшихся после смерти мужа, не хватало. И лишь небольшое наследство, полученное в 1882 году, когда будущей писательнице было восемнадцать лет, позволили ей получить музыкальное образование, бывшее тогда ее мечтой.

Этель Лилиан окончила консерваторию в Берлине, но болезнь руки помешала ей дальше заниматься музыкой и сделать ее своей профессией. Одновременно с обучением музыке она слушала лекции по славяноведению в Берлинском университете.

Это и определило ее судьбу. Изучение славяноведения и русского языка вызвало у нее интерес к России – стране далекой и загадочной. События в России, деятельность партии «Народная воля», убийство царя Александра II, - все это волновало ее и вызывало желание узнать больше о российских событиях и разобраться в них. Это и привело ее к русским эмигрантам в Англии и к интересу к революционным организациям в России. Романтика революционной борьбы в те времена была модным увлечением интеллигенции.

Огромное значение для всей ее последующей жизни имело знакомство с русскими народовольцами, находившимися в эмиграции в Англии. В их числе были русские и польские революционеры. В конце 1886 года она встретилась с жившим в Лондоне писателем-эмигрантом и революционером С.М.Степняком-Кравчинским, автором книги «Подпольная Россия» и романом «Путь революционера», известного в России под названием «Андрей Кожухов». Степняк-Кравчинский, став сторонником террористических действий, совершил покушение на шефа жандармов генерала Мезенцева, эмигрировал в Швейцарию, а затем в Италию, где включился в освободительное движение итальянского народа и стал одним из организаторов Общества друзей русской свободы. Знакомство со Степняком-Кравчинским оказало сильное влияние на Лилиан Буль и ее последующее творчество.

Весной 1887 года, месяца через три после начала знакомства со Степняком-Кравчинским, Лилиан Буль была уже на пути в Петербург. Степняк-Кравчинский и его жена Фанни Личкус дали ей рекомендательное письмо к сестре Фанни - Прасковье Личкус - Карауловой, которая была замужем за народовольцем В.А.Карауловым. Приехав в Петербург и остановившись в семье Караулова, Лили Буль оказалась в окружении революционно настроенной молодежи. Сам В.А.Караулов находился в это время в заключении в Шлиссельбургской крепости. Лили Буль близко сошлась с народовольцами,

посещала их собрания и кружки, носила передачи в тюрьму Караулову, живо интересовалась происходящими в России событиями. Лили Буль побывала в Костромской, Воронежской и Псковской губерниях, познакомилась с жизнью сельской России. Будущая писательница стала свидетельницей террористических акций "Народной воли" и ее разгрома.

В конце мая 1889 года В.А.Караулов по решению суда был выслан в Сибирь. Его жена с сыном отправились за ним, а Этель Лилиан Буль уехала на родину. Она пробыла в России около двух лет - достаточный срок, чтобы составить себе представление о различных сторонах русской жизни.

Впечатления о незабываемой полосе ее жизни, когда она была в России, мучительно стараясь понять, что же давало силу русским революционерам бороться с самодержавием, не потускнели в ней. Она не могла до конца понять эту огромную политическую трагедию, когда революционное чувство созрело раньше, чем революционная мысль, и вызывало действия, которые не могли привести к позитивным изменениям в обществе. Она не могла до конца разобраться в поисках правильного пути, в бесконечных спорах. Но ощущение героического порыва, соединенного с ясным сознанием обреченности, этот пафос самопожертвования - все эти впечатления не теряли своей яркости. Здесь у нее и родилась идея написать книжку об английской девушке, которой душно в тесном мирке благополучия и сытости, где люди плывут по течению и могут лишь вздыхать о погибших романтических мечтах своей юности. Эта девушка поедет в Россию, как поехала она, и там она поймет трагизм и героику жизни.

После возвращения в Англию она возобновила дружеские связи со Степняком-Кравчинским и его женой. В лондонском доме Кравчинских она познакомилась с Фридрихом Энгельсом, Г.В.Плехановым, П.А.Кропоткиным, с писателями Бернардом Шоу и Оскаром Уайльдом. Она приняла участие в созданном С. М. Кравчинским “Обществе друзей русской свободы”, работала в редакции эмигрантского журнала "Свободная Россия" и в фонде вольной русской прессы.

Вскоре в жизни будущей писательницы произошли изменения, еще теснее связавшие ее с романтическим восприятием борьбы за свободу России, с идеалом высокой любви и жертвенности. В доме Кравчинских она встретилась с польским революционером Михаилом Вильфредом Войничем. П.В. Караулова , будучи в Иркутске, познакомилась с этим политическим ссыльным, арестованным в 1885 году за участие в польской революционной партии «Пролетариат» и высланным в 1887 году в Сибирь на пять лет. Караулова дала Войничу , задумавшему бежать за границу, лондонский адрес Кравчинского. В октябре 1890 года после долгих испытаний, больной и измученный, Войнич прибыл в Лондон, в дом Кравчинских, где и встретил Этель Лилиан Буль.

Эта встреча сразу же определила романтическую подоплеку их отношений. В бежавшем арестанте Лилиан Буль узнала того, кого она видела три года назад по дороге в Россию, близ Варшавской цитадели. Она была свидетельницей того, как партию кандальников гнали по этапу и остановили у ворот тюрьмы, среди них ее внимание привлек высокий молодой человек в очках. Очки, арестантский халат, кандалы – это необычное сочетание поразило ее и они некоторое время неотрывно смотрели друг на друга. Эта встреча запомнилась ей и тут три года спустя она узнала его – их поразительно свела судьба. Надо ли говорить, что это стало началом их романтических отношений. В 1892 году Этель Лилиан Буль вышла замуж за Войнича и фамилия мужа стала ее литературным именем.

Склонность к литературным занятиям родилась как раз в этот период. Она начала с переводов: в1893 году вышел ее перевод четырех рассказов В.М.Гаршина, в 1894 году – памфлетов Степняка-Кравчинского, в 1896 году – в ее переводе выходит книга «Юмор России», куда включены произведения Н.В.Гоголя, А.Н.Островского, Ф.М.Достоевского, М.Е.Салтыкова-Щедрина. Еще будучи в России она присутствовала на похоронах великого русского сатирика, принявших характер демонстрации. В том же, 1895 году был написан роман «Овод», но издать его удалось лишь через два года. Одновременно русские впечатления рвутся на бумагу и ложатся в основу ее автобиографического романа «Оливия Лэтем», изданного в 1904 году.

Замысел романа ясен; героиня носит явное сходство с Лилиан Войнич, ее русский жених Владимир напоминает некоторыми чертами Михаила Войнича. «Она напишет книжку об английской девушке ,– передает исследовательница творчества Войнич Е.Таратута рождение этого замысла.- Она хорошо знает эту суровую, впечатлительную, но сдержанную девушку. Святость человеческой личности для нее выше всего. Оливия Лэтем - так зовут эту девушку – горячо любит русского. Он прекрасен. Львиная грива рано поседевших волос, высокий лоб – у него голова Люцифера. Это настоящий человек. Он революционер. В Англии таких, как он, называют нигилистами. Он отдал свою жизнь борьбе за освобождение родины. Оливия любит его. Но Владимир – его зовут Владимир Дамаров – он тяжело болен, у него чахотка, которую он получил в тюрьме. » / 2,177-178 /.

Экспозиция романа занята историей отца героини: это история человеческой капитуляции. Альфред Лэтем окончил Кембридж и вместо научной карьеры избрал дорогу учителя: его заветной идеей было народное образование. Тяжелая работа, нужда, нападки благонамеренных родных сломили его решимость и вместо самоотверженного труда на ниве просвещения он стал директором банка и скучным семьянином. В глубине души Оливия знает, что отец сожалеет о своем малодушии; сама она бесстрашно становится сиделкой в больнице для бедняков. Знакомство с Владимиром Дамаровым и вспыхнувшая любовь и обручение – поворотный пункт в ее судьбе.

Первая часть романа посвящена пребыванию героини в России. Она выезжает туда к заболевшему жениху, самоотверженно выхаживает его. Драматические судьбы близких ему людей вплетаются в историю их отношений. Владимир в юности любил девушку Ванду, сестру своего старшего друга, польского революционера, врача Карола Славинского. Ванда также участвовала в их деятельности. В тюрьме она подверглась домогательствам тюремщика и покончила с собой. Ее брат Карол потерял здоровье в заключении. Владимир пожертвовал ради революционной деятельности своим талантом скульптора и художника. Это мучает его: даже в бреду, в постели он мнет пальцами воображаемую глину, а похвальный отзыв знаменитого художника о его ранних работах причиняет ему боль. Но он уверен в правильности своего выбора. Тем более, что и в своем искусстве он тяготел к изображению протеста и бунта: его рисунки, которые высоко оценил знаменитый мастер, - это иллюстрации к знаменитой песне о Степане Разине «Из-за острова на стрежень»/текст Д.Н.Садовникова/, ее английский перевод, выполненный Войнич, включен в текст романа.

В нем живет жажда творчества: он любит природу, народные песни, русскую литературу, любит детей и рассказывает им чудесные сказки, которые придумывает сам. Сказка о Зеленой гусенице и волшебной стране

Завтрашнего Дня, в которой все гусеницы превращаются в бабочек – своеобразный символ мечты, проходящая через роман, - взята Лилиан Войнич из ее русского опыта. Эту сказку рассказывал своим детям и племяннику Николай Андреевич Караулов, брат Василия Андреевича Караулова, в чьей семье она жила, и она запомнила ее слово в слово.

Опыт общения с семейством Карауловых отражен в романе в нескольких аспектах. « У меня до сих пор, - писала Э.Л.Войнич в 1956году, - сохранилась фотография маленького Сережи, сына Василия и Паши Карауловых и его бабушки. Это была мать Василия, шведка по происхождению. В какой-то степени она послужила прототипом образа тети Сони в «Оливии Лэтем», а Костя срисован отчасти с Сережи. В шестой главе первой части этого романа Владимир рассказывает детям сказку о Зеленой гусенице и Стране Завтрашнего Дня. Эту сказку однажды рассказывал при мне Сереже и своим детям Николай Караулов». / Э.Л.Войнич.Автобиография/.

Сведения о Карауловых очень скудны. Братья Карауловы, Василий и Николай, были народовольцами, их обоих арестовали и В.А.Караулов был приговорен к четырем годам каторги. После отбытия срока каторги в Шлиссельбурге В.А. Караулов был переведен в дом предварительного заключения, куда Э.Л.Войнич носила ему передачи, самого заключенного она никогда не видела. Потом он был сослан в Сибирь, куда поехала его жена с сыном. Николай Караулов после отбытия заключения был сослан в дом родителей под надзор полиции и Э.Л.Войнич познакомилась с ним там, в доме Карауловых в селе Успенском Псковской губернии. Он скончался вскоре после отъезда Э.Л.Войнич из России, ему было всего тридцать два года. Осталась лишь чудесная сказка, пронизывающая роман, которая скрашивает тяжесть провинциальной российской жизни.

Эта жизнь отражена в романе без прикрас. Автор переносит читателя из холодного Петербурга в деревню, в усадьбу семьи Дамаровых. Их дом построен так, что он возвышается над нищетой крестьянских изб и словно кичится собой, но в нем нет покоя и счастья. Братья Владимира – опустившиеся, больные люди: Иван слабоумен и пьет, Петр, некогда подававший большие надежды студент университета, одержим карточной игрой и меланхолией, не раз покушался на самоубийство. Не лучше живут и простые крестьяне. « Повсюду бедность, забитость, темнота, невежество, - пишет об этих страницах романа И.М. Катарский. – С натуралистической подчас обстоятельностью рисует Войнич бессмысленную жестокость и грубость нравов крестьян». /3,25 /. Владимир видит все это и в разговоре с Оливией говорит об ответственности дворянства за то, что сложилось в деревне. В этих разговорах звучит то, что было передумано самой Лилиан Буль в России.

Ее российский опыт познания деревни связан также и с недолгим пребыванием в семье Э.И.Веневитиновой в имении Новоживотинном: желая лучше познать русскую действительность, она согласилась занять место гувернантки в этой богатой и известной семье и с мая по август 1887 года преподавала детям владелицы усадьбы музыку и английский язык. Она не нашла с ними общего языка: и в детях, и в других обитателях усадьбы она увидела немало негативных черт, которые были потом отражены в романе.

Кульминация первой части романа – арест больного Владимира Дамарова и его гибель в тюрьме, где ему не было оказано никакой медицинской помощи. В мучительном марафоне по официальным кабинетам, куда обращается Оливия Лэтем в надежде узнать что-либо о судьбе Владимира и получить

свидание с ним, отражены страницы русского опыта Э.Л.Войнич. Героиня чувствует страшное давление холодной бездушной государственной машины, произвол и наглость чиновников и жандармов, ее гоняют из здания в здание, на нее сыплются оскорбления и насмешки. Единственный, кто поддерживает ее в эти страшные дни – это друг Владимира Карол Славинский, сам ненадолго отпущенный из мест высылки. Напряженные страницы завершаются гибелью Владимира в Петропавловской крепости, в одиночке, он уже похоронен на пустыре, где хоронят умерших заключенных. Это конец любви Оливии и начало ее безумия: она одержима страшной фобией, что Владимира могли похоронить живым. Ее настойчиво повторяющимися вопросами об этом, которые она не перестает задавать Каролу, провожающему ее на вокзал, и завершается первая часть.

Вторая часть романа посвящена моральному и физическому выздоровлению героини, которая после приезда в Англию заболела депрессией в самой тяжелой форме и едва не лишилась рассудка и жизни. Положение осложнено тем, что мать, отец и сестра не знают, что случилось с нею, и только ухудшают состояние больной. Горе отдалило ее от всех людей и лишило эмоций.

Недаром местного священника Дика Грея, который неравнодушен к Оливии и с тревогой наблюдает за ее состоянием, ужасает эпизод, который он видит во время прогулки «She turned slowly away from him; and he, watching her as she walked down the path, saw her pause beside a red-tipped daisy that looked up at her out of the wet grass with its wide, confident gaze. Cold dread fell upon him as she crushed the wee white thing deliberately under the heel of her shoe. She walked on, and he stood looking after her in dreary wonder. »/1,141/

Дику Грею неизвестно то, что позже узнает приехавший к Оливии Карол Славинский: ею овладела безумная мысль вернуться в Россию и убить, причем обязательно заколоть ножом, одного из тех, кто издевался над нею, когда она вне себя от горя рвалась в тюрьму, где умирал в одиночке Владимир Дамаров. Оливия близка к гибели, и помочь ей может лишь один человек – врач по профессии, посвященный в обстоятельства, приведшие ее к болезни, - Карол Славинский.

Каролу удалось вырваться из России и приехать в Англию. Он удерживает Оливию от ее безумного плана, убеждает ее поехать в Лондон и работать в приюте для литовских крестьян – эмигрантов, который основал в период своего пребывания в Англии Владимир Дамаров, а также в редакции польской газеты, которую издают в Лондоне и тайно переправляют в Польшу. Он действует как опытный психотерапевт: запрещает родным Оливии на три месяца всякое общение с ней, включая письма. Результаты благотворны: занятая работой, избавленная от травмирующей ее опеки родных, Оливия медленно идет к выздоровлению.

Фигура Карола во второй части романа выдвинута на первый план. Он перенес значительно больше, чем Оливия. Он прошел через ад каторги, его отец казнен, мать умерла в тюрьме, сестра покончила с собой в тюремной камере. Он тщательно скрывает от всех свою болезнь: у него редкое заболевание двигательного аппарата, ведущее к параличу и смерти, процесс может остановить лишь длительный постельный режим, что невозможно при его образе жизни. Он посвящает в дела Оливию, надеясь, что она сможет его заменить – ему уже трудно ходить. Ситуацию решает случай: стремясь скорее уладить дела, Карол решается на краткий нелегальный визит в Россию и ранен

пограничной охраной. Несколько месяцев, проведенные им в постели, пока не срослась раздробленная пулей нога, - останавливают роковое течение его заболевания.

